

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

1

ЯНВАРЬ

1965

А Л М А Т Ы

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XLIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

1

ЯНВАРЬ

1965

МАЗМҰНЫ

Бас мақала — Партиялық іскерлік — қазіргі басты талап	3
Барлығы адам игілігі үшін	8
К. Шаңғытбаев — Шалқар шаттық, үлкен үміт (жаңа жылдық публицистика)	13
Т. Жұмағазин — Қазіргі шаруаның коммунистік сана-сезімінің қалыптасуы	17
С. Федюкин — Коммунистік еңбек қозғалысы және халықтар достығының онан әрі нығаюы	22
Б. Двоскин, Н. Сатыбалдин — Өнеркәсіп тораптарын жан-жақты дамыту жайлы (мәселе қою ретінде)	26
В. Путинцев — Құрылысты жобалау — маңызды мәселе	31
Б. Қайымов — Астықтың тапсыру бағасы жайында	35
Ә. Сәрсенбаев — Маңкыстау мұнаралары (очерк)	39

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

✓ С. Бәйішев — Коммунистік құрылыстың халықаралық маңызы (бесінші тақырыпқа)	43
Партия Программасында социалистік мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімнің дамуы (алтыншы тақырыпқа методикалық кеңес)	49

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

В. Крамынин — Экономика — негізгі бағыт	57
А. Әкімғожин — Коммунист бәріне де жауапты	60
Ф. Латыпов — Мәдени-үгіт алаңы	62
Ж. Орыспаев, М. Сигал — Еңбек шеберлерінің университеті	65

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ә. Ахметов — Халық бақылаушысының кітапханасы	68
---	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Адам қамын ойласақ...	71
-------------------------------	----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

Б. Мәдиев — Африка айыптайды	74
Партия тұрмысының хабарлары	78
«Қазақстан коммунисті» — ақылшы досың!	79
«Қазақстан коммунистінің» оқушыларына	80

СОДЕРЖАНИЕ

Передовая — Деловитость — требование жизни	3
Все для блага народа	8
К. Шангитбаев — Победной поступью (новогодняя публицистика)	13
Т. Жумагазин — Рост коммунистической сознательности колхозного крестьянства	17
С. Федюкин — Роль коммунистического труда в укреплении дружбы народов	22
Б. Двоскин, Н. Сатыбалдин — За комплексное развитие промышленных узлов	26
В. Путинцев — За улучшение проектных работ	31
Б. Канмов — О совершенствовании закупочных и сдаточных цен на зерно	35
А. Сарсенбаев — Золотое дно Мангышлака (очерк)	39

В ПОМОЩЬ ИЗУЧАЮЩИМ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ

С. Баишев — Международное значение строительства коммунизма в СССР (к пятой теме)	43
Развитие марксистско-ленинского учения о социалистическом государстве в Программе КПСС (к шестой теме)	49

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

В. Крамынин — Экономика — главная сфера партийного руководства	57
А. Акимгожин — Коммунист за все в ответе	60
Ф. Латыпов — Новое в агитационной работе	62
Ж. Орыспаев, М. Сигал — Университет коммунистического труда	65

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ


А. Ахметов — Библиотечка народного контролера	68
---	----

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Бытовое обслуживание — актуальная тема местных газет	71
--	----

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОБЗОР

Б. Мадиев — Африка обвиняет	74
Хроника партийной жизни	78
Заметки о распространении журнала	79
К читателям журнала «Казахстан коммунист»	80



Партиялық іскерлік— қазіргі басты талап

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен экономиканы өркендетуде, еңбекшілердің әл-ауқаты мен мәдениетін жақсартуда жылдан-жылға жаңа табыстарға жетіп келе жатқаны баршаға аян. Алайда, партияның Орталық Комитетінің атап көрсеткеніндей, соңғы жылдары субъективизм мен асығыстықтан туған кейбір ұйымдық шаралар шаруашылыққа теріс әсер етпегенде, біздің бұл табыстарымыз қазіргіден әлдеқайда мол болатын еді. Сондықтан да лениндік Орталық Комитеттің ноябрь Пленумы партия ұйымдарын өндірістік принцип бойынша құру туралы осыдан екі жыл бұрын жүргізілген шараларды жан-жақты талқыға салып, өнеркәсіп және село облыстық, өлкелік партия ұйымдары мен совет органдарын біріктіру туралы шешім қабылдады.

Партия ұйымдарын өндірістік принцип бойынша құру қалай туып еді және ол қазір неге қайта қаралды? Партияның XXII съезі халық шаруашылығына, елдің бүкіл саяси өміріне партия басшылығын мейлінше күшейту міндетін алға қойғаны белгілі. Съезд нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Орталық Комитет партиялық жұмыстың әдістерін жетілдіру, шаруашылық пен мәдениет құрылысына партиялық ықпал жасаудың жаңа амалдарын іздестіру шараларына ерекше көңіл бөлді. Партия ұйымдарының алдына басшылықты өндіріске жақындата түсу, шаруашылық мәселелерді дер кезінде, білгірлікпен, жедел шешіп отыру міндеті қойылды.

Міне осы жағдайда Орталық Комитетке экономиканы тез өрге бастырып, оған партия ықпалын күшейту үшін партияның ұйымдық құрылымының өзін өзгерту керек деген ұсыныс түсті. Ол ұсыныста партия ұйымдары мен олардың басшы органдарын төменнен жоғарыға дейін өндірістік принцип бойынша құру, яғни өз алдарына селолық және өнеркәсіптік дербес партия ұйымдарын құру көзделді.

Былай қарағанда бұл ұсыныстың дәлелді жақтары бар көрінді. Неге десеніз, онда партия органдарының шаруашылық құрылысқа жауапкершілігін арттырудың, партия басшылығын өндіріске жақындата түсудің жаңа, тың жолы сөз болған еді. Сонымен қатар бұл ұсыныстың күмәнді жақтары да болды. Партия ұйымдарын өндірістік принциппен құру XXII съезд қабылдаған КПСС Уставының талаптарына қайшы келеді, ол өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы ұштаса дамыған өлкедің, облыстың, ауданның біртұтас саяси-шаруашылық организмін қолдан бөлшектеуге соқтыруы ықтимал деген күдік айтылды.

Өткен екі жыл партия органдарын өндірістік принцип бойынша құрудың дұрыс-бұрыстығын, артық-кемін өмір тәжірибесінің өзімен тексеріп көруге мүмкіндік берді.

Орталық Комитеттің ноябрь Пленумы жаңадан құрылған өнеркәсіп және селолық партия комитеттері мен олардың қызметкерлері өздеріне жүктелген міндетті жауапкершілік сезіммен атқарғанын, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін қажырлы еңбек еткенін атап көрсетті. Алайда, партия органдарының, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының екіге бөлінуінен туған қиыншылықтардың көптігі сонша-

лық, бұл қайта құрудың жақсылығынан кемшілігі басым екеніне ешқандай күмән қалмады.

Ең алдымен, бұрын біртұтас әкімшілік-шаруашылық буын болып келген аудан енді екіге жарылды. Мұның өзі партия, совет, шаруашылық органдарының саяси-экономикалық мәселелерді бірлесіп, ақылдасып-шешуіне қиындық келтірді, халыққа қызмет ету ісінде көптеген кедергі мен қолайсыздық туғызды. Жиі-жиі қайта құру кадрларды іріктеу, тәрбиелеу ісін қиындатып жіберді, оларды бір жерден екінші жерге орынсыз ауыстыра беруге соқтырды, жұмысшы табы мен шаруалардың ынтымағын нығайту мүддесіне нұқсан келтірді.

Міне, осы жағдайларды және партия ұйымдарын өндірістік принциппен құрудың басқа да осал жақтарын еске ала отырып, Орталық Комитеттің ноябрь Пленумы партия ұйымдарының құрылымын КПСС Уставына, партия мен бүкіл қоғамымыздың даму мүдделеріне сәйкестендіру қажет деп тапты. Ноябрь Пленумы өнеркәсіп және село облыстық, өлкелік партия ұйымдары мен совет органдарын біріктіру туралы шешім қабылдағанда В. И. Лениннің: «...оңды-солды қайта құрудың керегі жоқ, қайта осы күнге дейін істелгенді мейлінше пайдалана білу керек. Жалпы қайта құру дегенді мүмкін болғанынша азайту керек, біздің басты мақсатымызға жету үшін іскерлік, практикада сыналған, қол жеткен нәтижелермен тексерілген шараларды, тәсілдерді, әдістерді, нұсқауларды мүмкін болғанынша көбірек қолдану керек...» (Шығармалар, 30-том, 401—402-беттер) деген нұсқауын басшылыққа алды.

Партия ұйымдары ноябрь Пленумының шешімдерін белсенділікпен жүзеге асыруда. Барлық одақтас республикадағы сияқты, Қазақстанда да орасан зор саяси өрлеу жағдайында облыстық партия конференциялары болып өтті. Ол конференцияларда біртұтас облыстық партия комитеттері сайланып, әр облыстың өнеркәсібінде де, ауыл шаруашылығында да еңбек ететін барлық коммунисті біріктіретін біртұтас партия ұйымдары қалпына келтірілді, партиялық-мемлекеттік бақылаудың облыстық органдары біріктірілді.

Облыстық партия конференцияларының қай-қайсысында болса да, делегаттар КПСС Орталық Комитеті октябрь және ноябрь Пленумдарының шешімдерін бірауыздан қуана мақұлдады, партия ұйымдарының коммунистік құрылысқа басшылығы мен ықпалын күшейте түсу, өз облыстарының экономикасы мен мәдениетін тезірек өркендету, халыққа қызмет ету ісін мейлінше жақсарту және өмірлік маңызы мол басқа да мәселелер жөнінде келелі әңгіме қозғады.

Қазір партия ұйымдарының аудандық буындары құрылуда. Бұл жөнінде біртұтас облыстық, өлкелік партия комитеттерінің аса жауапты жұмыс жүргізуіне тура келеді. Орталық Комитет аудандық партия комитеттерінің құрылымын асықпай-аптықпай, мейлінше мұқият қарауды талап етіп отыр. Аудандық комитеттердің құрылымы жергілікті жағдайдың ерекшелігі ескерілетіндей, сол аудандағы шаруашылық пен мәдениет құрылысының мүдделеріне сай келетіндей болып белгіленуге тиіс.

Аудандық партия ұйымдарының кадрларын іріктеуге, орналастыруға айрықша көңіл бөлу керек. Әрбір аудандық комитеттің аппаратында қолынан іс келетін, саяси даярлығы жеткілікті, партиялық жұмысты жан-тәнімен сүйетін, жаңалыққа жаны құмар, инициативалы адамдар отыруға тиіс. Өлкелік, облыстық органдарды біріктіру нәтижесінде бірсыпыра қызметкердің босағаны белгілі. Кадрлардың осы резервін аудандық партия ұйымдарын нығайту үшін ұқыпты пайдалану қажет. Бұл істе әрбір қызметкердің мамандығы, білімі, тәжірибесі, мүмкіндігіне қарай өзінің талап-тілегі де ескерілетін болсын.

Орталық Комитет партия ұйымдарынан мына жағдайға көбірек назар аударуды талап етті. 1962 жылға дейін аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің жұмысында да, кейіннен құрылған өндіріс-

тік парткомдардың, село және өнеркәсіп облыстық партия комитеттерінің қызметінде де еңбекшілер бұқарасын партияның сара жолын жүзеге асыруға жұмылдыру жөнінде жинақталған бай тәжірибе бар. Осы тәжірибе мұқият зерттеліп, қорытылып, партиялық басшылықтың әдістері мен түрлерін жетілдіре түсу, жергілікті партия ұйымдарының жауынгерлігін арттыру мақсатына пайдаланылуға тиіс.

Сонымен қатар партия органдарының жұмысында ұйымдық құрылымға қатысы жоқ кемшіліктердің, айталық, құрғақ даурықпаға салыну, мәжілісқұмарлық, шаруашылық органдардың қызметіне орынды орынсыз қол сұға берушілік, бюрократтық сияқты олқылықтардың болып келгенін, қазірде де бар екенін жасыруға болмайды. Мысалы, Шымкент облысындағы Сайрам, Сарыағаш өндірістік партия комитеттерінің жұмыс стилінде елеулі кемшіліктер орын алып келді. Бұл аталған партия комитеттері мен олардың бюро мүшелерінің қолхоз-совхоз өндірісіне көбінесе кеңседе отырып басшылық жасағанды ұнататыны, әрбір шаруашылықтың нақты жағдайын терең талдап, соған лайық ұйымдастыру шараларын жүргізу, аудан экономикасын көтерудің түбегейлі мәселелерін шешу орнына, бюро мәжілісі сайын шаруашылық басшыларын топ-тобымен шақырып, шетінен партиялық жаза берумен әуестенетіні жиі сыналып жүр.

Сондай-ақ Қарағанды облысындағы Шахта қалалық партия комитеті де коммунистердің өндірістері жетекшілік ролін көтере алмай келеді. Қала бойынша тікелей өндірісте істейтін 1043 коммунистің 348-і ғана коммунистік еңбек жолындағы жарысқа қатысады. Бұл — мұндағы коммунистердің елеулі бөлегі партияда жоқ жұмысшыларға өнеге көрсете алмай жүр деген сөз. Қалалық комитет кәсіпорындарда еңбек тәртібін нығайту, өнім сапасын жақсарту, өндіріс алаңын, техника қуатын тиімді пайдалану, еңбек озаттарының тәжірибесін насихаттау мәселелерімен қанағаттанғысыз шұғылданады. Сондықтан бұл қалада өндірістік жоспарын орындамайтын кәсіпорындардың қатары соңғы кездері азаю орнына, көбейіп барады.

Мұндай кемшіліктер республиканың басқа да кейбір партия ұйымдарынан кездеседі және де олар аудандық, қалалық комитеттердің ұйымдық құрылымын өзгерте салумен өздігінен жойылып кете қоймайды. Кемшіліктерді жою үшін ең алдымен партиялық жұмыстың стилін жақсарту керек. Құрғақ даурықпадан, мәжілісқұмарлықтан, кеңседе отырып ақпар жинаудан арылып, жер-жердің өзінде нақты ұйымдастыру жұмысын күшейту қажет. Партия қызметкерінің негізгі өрісі өндірісте, еңбек адамдарының, коммунистердің арасында болуға тиіс.

Қазіргі кезеңде партия әрбір кәсіпорында, құрылыста, транспортта өнімнің сапасын жақсартып, түсер құнын кеміту, ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылығының артта қалуын жою, адамдардың өз еңбегінің нәтижесіне материалдық ынтасын арттыру, тұрғын үй құрылысын өрістету, сауда жұмысын, халыққа қызмет көрсету ісін мейлінше жақсарту сияқты шаруашылық құрылыс міндеттерін бірінші кезекке қойып отыр. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыру керек. Неге десеңіз, партия коммунистік құрылыстың барлық саласына өз басшылығын бастауыш ұйымдар арқылы жүзеге асырады. Бастауыш партия ұйымдары өзінің жаратылысы жағынан қайнаған өмірге, материалдық және рухани игіліктер өндіріп жатқан еңбек адамдарына, қалың бұқараға ең жақын тұрған буын. Бастауыш ұйымның әрбір коллективтегі нақты жағдайды жетік білуге, кәсіпорынның немесе колхоз, совхоздың мықты жағы мен осал жақтарын күнбе-күн көріп, кемшіліктерді іс үстінде жойып отыруға, бұқараның көңіл күйін, талап-тілегін дұрыс бағдарлап, еңбекшілердің күш-жігерін, творчестволық шабытын коммунистік құры-

лық ісіне белсенді жұмылдыруға бай мүмкіндігі бар. Бұған бір мысал келтірейік.

«Қастек» қой совхозы — Алматы облысындағы ірі шаруашылықтардың бірі. Совхоз асыл тұқымды қой өсіруде, мал басын көбейтіп, өнімнің түсер құнын кемітуде бүкіл республика бойынша ең алдыңғы орындардың біріне ие болып келеді. Совхоз коллективінің еңбектегі бұл жеңісінде партия ұйымының да елеулі үлесі бар. Неге десеніз, партия ұйымындағы коммунистердің басым көпшілігі шаруашылықтың ең жауапты учаскелерінде еңбек етеді. Олар өздері жүрген жерде қоғамдық мүддеге коммунистік көзбен қараудың, адал еңбектенудің өнетесін көрсетуде. Совхоздағы жақсы бастаманың қайсысын болса да ең алдымен көтеретін осы коммунистер.

Совхоз партия ұйымы дирекцияның қызметіне қол сұқпайды, уақыт үйек шаруашылық істерге орынсыз араласа бермейді. Қайта совхоз экономикасын үздіксіз өрге бастырудың ең келелі мәселелерін байыпты зерттеп, коллективтің күш-жігерін соларды шешуге бағыттайды. Партия ұйымы тек коммунистердің ғана емес, совхоздағы әрбір жұмысшының қалай еңбек ететінін, қоғамдық өндірісте, семьяда өзін қалай ұстайтынын жақсы біледі, еңбекте үздік шыққан адамдарды дер кезінде қолдап, көтермелеп отырады. Осыдан барып, бұл совхозда өндірістік тапсырманы үнемі асырып орындаушылардың қатары жылдан-жылға көбейе түсуде.

Бірақ, амал не, шаруашылық әкімшілігінің қызметіне бақылау правосын жеткілікті пайдаланбайтын, коллективтің өндірістік көрсеткішін жақсартуға жөнді ықпал жасай алмай жүрген бастауыш партия ұйымдары да жоқ емес. Кейбір бастауыш партия ұйымы коммунистердің арасындағы жұмыстың өзін босаңсытып жіберген. Мысалы, Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының Ленин атындағы колхозында өндірісте істейтін коммунистердің көбісі қажырлы еңбектің үлгісін көрсете алмай жүр. Мұндағы бес коммунист шопанның бесеуі де төл алу, жүн қырку жөніндегі міндеттемелеріне маңайламастан қалды. Қызылша өсіретін коммунистер де қант қызылшасынан жыл сайын төмен өнім алып жүр. Бірақ бұл жағдай колхоз партия ұйымын ойландырар емес.

Осы облыстағы Қордай ауданының «Путь Ильича» колхозының партия ұйымында да нақ осындай жағдай орын алып отыр. Бұл колхозда жеті жерден бастауыш партия ұйымы құрылған екен. Бірақ іс жүзінде бұл жеті ұйымның жетеуі де мардымды жұмыс жүргізіп отырған жоқ. Олар керек десе, жыл бойына коммунистердің басын қосып, бір рет жиналыс та өткізбеген. Мұндай жағдайда бастауыш партия ұйымының өндіріске ықпалы туралы сөз етуге бола ма?

Бастауыш ұйым — партияның негізі. Бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жолға қоймайынша, шаруашылық құрылысқа партия басшылығын жақсарту мүмкін емес. Сондықтан аудандық, қалалық, облыстық партия органдары бастауыш ұйымдардың жұмысындағы үстірттікті, тайыздықты, формализмді жойып, олардың жауынгерлік қабілетін арттыру үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануға тиіс. Бұл үшін бастауыш ұйымдардың секретарьларына, бюро мүшелеріне қойылатын талапты күшейту қажет.

Республикадағы бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары болып өткені мәлім. Демек, көп жерде партия ұйымының секретары жаңадан сайланып, партия бюросының құрамы жаңғырды. Олардың көбінде теориялық білім, іскерлік қабілет, ынта-ықылас бар болғанымен, партиялық жұмыстағы тәжірибе жетімсіз. Міне, соларды тәрбиелеу, шындау, партиялық ұйымдастыру жұмысының тәжірибесімен қаруландыру — аса маңызды міндеттердің бірі. Көптеген партия комитеті бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына арнап семинарлар, арнаулы курстар ұйымдасты-

руда. Көп жерде партия, совет қызметкерлерінің мектебі жұмыс істейді. Партия активін даярлаудың мұндай әдістерін барлық жерде қолданып, дамыта берген мақұл.

Коммунистік партияның күші — оның халықпен тығыз байланысында. Сондықтан партияның қатардағы мүшесінен бастап басшы қызметтегілерге дейін осы байланысты нығайта беруге қамқорлық жасауға тиіс. Партия, совет қызметкерлері бұқара арасында салтанатты жиналыстарда ғана емес, күнбе-күн болып, нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізуге міндетті. Еңбек адамдарымен ауызба-ауыз әңгімелесіп, ақылдасып отыру, олардың хал-жағдайын, көңіл-күйін біліп, талап-тілегіне, ұсыныс-пікіріне ұдайы мұқият құлақ асып отыру керек. Халықтан үйрене білу, бұқараның өмір сынынан өткен бай тәжірибесін қастерлеп пайдалану — партия ұйымдарының, басшы қызметкерлердің абыройлы борышы.

Алайда, қайсы бір басшы қызметкердің осы талапты кейде ұмытып кететінін жасыруға болмайды. Лауазымы сәл жоғарыласа болғаны, дандайсып, еңбек адамдарына менменсі қарайтын, кәсіпорын цехтарына, колхоз, совхоз бригадаларына баратын жолды ұмытып қалатын қызметкерлер де жоқ емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының партия конференциясында делегаттар облыстағы кейбір басшы қызметтегі жолдастардың әкімгершілікке әуестігін, шаруамен барған кісілерді қабылдамай әуреге салатынын, дәрекі, оғар мінез көрсететінін, қарапайым жұмысшылармен, колхозшылармен кездесуден, әңгімелесуден бойын аулақ салып жүретінін әділ сынады, ондай басшыларды тәртіпке шақыру керек деп орынды талап қойды.

Партия ұйымдары облыстық партия конференцияларында айтылған мұндай сын-ескертпелерден қорытынды шығаруға тиіс. Бұқарамен байланыс, бұқараға сүйену — біздің коммунистік құрылыста табысқа жетуіміздің аса маңызды шарттарының бірі екенін әсте ұмытуға болмайды.

Биыл — жетіжылдықтың соңғы жылы. Бұл алып жылдың міндеттері де орасан зор. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің жуырда болып өткен сессиясы республика халық шаруашылығын өркендетудің 1965 жылға арналған жоспарын қабылдады. Ол жоспарда өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету, халықтың әл-ауқаты мен мәдени жағдайын жақсарту түсу жөнінде күрделі шаралар белгіленген.

Бұл орасан зор міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне еңбекшілердің барлық күш-жігерін жұмылдыру керек. Ол үшін саяси ұйымдастыру жұмысын мейлінше өрістетуге қажет. Өнеркәсіп коллективтерінің алдында әрбір шаршы метр өндіріс алаңын, техника қуатын тиімді пайдалана отырып, жана жылдың алғашқы айларынан бастап-ақ мемлекеттік жоспардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері техниканы, жерді, тұқымды, тыңайтқышты көктемгі егіске сақалай сай етіп, бригада, звено мүшелерін, механизаторларды жақсы даярлап, барлық дақылдан мол өнім алуға қажетті шаралардың бәрін мықтап қолға алмақшы. Қоғамдық малды қыстан күйлі шығарып, әр аналық малдан төл алынуын қамтамасыз етуде — аса маңызды шаруашылық міндеттердің бірі.

Міне, партия ұйымдары, коммунистер республика еңбеккерлерінің осы міндеттерді орындау жолындағы қажырлы күресінің ұйымдастырушысы, бастаушысы болуға тиіс.

Барлығы адам игілігі үшін

Марксизм-ленинизм классиктері коммунистік қоғам құру міндеттерін жан-жақты ойластырып, белгілеген кезде, алдымен, оның экономикалық жағына баса назар аударған болатын. Коммунизм орнатуда экономикалық міндеттердің маңызы зор деп көрсетті К. Маркс пен Ф. Энгельс. В. И. Ленин бұл қағиданы байыта, дамыта отырып, коммунизмнің жеңісі үшін экономиканың шешуші роль атқаратынын дәлелдеді.

Жұмысшы табы өкімет билігін өз қолына алғаннан кейін саясаттан гөрі экономика, оны ұйымдастыру, басшылық ету істері бірінші кезекке қойылады деп үйретті Ленин. Мұның ақиқаттығын еліміздегі социалистік, коммунистік құрылыстың бүкіл практикасы, іс жүзінде растап беруде.

Маркстік-лениндік жеңімпаз іліммен қаруланған, оның қағидаларын творчестволықпен басшылыққа алған Коммунистік партия елдің өндіргіш күштерін онан әрі дамытуды, экономиканы мықтап өрге бастыра беруді негізгі бағыттың бірі деп есептейді. Партияның Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың экономикалық басты міндет болып қойылуы да осыдан.

Социалистік өндірісті дамытудың түпкі мақсаты — еңбекшілердің тұрмыс күйін оңдай беру. Адам үшін, халықтың игілігі үшін — елімізде коммунизм орнату жолындағы күллі экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық саяси іс-әрекеттің бәрі осы ізгі де қасиетті мақсатқа бағындырылған.

Коммунистік құрылыстың барлық саласында партия мен үкіметтің қолданып келе жатқан елеулі шаралары осы мақсатты көздейді. Мұны жуықта болып өткен СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы тағы да дәлелдеді. Сессия еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің 1965 жылға арналған мемлекеттік жоспарын және мемлекеттік бюджетті бекітті. Совет парламенті қабылдаған Заңдар мен қаулылардың маңызы ерекше. Сессия коммунизм орнатып жатқан Отанымыздың күш-қуатын, қорғаныс қабілетін нығайту, еңбек адамдарының тұрмыс-күйін жақсартта беру саласында жетіжылдықтың соңғы жылы — 1965 жылы шығар жаңа да заңғар биік белестерді, алынар асуларды айқындап берді.

Биылғы мемлекеттік жоспардың өзіне тән ерекшеліктері бар екенін айтқан жөн. Осындай аса маңызды ерекшеліктің бірі — ұлттық табыстың едәуір өсуі, соның негізінде совет адамдарының материалдық-мәдени дәрежесінің артуы. Биыл ұлттық табысты былтырғы 5 процент орнына 8 процент көбейту ұйғарылды. Сонда тек бір жылда ғана ұлттық табыс 14 миллиард сомнан астам көбеймекші. Бізде бұрын бір жыл ішінде ұлттық табыстың осыншама үрдіс өсуі еш уақытта да болып көрген емес. Осы фактінің өзі-ақ бейбіт тұрмыс құрып жатқан біздің Отанның күдіреті күшті екенін, шаруашылықтың социалистік системасының орасан зор артықшылығын сыпаттайды.

Жетіжылдықтың соңғы шешуші жылында елдің өнеркәсібін өркендету қарқынын едәуір шапшаңдату жоспарланды.

Ауыр өнеркәсіптің жаңа жылда зор көлемде, жедел өркендетілеті-

нің Советтік Қазақстанның мысалынан да көруге болады. Республиканың өнеркәсіп өнімі былтырғыдан 10,6 процент өсірілуге тиіс. Химия металлургия, энергетика, машина жасау сияқты маңызды салалар мен тамақ өнеркәсібі мықтап өркендетіледі. Жамбыл электр станциясы мен Павлодардың № 3 орталық бу электр-станциясын салу өрістетіледі. Қапшағай су электр станциясын салу қолға алынады. Республика бойынша энергетиканы дамытуға 110 миллион сом күрделі қаржы бөлінген. Соны игеру есебінен электр станцияларында 372 мың киловатт қуат іске қосылмақ. Көмір өнеркәсібінің шахталарында көмір шығару былтырғыдан 3,2 миллион тонна арттырылады. Бұдан былай мұнай өндірудің Одақтық балансында Қазақстанның алатын үлесі едәуір өспек.

Кереметі көп химия өнеркәсібінің тамаша болашағы сызылды. Минералдық тыңайтқыш, күкірт қышқылын, фосфорит шикізатын өндіру көлемі мықтап ұлғайтылады. Химия өнеркәсібінде бар кәсіпорындарды қайта құру, жаңа заводтар салу шараларына бөлініп отырған қаржы 1962 жылғыдан үш есе, 1964 жылғыдан бір жарым есе артық. Қаржыны, шикізатты, отынды, материалды неғұрлым тиімді пайдаланып, жоспарланған өндірістік қуаттың дер кезінде іске қосылып, өнім беруін қамтамасыз ету — халық шаруашылығы советтерінің, жоспарлау комиссиясының және басқа да министрліктер мен ведомстволардың түбегейлі міндеті.

Өндірістік жоспарлардың орындалу тағдырын, ең алдымен, еңбек өнімділігін еселеп арттыру шешеді. Ал еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторы — техникалық прогресті өрістетуге болып саналады. Өнеркәсіпте жаңа техниканы енгізу, өндірісті ұйымдастыруды онан әрі жақсарту, өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру бағытында ірі шаралар іске асырылады. Республикада жаңадан 59 технологиялық процесті, 277 үздіксіз өндіріс линиясын, 427 автомат және жартылай автомат станок пен машинаны өндіріске енгізу жобаланған. Сондай-ақ 130 өндіріс учаскесі, 22 кәсіпорын түгел механикаландырылады.

Күрделі құрылысты өрістетудің де зор программасы белгіленді. Өйткені, экономиканы, мәдениетті дамыту, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету жайын жақсарту күрделі қаржының көлеміне, оны тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Бізде күрделі құрылыстың аумағы бұрынғыдан едәуір өспек. Осы мақсат үшін 2 миллиард сомнан астам қаржы игеріліп, 150-ге жуық жаңа кәсіпорын іске қосылады.

Отанның күш-қуатын арттыра түсуде, халықтың тұрмыс күйін көтере беруде ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың да маңызы зор. Сессияда атап көрсетілгеніндей, соңғы жылдары экономиканың бұл маңызды саласында жоспарлы тапсырманың біразы орындалмай қалды, ауыл шаруашылығына басшылық ету ісінде кейбір қателікке жол берілді. Социализмнің негізгі принципін — адамдардың еңбегіне қарай ақы төлеу принципін дәйекті қолданылмауы, әкімшілік етумен, ұйымдастыру, басшылық жұмыстарын ұдайы қайта құрумен әуестенушілік ауыл шаруашылық өндірісінің дамуына залалды зардабын тигізді. Бұрнағы жылда ауа райы жағдайы да шаруашылыққа қолайсыз әсер етті. Былтыр егіншілік саласында кейбір табысқа қол жетті. Бірақ тұтас алғанда ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылығының артта қалуы әлі жойылып біткен жоқ.

Мұндай кемшіліктен Қазақстан да арыла алмай келеді. Бірсыпыра жерде малды күтіп бағу нашар, фермаларда қоғамдық мал үшін адамдардың жауапкершілік сезімі арттырылмаған. Малдың шығыны көп. Содан барып, мысалы, қой саны кеміп кетіп отыр. Республика былтыр мемлекетке ет, жүн сату жоспарларын орындай алмай, Отан алдында борышты болып қалды. Суармалы егіншілікті дамытуда, шөл және шөлейт жайылымдарды игеруде, ол жерде жаңа совхоздар ұйымдастыруда, ауыл шаруашылық техникасын пайдалануда елеулі кемшіліктер бар.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңа міндеттер алға қойылып отыр. 1965 жылғы жоспарға сәйкес Қазақстан биыл мемлекетке 864 миллион пұт астық, 1900 мың тонна қант қызылшасын, 70 мың тонна макта, 900 мың тонна ет, 1550 мың тонна сүт, 86 мың тонна жүн сатуға тиіс. Мұны іске асыруға мүмкіндік жеткілікті. Ысылған, тәжірибесі мол кадрымыз бар, совхоздар, колхоздар маңдайалды техникамен жарақтандырылған. Мемлекет ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатымен тағы да көп көмек көрсеткелі отыр. 1965 жылы республикамызға 22,6 мың трактор, 8,8 мың астық комбайны, тағы басқа көп техника беріледі. Енді мәселе осы көмекті шебер пайдалана білуде болып отыр.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жоспарлау практикасын жетілдіру, жергілікті инициативаны өрістету, кейбір өнімді сатып алудың мемлекеттік бағасын арттыру, колхозшы, жұмысшы қызметшілердің көмекші шаруашылығына қойылған негізсіз шектеуді жою, минералдық тыңайтқыштарды өндіруді еселеп арттыру, село мұқтажына күрделі қаржыны көбейту — міне, осы шаралардың ауыл шаруашылығының артта қалуын жоюға мықтап көмектесетінінде күмән жоқ.

Мемлекеттік жоспардан, оның әрбір цифрынан совет адамына, оның игілігіне деген жаңа да шынайы қамқорлықты айқын көреміз. Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі халықтың тұрмыс күйін оңдауға бағытталатын шаралар жөнінде мәселе қарады, соны да ірі шаралар белгіледі. Жоғарғы Советтің сессиясы оны толық мақұлдады. Тұтыну заттарын өндіру қарқынын өндіріс құралдарын өндіру қарқынына жақындату шарасының белгіленуі назар аударарлық факті болып отыр. Ауыр өнеркәсіп салалары халық тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайтуға арналған машинаның түр-түрін, шикізатты, материалды бұрынғыдан көп бермек. Ауыр өнеркәсіп орындарында тоңазытқыш, кір жуғыш машиналар, телевизор көптеп шығарылады.

Биылғы жылдың өзінде халықтың нақты табысын әр адамға шаққанда 7 проценттен астам өсіру жоспарланған. Бұл соңғы алты жылдағы орташа мөлшерден екі еседен астам көп. Халықтың нақты табысы, алдымен, еңбекке төленетін ақыны көбейту есебінен өсірілмек. Өйткені, социализм жағдайында еңбекке қарай төленетін ақы халықтың қажетін өтеудің негізгі көзі болып табылады. Жұмысшылар мен қызметшілердің орташа жалақысы 4,5 процент арттырылатын болады. Бұл соңғы алты жылдағы орташа мөлшерден едәуір артық. Колхозшылардың табысы да көбейе түседі.

Партия Программасы қойған міндеттерге сәйкес елімізде соңғы жылдарда өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындарында, транспортта қызметкерлердің жалақысын арттыру, тәртіпке келтіру жөнінде көп жұмыс жүргізілді. Мұғалімдердің, дәрігерлердің, халыққа тікелей қызмет ететін саладағы өзге де қызметкерлердің жалақысын арттыру Заңы ойлағандай орындалып келеді. Осы заңды іске асыруды жылдамдату туралы шешім қабылданды. Мұны қалың бұқара асқан шаттықпен қарсы алды. 9 миллионнан астам еңбеккердің жалақысы бұрын белгіленген мерзімнен ерте көбейтіледі. 1965 жылдың 1 январынан бастап барлық жерде жалақының жаңа минимумы енгізіледі. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, сауда, халыққа қызмет ететін салада жұмыс істейтін өзге де қызметкерлер жалақының жаңа мөлшерін бұрын белгіленгендегіден жарты жыл ерте ала бастайды. Жұмысшылар мен қызметшілердің мүгедек болғанда, сол сияқты асыраушысынан айрылғанда қазір алып жүрген жәрдемінің минимум мөлшері осы жылдың ақырғы тоқсанында-ақ арттырылмақ.

Халыққа білім беру, ғылымды, мәдениетті өркендету, денсаулық сақтау, физкультура, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтық шараларына жұмсалатын қаржының арттырылуы да еңбекшілердің

игілігіне деген қамқорлықтың жарқын бір белгісі болып саналады. Енді бұдан былай колхозшы әйелдер екіқабат кезінде, бала туғанда жәрдем алып отырады. Көптеген колхозшы пенсия алатын болады.

Осы жылдың басынан бастап дәрі-дәрмектің бөлшек сауда бағасын кеміту, кейбір науқас адамдарға тегін босатылатын дәрі-дәрмек нормасын арттыру, сондай-ақ халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде белгіленген бірсыпыра шара еңбекшілердің тұрмыс күйін көтере беру мақсатынан туған.

Халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту — еңбекшілердің әлауқатын арттырудағы жалпы программаның тұтас бір бөлігі болып саналады. Биыл республикада халықтың тұрмыс қажетін өтеу жұмысының көлемі едәуір көбейтілмек. Осы міндетті абыроймен орындау мүддесі бұл саладағы жұмыстың дәрежесін жаңа биік сатыға көтеруді, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жүйесін көбейтуді, оларды жаңа техникамен жаратқандыруды, жұртқа қызмет ету мәдениетін арттыруды талап етеді. Мұны, әсіресе жергілікті советтер күнделікті жұмысында мықтап ескеруге міндетті.

Социалистік қоғам рухани байлығы мол өз мүшелерінің «тамағы тоқ, көйлегі көк» болуымен бірге тұрғын үй жағдайын ондауына да қамқорлық жасайды. Партия мен үкімет тұрғын үй құрылысына ерекше көңіл бөлуде. Соңғы екі-үш жылда тұрғын үй құрылысының көлемін кемітуге жол берілгенін орынды деп санауға болмайды. Бұл сессияда атап көрсетілді. Үстіміздегі жылы тұрғын үй құрылысының көлемі бұрынғыдағыдан едәуір артық болғалы отыр. Республикада 4,7 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады. Демек, биыл мыңдаған семья пәтер алып, жаңа қонысты тойлайды.

Талап-талғамы өсіп отырған совет адамдары өнімнің, товардың сырт пішіні көз тартарлық әдемі де әсем, сыпайы, төзімді де берік болуын қалайды. Міне, осыған орай қазір өнім сапасын жақсарту халық шаруашылығының ең басты, ең маңызды міндетінің біріне айналуда. Игерілген бұйым түрлерінің сапасын жақсартумен бірге ғылыми-техникалық жетістіктер мен қоғамның өсіп отырған қажетін ескере отырып, өндірілетін өнімді ұдайы жоспарлы түрде жаңарту көзделеді. Мұның өзі — өмір қажетінен, экономикамыздың даму барысынан туған талап. Дегенмен, оны елемей, сан қуалап, сапаға жүрдім-бардым қарайтын өнеркәсіп басшылары бар. Сапасыз өнім шығару деген не? Ол — шикізатты, материалды, электр қуатын, еңбекті зия кетіру, босқа шығын ету деген сөз. Бұдан былай кәсіпорындардың жұмысы негізінен өнімнің тұтынушылар талабына сай келетініне, сол өнімнің қалай өтіп жатқанына қарай бағаланады. Демек, қазір өнеркәсіп пен сауда орындары арасындағы байланысты күшейтудің маңызы арта түсуде.

Қазақстанда да сапасыз өнім шығару фактілері жиі кездеседі. Былтырғы жылдың тоғыз айында халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындары бірінші сөртпен шығарған сан алуан 164 мың товардың сапасы тексерілгенде өте қолайсыз жағдай анықталды. Бұл бұйымдардың 61 проценті бракқа шығарылып, кемістігін жөндеу үшін қайтарылып берілді. Мұндай фактілер басқа бұйымдар жөнінде де кездеседі. Бұған енді төзуге болмайды.

Сауда жұмысында да елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Көп ретте товар айналымының жоспары орындалмайды, күнделікті тұрмысқа қажетті товарлар кейде магазиндерде болмай қалады, тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениеті төмен. Бұл сияқты кемшіліктерді жоюға қатты назар аудару керек.

Партия мен үкімет ел экономикасын онан әрі өрге бастыру жөнінде алға зор міндеттер қоя отырып, өндірістің неғұрлым прогрестік салаларын ойдағыдай дамытуға, өндіріс салаларын бір-бірімен ұштастырып, сәйкестендіруге, кәсіпорындарды тиімді орналастыруға, жаңа техника

мен технологияны неғұрлым шапшаң игеруге, үнемі жетілдіре беруге, шаруашылық пен халық қажетін толық өтеу үшін өнім түрлерін батыл жаңартып, ұлғайтып отыруға шақырады.

Қазір өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жалпы экономикалық жұмыс дәрежесін көтерудің маңызы зор. Лениннің экономикалық жұмыс мәселелеріне зор маңыз бергені мәлім. «Экономика жайында көбірек жазу керек. Бірақ «жалпы» пайымдаулар мағынасындағы экономика емес... бізге жаңа өмірдің шын құрылысының фактілерін жинастыру, ұқыпты түрде тексеру және зерттеу мағынасындағы экономика керек» (Шығармалар, 28-том, 86-бет). Көсемнің бұл сөзін біз еш уақытта да естен шығармауға тиістіміз.

Республикамыздағы экономикалық ғылыми-зерттеу мекемелері, олардың коллективтері шаруашылық қызметкерлеріне өндірістің түрлі саласын өркендетудің прогрестік, ғылыми да тиімді жолдарын белгілеп көмек көрсетуі керек. Бұлардың алдында социалистік шаруашылықты жүргізу әдісін, жоспарлау практикасын жетілдіру, өндірістік коллективтердің материалдық ынталылығын арттыру, кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктердің жұмысындағы тиімділікті қамтамасыз ету, шаруашылық есепті нығайту сияқты түбегейлі мәселелерді терең зерттеп, шешу, бұл жөнінде нақты ұсыныс жасау міндеттері тұр.

Жоғарғы Советтің бесінші сессиясында бүкіл елдің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясында республиканың халық шаруашылығын өркендетудің 1965 жылға арналған жоспары талқыланды, экономика мен мәдениетті дамыту межелері айқындалды. Енді мәселе мемлекеттік жоспар мен бюджетті нақты іске асыруда болып отыр. Бұған жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің, колхозшылардың барлық күш-жігерін, білімін, тәжірибесін жұмылдыру керек. Мемлекеттік, кооперативтік әр кәсіпорнында, мекемеде — барлық жерде бірдей адамдардың ұйымшылдық көрсетуін, мемлекеттік тәртіпті, еңбек тәртібін қатаң сақтауын, олардың талсырылған іске жауапкершілігі арттырылуын қамтамасыз ету керек. Табыс кілті — міне осында.

Коммунистік құрылыстың қазіргі кең өрістетіліп отырған дәуірінде шаруашылыққа басшылық іскер, нақты, ғылыми негізге сүйенген дәрежеде болуға тиіс. Халық шаруашылығына басшылықта түбі шикі, лақпа сәуегейлікке, орынсыз әкімшілікке, бөспе мақтаншақтыққа ешбір жол берілмеуі керек. Коммунистік партия қазір басшы қызметкерлерден осыны талап етеді.

Партияның Орталық Комитетінің былтырғы ноябрь Пленумы партия ұйымдарының, олардың басшы органдарының территориялық-өндірістік принцип бойынша құрылуына қайта оралуды қажет деп тапқаны мәлім. Осыған орай республикамызда да бір кезде бөлінген өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық партия комитеттері жақында біріктірілді, колхоз-совхоз өндірісі басқармаларының партия комитеттері аудандық партия комитеттері болып қайта құрылды. Дер кезінде қолданылған бұл маңызды шараның нәтижесі өнеркәсіпке, колхоз-совхозға партиялық басшылықты түбірінен жақсартуға, қалың бұқараның инициативасын өрістетуге толық мүмкіндік береді. Қазір партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының күллі саяси, ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысы жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап әрбір кәсіпорында өндіріс қарқынының күшейтілуіне, айлық, тоқсандық жоспарлардың абыроймен орындалу мақсатына түгелдей бағындырылуға тиіс. Мал қыстатуды жақсы өткізу, алдағы егіске барлық жағынан сақадай сай әзірлену — ауыл шаруашылығындағы кезек күттірмейтін міндеттер.

Жетіжылдықтың соңғы жылының жоспарын абыроймен орындау елімізде жарқын болашақ — коммунизм орнату жолындағы күресте алға басқан тағы бір елеулі қадам болмақ.

Шалқар шаттық, үлкен үміт

(ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ПУБЛИЦИСТИКА)

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ.

Өткен жылды ой елегінен өткізіп, келер жылға жарқын үміт, жақсы тілекпен көз салғанда, біз ең алдымен өз Отанымызды, социалистік ұлттардың салтанатты достығы мен ынтымағы жеңіп шыққан сүйікті Отанымызды еске аламыз.

Мінекей, совет елі мың тоғыз жүз алпыс бесінші жылдың құтты қақпасын ашып отыр. Бір жылдың ішінде қаншама бел-белестен өттік, алдымызда қаншама көңілді көріністер, жарқын істер тұр! Орталық Комитеттің октябрь, ноябрь Пленумдарының шешімдері, СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы қабылдаған еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің 1965 жылға арналған мемлекеттік жоспары Отанымыздың өткен жылғы өмірінен айрықша орын алумен бірге, коммунизм құрылысында біздің қолымызға қуатты құрал ұстатты.

Бұдан алты жыл бұрын біз коммунистік қоғамның жарқын жеңісіне сапарымыздың ең бір биік белесін жетіжылдық мөлшерімен шамалап, күш-жігерімізді соған шағындауға ұйғарған едік. Енді біз сол жетіжылдық мерзімнің соңғы межесіне қадам басып отырмыз. Ендеше, жетіжылдық қаһарман күрестің соңғы, шешуші жылын қарсы алғанда, біз айтатын «Арма, жаңа жыл!» деген аз ғана сөзде шалқар шаттық пен үлкен үміт жатыр.

Шаттық дейтініміз: өткен жыл зая кеткен жоқ, игі еңбек, орындалған арманның асыл жүгін аркалап, бәрімізді кенен ырыс, кемел сезімге бөледі. Үміт дейтініміз: советтік шындығымыздың қыруар оқиғаға толы сан жылының бірде-біреуі біздің мүдде-мақсатымызды алдап көрген емес; барша жылымыз барлық пен байлыққа, өріс пен жеңіске толы. Олай болса, әлбетте, жаңа жылды да сый-сыралғысына сықап, жайдары-жақсы ұзатып салатынымыз сөзсіз.

Сенім деген сөз жақсы. Тұрлаулы да баянды ұғымды білдіретін сөз. Бұл ұғыммен біз етекте жақын боп, бұл ұғымның тұрмыс-тіршілігімізге үштүгейлі енгеніне, міне, қырық сегіз жылға кетті. Қысқы Сарайдың сары-ала кілеміне алғаш тиген жұмысшы етігінің табаны, Кашира электр станциясының ток тұтқасын алғаш басқан жұмысшы қолы, тұңғыш совет тракторының ғасырлар түнегін тіліп түскен бірінші шок сәулесі, лениндік шақыруға алғаш үн қатқан қазақ кедейінің анты мен серті, Брест қамалының қаһарман қорғаушысы қолдан түсірген ақырғы автомат, Юрий Гагариннің аспан әлемінен жолдаған бірінші сәлемі,—міне осының бәрі де сенімнен туды. Сондықтан біз қырық жеті жыл ұдайына жеңіп келеміз; ұзақ сапарда сүрінбей, сүрең сонар салып келеміз.

Жан көсем, жақсы атамыз Владимир Ильичтің қайтыс болғанына қырық жылдан асқан екен. Жарты ғасырға жақын уақыт — Ленин мен халықтың айнымас достығының кепілі. Туған жердің тұңғыш ауасында кеменгердің кең тынысын сеземіз, байтақ елдің барша болмысынан данышпан адамның болжал кеткен шындығын көреміз. Біз үшін Ленин деген есім — сенім, сенім деген сөз — Ленин. Біздің байызды бақытымыз да тек осында ғана: Ленинге деген мөлдір сүйіспеншілікте, Ленинге деген шексіз берілгендік сезімінде, Ленин идеясына деген айнымас сенімде!

Бір ғана мысал. Бұдан бес-ақ жыл бұрын асыл Отанымыздың айбарын бейнелейтін алтын Гербіміз Айға барып түскен еді. Қиял мен шындық тоғысқан тамаша оқиға сол кезде бәрімізді де қуанышқа бөлеп еді. Ақындар мен терең ой иелерінің жүйрік қиялы жетпеген шалғайға совет адамының шебер қолынан шыққан керемет шындық жетіп еді.

Енді міне Гагарин мен Титов, Николаев пен Попович, Быковский мен Николаева-Терешкова тәрізді болат топшы сұңқарларымыз жыл сайын космосқа ұшып, оның сыр-жұмбақтарын ашып келді. Ал, Комаров, Феоктистов, Егоров сияқты совет космонавтарының соңғы сапары бүкіл дүние жүзін таңырқатты. 1964 жылы аспан әлемін тек ұшқыш ғана емес, инженер мен дәрігер де аралап келді. Жәй келген жоқ, талай-талай ғылыми қымбат дерек жиып, космос дүниесінің қиын шатқалдарына жол салып келді. Өткен жылды ойлағанда, совет адамдарының бұл ерлігін еске алмау мүлде мүмкін емес. Сонымен бірге бір кездегі жадау-жүдеу елімізді техника кереметінің шырқау биігіне көтерген Ленин партиясын еске алып, оған ыстық ықыластан шыққан алғыс сөзімізді айтамыз.

Шынында, Ленин ұйымдастырған Коммунистік партия болмаса, Ленин орнатқан Советтік мемлекетіміз болмаса, біз кім болар едік?

Мысалға Қазақстанды алайықшы. Онда да Қазақ республикасының өткен бір жылына ғана көз жүгіртіп көрейікші.

— Мақта мен күрішті, қант қызылшасы мен басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін былай қойғанда, республикамыздың еңбекшілері былтыр мол егін өсіріп, мемлекетке миллиард пұтқа жақындатып астық тапсырды.

— Қазақстан Магниткасында былтыр іске қосылған жаңа мартендердің жарық сәулесі қазір самаладай жарқырайды. Орталық Қазақстаннан басталған болат толы асау арнаның тасқыны бұрынғыдан да байи түсті.

— Аптап сорып, ындыны кепкен оңтүстік Қазақстанда Шардара бөгетінің құрылысы аяқталып, ғасырлар бойы бос жөңкіліп жатқан Сыр толқынына тосқауыл қойылды. Бұдан былай Сырдың суы дикан еңбегіне келеке емес, алып арнаның екі өңіріне құт-береке болып тармақ.

— Маңкыстаудың маң жапанында самсап мұнай мұнаралары көтерілді. Бір кезде ұлы Қобзарь: «Бұл далада да жұрт ән сала ма екен?» деп қамыққан құла дүз енді ерікті де ырысты елдің мақтанышына, жыр мен нұрға толы Шевченко атты астанасы бар алтын аймаққа айналды.

— Қазақ даласы он күн қатарынан туысқан орыс мәдениетінің мереке-шаттығына айналды. Ұлы әдебиет пен өнердің он күнге ұласқан қыруар қызығы екі халықтың лениндік ынтымағы мен достығының салтанаты боп өтті.

Бұл айтулы оқиғалар тек бір жылдың ғана емес, бүкіл күрес тарихымыздың шежіресіне енетін ең бір елеулі деген мерекедей межелі белестер боп қалмақшы. Кеше республикамыздың қалалары мен ауылдарында өткен көңілді кештерде осы оқиғалардың әрқайсысына арналып, Жаңа жылғы әсем тостар айтылды, осы жеңістер мен табыстарға қолма-қол араласқан, сөйтіп социалистік Отанымыздың даңқына жүрегінің жалынын, білегінің қарымын арнаған талай-талай қаһарман да қаралайым еңбеккерге жаңа бақыт, жаңа мерей тіледік.

Қазіргі қайталанбас қызық күндердің куәсі болып отырған біздер әлі де талай-талай жаңа жылды қарсы алып, сан мәртебе саулық-салтанат боқалдарын көтерерміз. Сол кездерде біз, әрине әр жылдың ардагер ұл-қыздарын еске алмай кетпейміз. Өйткені, біздің ұлан-асыр байлығымыз әр азаматтың елге бағыштаған еңбегінен құралады. Біздің социалистік қоғамның өзгелерден артықшылығы да міне осында. Яғни, дүйім көптің бір кісі үшін, бір кісінің дүйім көп үшін есепсіз де еселенген еңбек етуінде. Ыбырай Жақаевтың моншақтай мөлдіреген күміс күріші бір ғана Сыр бойындағы қазақтардың қазанына түспейді, ол—Москва жұмысшысы мен Сахалин балықшысының, Грузия жүзімшісі мен Братск монтажшысының, қырғыз шопан мен украин диканның ортақ ырысы.

Я, солай!.. Тағы да бір жыл күресіміз бен жеңісіміздің тамаша тарихына қосылды. Замана деген қарт шежіре, кәрі жырау совет адамдарының шабытынан шыққан дабылды дастанның бір тарауын тауысты. Жылдар дөңгелегі көз ілеспей, шыр көбелек айналып, зымыратып келеді бізді алға. Қияғы болат сұңқармыз бүгін біз, тұяғы бүтін тұлпармыз бүгін біз. Бағдарымыз күнес те, мақсатымыз айқын-ақ. Алдымызда ата-бабамыз арман еткен адалдық дүниесі— коммунизм тұр. Ол—революцияның сансыз сарбазының қанына түскен, талай тарлан еңбеккердің теріне түскен асыл қоғам еді ғой. Сол парасатты қоғамға бізді батыл бастап келе жатқан туысқан партиямыз таяуда ғана биыл шығатын биігімізді көрсетіп берді.

Бүкіл халықтық парламентіміз қабылдаған халық шаруашылығының биылғы өсіп-өркендеу жоспары өткен жылдардағыдан әлдеқайда қарқынды да, әлдеқайда көлемді. Цифр тілі — өтімді тіл. Өйткені, құрғақ болғанымен, ол нақтылы тіл. Біразырақ үніліп, цифр сырына ой жүгіртіп көрейікші ендеше.

Биыл былтырғыға қарағанда, совет адамдары 7 миллиард сомның бұйымын артық сатып алады. Ойланып қарайықшы: бір адамның нақты табысы жаңа жоспар бойынша биыл былтырғыдан 7,3 процент өседі екен. Ал, партиямыздың Программасы халықтың нақты табысының он жылда екі есе, жиырма жылда 3,5 есе өсуін белгілеген жоқ па! Демек, бұл әрбір үйдің дастарқаны көздің жауын алып, жадырап тұрады деген сөз, әрбір адамның тамағы тоқ, көйлегі көк болады деген сөз. Бұл—киім-кешек, кездеме, аяқ киім, үй жиһазы, радиоқабылдағыш, телевизор, кір жуатын машина, сағат, тағы басқа толып жатқан өнеркәсіп бұйымының бұрын болып көрмеген молшылығы деген сөз. Бұл — мейманын ырза қылған үй иесінің, жарын қуантқан жас жігіттің, баласын ваннаға шомылдырған ананың совет үкіметіне айтқан алғысы деген сөз.

Жоспар бойынша биыл тұрғын үй көлемі 13 процент артады. Өткен соғыстың 25 миллиондай совет адамын баспанасыз қалдырғаны бәрімізге мәлім. Одан бері талай жас ержетіп, азамат болды, үбірлі-шүбірлі болып, еншісін алды, өз алдына отау тікті. Алайда халық шаруашылығын қалпына келтірудің қилы да қиын міндеттерін мүлтіксіз орындай отырып, мемлекетіміз жыл сайын 3 миллиондай жаңа пәтер салумен келді. Капиталистік Еуропаның 17 мемлекетін, оған қоса АҚШ-ты алғанда, олар біздің осы цифрымызға әрең-әрең деңгейлеседі екен. Еңбекші халыққа деген бұдан артық қамқорлық болар ма!

Мектеп жасына дейінгі бір бөбекке мемлекет жылына 300 сом, мектеп оқушысына — 90 сом, студентке 850 сом жұмсайды. Бір адамның мектепте оқыған он жылы мен институтта оқыған бес жылына мемлекет 5 мың сомнан артық қаржы шығарады. Немесе, әрбір науқас адамның емханада өткен бір тәулігі мемлекетке 5 сомға түседі. Ал мемлекеттік жоспар бойынша биыл оқу-ағарту, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, дене шынықтыру мен спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдем көрсету шараларына қажетті қаржы биыл былтырғыдан 4,3 миллиард сом артық берілейін деп отыр. Совет шындығына сыйпат болатын бұдан артық цифр бола ма?

Мінекей цифрлар осылай сөйлейді, олардың бәрін қайталап жатудың дәл бұл арада қажеті де жоқ. Тек әдейі тоқтап, айта кеткіміз келетін бір ғана цифр бар: парламентіміз биылғы жылдың бюджетінде еліміздің Қарулы күштеріне жұмсалатын шығынды 500 миллион сомға кемітті.

Аспан асты алабұртып, қан шеңгел соғыс құмарлар тұтатқан ортапаттың қара-қошқыл түтіні кең дүниенің бір шетінде басылып, бір шетінде қайта бұрқап жатқанда, біздің еліміздің осындай батыл шешім қабылдауын не деуге болады? Жалғыз ғана жалаң тәуекел ме ол?

Біздіңше, совет шындығының сыры да, күресті күндеріміз де осы сұрақтың жауабынан табылатын сияқты. Біз жер бетіндегі бейбітшілікті қорғағанда, қаруымыздың қуатын ғана емес, әр азаматтың игі ниетін, барша елдің үлгі-өнегесін де құрал ғып жұмсаймыз. Тілегі таза, білегі күшті еңбек адамының ынта-жігері бір мақсатқа ғана арналады, ол мақсат—бейбітшілік.

Біріккен Ұлттар Ұйымына Совет үкіметі ұсынған соңғы меморандум бейбітшілікті нығайтудың жаңа қадамы болды. Соғыс бюджетін азайтудан бастап ядролық қаруға тиым салуға дейінгі, ядросыз аймақтар жасаудан бастап, әскер санын қысқартуға дейінгі талай-талай тамаша шара, ұсыныс бар бұл меморандумда.

Бірақ... мінсіз үтіктелген смокингінің етегін жел кеулеп, материктен материкке жосыл жүрген премьерлер мен министрлер неге үрейлі; неге күдікті? Ұйқы көрмей, күлкіден безіп, жан таласқан бір арпалыс, әсіресе соңғы кездері жиілеп кетті. Жиіркенішті Герострат бейнесіндегі осы бір жексұрындар бейбіт ошақ, берекелі өмірді қатердің қара дауылындай айналшақтап барады.

Күні кеше Вашингтонға барған Бонн министрі Шредер үйіне оралып үлгірмей-ақ, іле-шала сол қалаға ағылшын премьері Вильсон барды. Вильсон өз астанасына қайтып үлгіргенше, Шредер Римнен барып бір-ақ шықты. Шредердің суреті басылған итальян газеттерінің бояуы кеппей жатып, Эрхардтың елшісі Парижге келді деген хабар қайта естілді... Империализмнің қарғылы итаршысы сорлы қуыршақ Моиз Чомбе Римге барғанда, қарапайым халық оны шіріген жұмыртқа лақтырып қарсы алған еді. Бірақ бетіндегі салтағын жуып үлгірместен Чомбе Боннға, одан Батыс Берлинге барды. Барғаны бар болсын, қонатын тыныш мекен таба алмай, аттың басын Брюссельге бір-ақ тіреді.

1964 жыл аяқталарда НАТО-ның Париждегі бас штабында он бес елдің сыртқы істер министрі бас қосты. Қызыл көрген күзғындай бірнеше күн керілдесіп, ит ыржың, ырым-тырым болды да, ақыры туталақай үйлеріне тарады. Газеттердің айтуынша, сол сапардан Вашингтонға оралған Дин Раск үйіне соғып, бала-шағасын көруге де мұршасы келмей, аэропорттан түп-тура Джонсонның кабинетіне барса керек. Жақсылықтың нышаны емес бұл, әрине.

Осы жәйттердің егжей-тегжейін ойлағанда, өткен жылдың соңғы күндері бейнебір дауылға ұқсайтын сияқты. Дүние дауылды күнгі теңіздей төңбекшіп, аласұрып жатқан тәрізді. Бірақ көк-ала көбік көп толқынды қасқая жарып, социализм кемесі күн шұғылалы кең айдыға қарай, міз бақпай жүзіп барады, ағып барады. Діңгегіндегі ұлы жалау — Ленин туы — тас тұманды жарып барады.

Әрине, талай ғасырдың куәсі болған кәрі дүние толып жатқан төңкеріс пен көтерілісті басынан кешірді, бірақ дүние революция мақсаттарының толық салтанат құрғанын бізге дейін көрмеп еді. Ал бүгін біздің халқымыз талай ұрпақ аңсап өткен коммунизм қоғамын орнатып жатыр.

Біз жаспыз, Совет елінің тарихы да жас. Себебі, ежелгі күнгірт заманалардан бері келе жатқан адамзат ұрпағының саналы өмірі мыңмың жылдармен есептелсе, біз биыл бар болғаны қырық сегіз ғана жасқа шықтық. Алайда, осы аз уақыттың ішінде-ақ біз дүние жүзі пролетариатының ең жақсы саф үмітін жүзеге асырып, азаттықтың сансыз құрбаны арман еткен алтын ғасырдың қандай болатынын көрсеттік.

Нық сеніммен, алшақ адыммен бүгін біз қайырлы да құтты тарихымыздың тағы бір таңғажайып жылының қақпасын аштық. Армысын, жаңа жыл!

Қазіргі шаруаның коммунистік сана-сезімінің қалыптасуы

Т. ЖҰМАҒАЗИН,

Философия ғылымының кандидаты

Біздің елде социалистік ауыл шаруашылығы қалыптасып, шаруалардың әлеуметтік бейнесі түбірімен өзгерді. Совет шаруалары социалистік саналы адамдардың қатарына қосылды. Бұл — ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың, миллиондаған еңбеккерді коммунизм құрылысына кеңінен қатыстыру жөніндегі лениндік идеялардың толық жеңісінің нәтижесі. Біздің партия лениндік нұсқауларды ескере отырып, өзінің қаһарман жұмысшы табымен қоян-қолтық қатар келе жатқан және жаңа өмірдің белсенді құрылысшысы болып табылатын жаңа шаруаны тәрбиелеп шығарғанын әбден орынды мақтаныш етеді.

Марксизм-ленинизм бізді әрдайым әрбір қоғам адамды өз сипатына қарай баулып, қалыптастырады деп үйретеді. Мұның өзі сол қоғамның барлық қоғамдық, оның ішінде, ең алдымен, өндірістік қатынастарына байланысты объективтік процесс.

Қоғамдағы күллі қоғамдық қатынас пен байланыс, барлық әлеуметтік тәртіп адамдардың көзқарасына, олардың әдет-ғұрпы мен дағдысына ықпал етеді. К. Маркс, Ф. Энгельс бұл жөнінде сан рет атап көрсеткен болатын. Олар қоғамдағы адамдардың тұрмыс жағдайының олардың қоғамдық қатынасының, қоғамдық болмысының өзгеруімен бірге әлеуметтік көзқарастары мен ұғымдары, бір сөзбен айтқанда, олардың сана-сезімі өзгереді, деп үйретеді.

Біздің елде жүзеге асырылған социалистік революция мен социализмнің жеңісі қоғамның экономикалық құрылысына ғана түбірлі өзгеріс жасап қойған жоқ, сонымен қатар адамдардың дағдыларында, дәстүрлерінде, психологиясы мен сана-сезімінде үлкен өзгеріс туғызды. Қазір совет адамдарының рухани байлығы мол, олар моральдық абзал қасиеттерге ие.

Бұл жайында бұрын артта қалып, езіліп-жаншылып келген қазақ халқының өзгерген рухани бейнесін мысалға алуға болады. Республикамыздың кең байтақ даласында құлаш жайған алып өнеркәсіп құрылысы, ауыл шаруашылығын коллективті түрде жүргізу, ғылымның, білімнің өсуі, қанаушы таптардың қалдықтарына қарсы жүргізілген күрес көшпелі қазақ халқының өмірінде, жаңа түркі-ис, жаңа мәдениет иелерін қалыптастыруда шешуші роль атқарды.

Коммунистік партияның халықты тәрбиелеу жөніндегі орасан зор жұмысы, адам арасындағы туысқандық пен достық қарым-қатынасты тудырған советтік құрылыс, қалын бұқараның социалистік шаруашылыққа тікелей қатысуы республика еңбекшілерінің сана-сезімін жоғары сатыға көтерді. Соның ішінде миллиондаған шаруаның қоғамдық еңбек пен меншікке социалистік көзқарасын, коллективтік, өзара жәрдемдесу сезімін арттырды.

Сөйтіп қазір біздің елдегі социалистік шындық буржуазия идеологтарының Совет Одағында жоғары саналы жаңа адам тәрбиеленіп шыққанына күдіктенетін қисынсыз болжамдарының бәрін жоққа шығарып отыр.

Колхозшы шаруа — ұсақ товар өндіруші тапты социалистік негізде қайта құрудың арқасында пайда болған мүлде жаңа сипаттағы шаруа.

Олар социалистік шаруашылықтың негізінде қазақ ауылында ғасырлар бойы орын алған феодалдық қатынастардың үстемдігі жойылғанын жақсы біледі. Қазір Қазақстан еңбекші шаруасы жаңа қоғам — коммунизм құрылысының ұлылығын сезіне отырып, бақытты тұрмыс құруда. Шаруалардың ұсақ буржуазиялық психологиясын өзгертуде, бұрын артта қалған көшпелі қазақ шаруасының сана-сезімін феодалдық, патриархалдық, рушылдық сарқыншақтардан арылтуда, олардың социалистік сана-сезімін қалыптастырып, орнықтыруда партия аса мол күш-жігер жұмсады.

Қазіргі алдыңғы қатарлы совет шаруасына жоғары идеялылық тән. Олар коммунизм ісіне шын берілу, қоғам алдындағы өзінің борышын түсіну, коллективизм, интернационализм, социалистік патриотизм мен гуманизм рухында тәрбиеленіп келеді. Бұл белгілердің бәрі де тек жаңа құрылыста ғана болатын социалистік сананың көрінісі.

Шаруашылықтың колхоз формасы жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұдан былай да тынбастан нығайту міндетіне толық сай келеді. Мұның елімізде коммунизм құрылысы үшін шешуші саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызы аса зор. Бұл жайында партияның жаңа Программасында былай деп көрсетілген: «Коммунизмнің сәулетті сарайы совет халқының — жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның қажырлы еңбегімен салынып жатыр. Олардың еңбегі неғұрлым табысты болған сайын, ұлы мақсатты жүзеге асыру — коммунистік қоғамды орнату солғұрлым жақындай түседі».

Социалистік қоғамның коммунистік қоғамға ұласуы — күрделі процесс. Бұл өмірдің әрі материалдық, әрі рухани жағын қамтиды. Сондықтан да совет халқы бірімен-бірі тығыз байланысты үш міндетті: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды дамыту және бұқараны коммунизм рухында тәрбиелеу міндетін орындау жолында күресуде. Совет қоғамының материалдық-техникалық базасының және қоғамдық қатынастардың дамуымен бірге социализм құрылысы кезінде қалыптасқан адамдардың сана-сезімі де онан әрі жетілдіріліп, дамитын болады.

Қазір совет қоғамы адамдардың социалистік сана-сезімін коммунистік сана-сезім дәрежесіне жеткізіп тәрбиелеу үшін күресуде. Бұқараның коммунистік сана-сезімі коммунистік құрылыстың барысында, оның қоғамдық болмысы мен жаңа қоғамдық қатынастардың тууы негізінде қалыптасады. Бұл — заңды құбылыс. Өйткені, социализм мен коммунизм коммунистік қоғамдық экономикалық формацияның екі сатысы саналса, адамдардың коммунистік және социалистік санасы да коммунистік қоғамдағы сананың екі сатысы болып табылады.

Коммунистік сана—сананың жоғарғы түрі. Бұған ең жоғары мәндігі коммунистік адамгершілік, коллектившілдік, интернационализм мен гуманизм сияқты абзал қасиеттер жатады. Коммунистік қоғам адамы рухани байлығы мен дағдысы арқылы жаңа қоғамның барлық ережесін мүлтіксіз сақтайды.

Коммунистік сана жеке меншікшілдік, ұлтшылдық және басқа да ескіліктің жексұрын қалдықтарынан мүлде таза. Бұл — табиғи және қоғамдық құбылыстарды ғылыми негізде түсінуге негізделген. Мұндай сана-сезімдегі адам еңбекті бірінші өмірлік қажеттілік деп түсінеді.

Ал социализм тұсында ескі көзқарастардың, дағдылардың қалдығы, буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық, тіпті феодалдық, патриархалдық сана-сезімнің қалдықтары сақталынатыны белгілі. Осыған орай ескі сананың қалдықтарын жою, коммунистік сана-сезімді бірте-бірте қалыптастыру — аса мәнді міндет. Бұл бұқараның социалистік сана-сезімін онан әрі дамыту жолымен жүргізіледі.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда ауыл

шаруашылығын өркендетудің маңызы ерекше зор. «Қуатты өнеркәсіппен қатар, — делінген жаңа Программда, — көркейген, жан-жақты дамытылған және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жасау, — коммунизмді орнатудың міндетті шарты».

Деревнялардың өндіргіш күшін дамыту, онда коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласын электрлендіруді, техника мен технологияны жетілдіруді, колхоз-совхоз өндірісін түгелдей жаппай механикаландырып, автоматтандыруды көздейді. Биологияның, химияның және ғылымның басқа да жетістіктерін ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану, егіншіліктің экономика жағынан ең тиімді жүйесін дамыту, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту міндеттері алға қойылып отыр. Мұндай материалдық-техникалық базаны жасау нәтижесінде өзінің техникалық жарақтануы мен өндірісті ұйымдастыруы жөнінен ауыл шаруашылығы өнеркәсіп дәрежесіне жақындайтын болады, ал ондағы еңбек өнеркәсіптегі еңбектің бір түріне айналады. Бұл міндет колхоз-совхоз деревнясының коммунизмге қарай батыл қадам жасауы арқылы толық жүзеге асады.

Біздің партия совет деревнясының коммунистік қоғамдық қатынасқа бірте-бірте көшуін қамтамасыз ету бағытында күрделі шараларды қолға алып отыр. Соңғы жылдарда колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасы едәуір нығайтылды, 40 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игерілді. Еңбекшілердің творчестволық инициативасын барынша арттыру, жоспарлау ісін жақсарту, колхоздар мен совхоздарды басшы кадрмен және мамандармен толықтыру жөнінде де елеулі жұмыс жүргізілді.

Ауыл шаруашылығын көтеру жолындағы күресте партиямыздың XXII съезі мен партияның Орталық Комитетінің соңғы жылдардағы пленум шешімдерінің маңызы орасан зор. Өткен жылғы февраль Пленумы ауыл шаруашылығын өркендетудің аса кең программасын жасап, оны егіншілік мәдениетін арттыру, химияландыру, механикаландыру, суландыру әдістерін кең қолдану арқылы дамытуды белгілеп бергені мәлім.

Партиямыздың Орталық Комитетінің февраль Пленумы шешімдерінің әсіресе біздің қазақ республикасы үшін маңызы зор. Өйткені, мұнда ауыл шаруашылығы осы күнге дейін көбінесе егіс көлемін арттыру жолымен дамып келді, соңғы он жыл ішінде Қазақстанның жалпы егіс көлемі тың және тыңайған жер игеру арқасында 9,6 миллион гектардан 32,6 миллион гектарға жетті. Осы мерзімнің ішінде астық дайындаудың орташа жылдық мөлшері тың игеруге дейінгі 92 миллион пұттың орнына 512 миллион пұтқа жетті. Мемлекетке ет сату — 2,6 есе, сүт — 2,5, жүн — 2,7 есе артты.

Ендігі жерде ауыл шаруашылығын интенсификация жолымен егіннің түсімін және мал шаруашылығының өнімділігін тез көтеру арқылы жаңа сапаға жету міндеті алға қойылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті февраль Пленумының шешіміне сәйкес республика бойынша 1970 жылы астық өндіруді 1,7—2 миллиард, мемлекетке астық сатуды бір миллиардқа жеткізу көзделіп отыр. Бұл үшін ауыл шаруашылығын техника жағынан үздіксіз жарақтандырып, өндірісті ұйымдастыруды барынша жақсарту және село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін онан әрі арттыру керек. Республика колхоздары мен совхоздарында қазірдің өзінде 345 мыңнан астам трактор, 39 мыңнан астам комбайн бар. Техниканы ерттеп мінген механизатордың саны 316 мыңнан астам. Біздегі жоғары және орта дәрежелі білімі бар ауыл шаруашылығы мамандарының өзі 23 мыңнан көп.

Өндіргіш күшті онан әрі өсіру социалистік өндірістік қатынаста елеулі өзгеріс жасауды қажет етеді. Ең алдымен меншік түрі өзгеруге тиіс. Бұл қазір орын алып отырған меншіктің екі түрінің — мемлекеттік, колхоздық-кооперативтік түрінің бірте-бірте жақындасуы арқылы іске асады. Болашақта меншіктің бұл екі түрі бірыңғай жалпы халықтық коммунистік меншікке айналады. Мемлекеттік жалпы халықтық меншік — бүкіл совет халқының өмір сүруінің негізі. Сондықтан да оның дамуы колхоздық меншіктің жетіліп өркендеуіне, жалпы халықтық меншікке жақындап ұласуына шешуші жағдай туғызады.

Біздің партия колхоздық-кооперативті меншіктің коммунистік меншікке айналуының нақты жолын белгіледі. Бұл үшін, ең алдымен, меншіктің колхоздық-кооперативтік түрінің қоғамдасу дәрежесін үздіксіз арттыру қажет. Меншіктің екі түрінің жақындасуына байланысты колхозшылар кірісін бөлу, еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеу формасында да өзгеріс болады. Деревняда өндіргіш күштер мен социалистік өндіріс қатынастарының дамуы, соңғы жылдарда жүргізілген ауыл шаруашылығын басқару формаларын жақсарту істері колхоздар экономикасын күшейтіп, көтеріп жіберді. Колхоздар бұрынғыдан да ірі механикаланған көп салалы шаруашылыққа айналуда. Мұның өзі колхозшы шаруалардың материалдық әл-ауқатын, мәдениетін бұрынғыдан да жоғары көтеруге жағдай туғызып отыр. Қазірдің өзінде селолық жерде ғана жоғары, орта білімі бар миллионға жуық адам тұрады. Ал әрбір 100 колхозға мұғалім мен дәрігерді есептемегеннің өзінде 1959 жылдың көрсеткіші бойынша 135 агроном, 135 зоотехник, 170 мал маманы, 140 инженер мен техниктен келеді. Село интеллигенциясының саны жыл сайын үзбей өсіп отырады. Қазіргі деревня еңбеккерлерінің өмірінде білім мен мәдениеттің қайнар бұлағы — кітап, газет, кино, радио, телевизия үлкен орын алады.

Коммунистік сана — жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тікелей көрінісі. Экономикадағы және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы коммунистік өркендердің кеңінен етек ала бастауы — осының айғағы. Озат адамдардың жарқын бейнесінен коммунистік ертеңгінің адамдарының белгілерін айқын көруге болады. Бұл олардың еңбегі мен қоғамдық өмірінде, көзқарастары мен тұрмысында барған сайын айқын көзге түсуде. Қоғам игілігі үшін еңбек ету олардың өмірлік қажетіне айнала бастады.

Коммунизмге өту кезеңінде совет адамдарының сана-сезіміндегі басты нәрсе — еңбекте коммунистік көзқарастың орын алуы. «...Коммунистік еңбек дегеніміз қоғамның пайдасына ақысыз істелетін еңбек, ...ерікті еңбек, нормадан сырт еңбек, сыйлық алуға дәмеленбей, сыйлық туралы шарт қоймай істелетін еңбек, жалпының пайдасына бола еңбек ету әдеті бойынша және жалпының пайдасына бола еңбектің қажеттігіне саналы (әдетке айналған) көзқарас бойынша істелетін еңбек», — деп көрсетті В. И. Ленин (Шығармалар, 30-том, 517-бет).

Соңғы жылдары елімізде өріс алған коммунистік еңбек жолындағы патриоттық қозғалыс — үлкен күшке айналды. Бұл — бұқараның еңбек ерлігі мен олардың арасында жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесі. Республиканың көптеген колхозы, олардың бригадалары, фермалары мен звенолары, көптеген колхозшы шаруа осы патриоттық қозғалысқа қосыла отырып, еңбекке коммунистік көзқарастың тамаша өнегесін көрсетуде. Шығыс Қазақстан облысындағы Калинин атындағы колхоз — осындай коллективтің бірі. Колхозда қажырлы, творчестволық еңбегімен артель шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге белсене қатыспайтын адам жоқ. Артель экономикасының нығаюы да осыдан. Мәселен, 1953 жылмен салыстырғанда ірі қара саны — үш есе, қой —

3,5 есе, мемлекетке астық сату — 7,7 есе, ет пен сүт — 4 есе, жүн — 8 есе өсті. Қолхоздың ақшалай кірісі 73 мың сомға жетті.

1962 жылы республикада ауа райының қолайсыз болғаны мәлім. Соған қарамастан Калинин атындағы колхоз егіннің әрбір гектарынан 20,3 центнер өнім алды. Бұл — колхозшы шаруалардың қажырлы еңбегінің, коммунистік сана-сезімі өсуінің айқын көрінісі. Бұл колхозда күзетші деген атымен жоқ, астық қоймалары мен азық-түлік сақтайтын орынға еш уақытта құлып салынбайды. Қолхозшылар өз еңбектерінің есебін өздері жүргізеді.

Қызылорда облысындағы «Қызылту» колхозының даңқты күрішшісі Ыбырай Жақаевтың есімі елімізге әйгілі. Ол жыл сайын күріштің әр гектарынан 70—90 центнерден өнім алып, еліміздің байлығын молайтуға лайықты үлес қосып келеді. Ыбырай Жақаев — мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері. Республика жұртшылығы Ыбырай Жақаевты еңбек шам-шырағы деп атады. Бұл адамның ерекше қасиеті оның асқан еңбек сүйгіштігінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мүддені терең сезінуінде. Ол өзінің бай тәжірибесін еңбектес жолдастарына қажымай-талмай үйретеді. Ыбырай Жақаев шәкірттері З. Ержанова, С. Махамбетовалармен бірге озат тәжірибе мектебін ашып, колхозшыларды күріш өсірудің шеберлігіне үйретуде.

Шаруа бұқараның бүгінгі санасының айқын белгілері — социалистік патриотизм мен интернационализм. Ұлт мәселесін дұрыс маркстік-лениндік тұрғыдан шешудің нәтижесінде біздің ел тең праволы, мейлінше гүлденген, өз ара дос социалистік ұлттардың мызғымас одағы болып отыр.

Бұқараның коммунистік саналылығын қалыптастыру оп-оңай шешіле қоймайды. Бұл жолда талай қиыншылық та кездеседі. Шаруалар арасында еңбекке енжар қарайтын, ескілік шырмауынан шыға алмай жүрген, жеке меншікшіл пиғылдағы адамдар некен-саяқ болса да әлі кездеседі. Сондықтан партия арамтамақтарға, алыпсатарларға, қоғамдық пайдалы еңбектен бой тасалаушыларға қарсы пәрменді күрес жүргізеді.

Совет адамдарының ескілік қалдықтарын толық жою және оларды коммунистік саналылық рухында тәрбиелеу міндеті қазір ерекше қойылып отыр. Партияның Орталық Комитетінің июнь (1963) Пленумы «Жаңа адамды — коммунистік қоғамның азаматын тәрбиелеу проблемасы буржуазиялық идеологияға қарсы күреспен, адам санасындағы өткендегінің сарқыншақтарына қарсы күреспен тығыз байланысты» деп атап көрсетті.

Коммунистік құрылыс кеңінен өрістетілген кезеңде еңбекшілерді дүниеге маркстік-лениндік ғылыми көзқарас рухында тәрбиелеу арқылы совет адамдарының, оның ішінде колхозшы шаруалардың коммунистік көзқарасы мен тәртіп нормасы орнығады, олар өткендегінің жексұрын қалдықтарынан толық құтылады. Совет адамдарының санасында болып жатқан бұл ұлы процесс біздің елдің социализмнен коммунизмге өтуін сөзсіз тездетеді, өйткені В. И. Ленин айтқандай, «адам санасы объективті дүниенің көрінісі ғана емес, сонымен бірге оны тудырушы да».

Коммунистік еңбек қозғалысы және халықтар достығының одан әрі нығайуы

С. ФЕДЮКИН,

тарих ғылымының кандидаты

Коммунистік партия, Совет мемлекеті совет халқын біртұтас туысқан семьяға топтастыру, олардың достығын нығайту, еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, ұлттардың бірін-бірі құрметтеуі рухында тәрбиелеу жөнінде орасан зор жұмыс жүргізуде. Біздің ел халықтарының достығы — марксизм-ленинизмнің ұлы жеңісі, коммунистік қоғам құрылысындағы қуатты қозғаушы күш.

Еліміздің коммунистік құрылысты кеңінен өрістету кезеңіне аяқ басуы Совет Одағында ұлттық қарым-қатнастың дамуының, партияның жаңа Программасында атап көрсетілгеніндей, ұлттардың онан әрі жақындасуының және олардың толық бірлікке жетуінің жаңа кезеңі болды. Ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениеті барған сайын жан-жақты өркендеп, олардың арасындағы шаруашылық және мәдени байланыс кеңейе түсуде. Жаңа өнеркәсіп орталықтарының пайда болуы, табиғат байлығының жаңадан ашылып, оның халық игілігіне жаратылуы, миллиондаған гектар тың жердің игерілуі, транспорттың барлық түрінің өріс алуы — мұның бәрі халықтардың өзара қатнасының кеңейуіне жол ашады.

Соңғы жылдары жүргізілген халық санағы одақтас республикалардың ұлттық құрамы жөнінен барған сайын көп ұлтты республикаларға айналып келе жатқанын айқын көрсетті. Мәселен, Қазақстанда қазір 114 ұлттың өкілі тұрады.

Коммунистік құрылыстың барысында совет адамдарының өмірінде ортақ дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қалыптасуда. Бұлар қоғамдық қарым-қатнастың жаңа мазмұнына, мақсат-мұраттың бірлігіне сай туады.

Коммунистік құрылыс кеңінен өрістетілген дәуірдегі совет адамдарының барлық халқымызға ортақ ізгі дәстүрлерінің бірі — Отанымыздың игілігі жолындағы, түрлі ұлттар адамдарын жақындастыратын, оларды өмірлік ортақ мүдделер негізінде бір семьяға біріктіретін еңбек. Ол олма, еңбек ұлттық айырмашылықты бірте-бірте жояды, ұлттардың толық бірігуіне жағдай жасайды.

Еліміздің тарихи дамуының бүкіл барысы еңбектің ұлттарды жақындастыратын, халықтардың туысқандық достығын нығайтатын орасан зор фактор болып табылатынын дәлелдеп отыр. Бұл мәселеге толығырақ тоқталып өтейік. Орыс және қазақ халықтарының достығы жүздеген жылдардан бері өріс алып келе жатқаны мәлім. Олардың мәдени байланысы да нығайды, олар қанаушыларға, шетел басқыншыларына қарсы қол ұстаса күресті.

Октябрь революциясынан кейін, социалистік құрылыстың барысында халықтардың туысқандық достығы жаңа әлеуметтік мазмұнға ие болды. Оның формалары да өзгерді. Бұрын жеке адамдар ғана өзара тәжірибе, білім, еңбек ету тәсілдерін, материалдық және рухани байлықты алмасып келсе, енді совет өкіметі тұсында бүкіл коллектив, бүкіл халық пен республика болып қарым-қатынас жасап отыр. Мұнда да еңбек халықтар достығын онан әрі нығайтудың шешуші факторына айнал-

ды. Коммунистік партияның социализм орнату жөніндегі программасын жүзеге асыруға бағытталған ерлік еңбек халықтарды онан әрі жақындастырды; олардың туысқандық байланысының дәнекері болды, оларды ортақ ұлы мақсатқа бағыттады.

Біздің ел коммунизм құрылысын кеңінен өрістеткен кезеңге аяқ басқан кезде социалистік ұлттардың материалдық және рухани байлығы онан әрі артты, олардың туысқандық достығы мен өзара көмегі бұрынғыдан да нығайды. Бұл осы байлықтарды барынша интенсивті алмасудан, ұлттар мен халық топтарының өзара ықпалының күшеюінен айқын көрініп отыр.

Еңбектің тәрбиелік маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Қазіргі уақытта қоғамдық лайдалы еңбек өмірдің барлық саласына, жаңа адамның рухани бейнесінің қалыптасуына орасан зор әсер етуде. Осы жағынан алып қарағанда коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың маңызы ерекше. Елімізде құлашын кең жайған, қоғамның шаруашылық және саяси өміріне күшті әсер етіп отырған бұл қозғалыс Совет Одағын мекендейтін ұлттар мен халықтардың арасындағы қатынасқа көптеген жаңалық енгізуде. Ол халықтардың туысқандық достығын онан әрі нығайтуға, оларды нағыз интернационалдық қарым-қатынас рухында тәрбиелеуге көмектеседі, ұлттық шектелушілікті бірте-бірте жойып, ұлттарды біріктіріп қосуға жағдай туғызады.

Коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты алып қарайық. Ол еліміздегі ұлттық өзара қатынас саласындағы, ұлттар мен халықтардың әлеуметтік өміріндегі орасан зор өзгерістердің жарқын көрінісі болып табылады.

Бұл қозғалыс Совет елінің барлық жерінде бір мезгілде дерлік пайда болды. Оған көптеген халық пен ұлттың өкілі бірден қосылды. Мысалы, Қазақстанда коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс 1958 жылы октябрь айының аяғы мен ноябрь айының басында, Москва—Сортировочная депосы жұмысшыларының игілікті бастамасы белгілі болғаннан кейін-ақ іле-шала туды. Басқа ұлттық республикалар мен аудандарда да осындай жағдай байқалды.

Мұның өзі коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың кең интернационалдық негізде пайда болғанын дәлелдейді. Бұл қозғалысты белгілі бір ұлт арасында ғана туды деуге болмайды. Коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс еліміздің түкпір-түкпірінде, көптеген ұлттық республика мен ауданда бір мезгілде туып, алғашқы күннен бастап-ақ жалпы халықтық, интернационалдық сипат алды. Мұның өзі біздің елдегі халықтардың толық тең праволы екенін, сонымен қатар Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің, совет адамдарының ұлттық шет аймақтардың экономикалық, саяси, мәдени артта қалуын жою жөніндегі көп жылдық қызметі мен ерлік еңбегі бұл аудандардың халықтарын жоғары дәрежеге—еңбектің неғұрлым жетілген формасы жолындағы қозғалысты ұйымдастыруға қабілеті жететіндей дәрежеге көтергенін көрсетеді. Егер біздің елде, совет өкіметінің алғашқы жылдарындағыдай, тіпті социализм орнату дәуіріндегідей ұлттар мен халықтардың экономика мен мәдениет жағынан алшақтығы сақтала берген болса, онда коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс еліміздің көптеген ауданында бір мезгілде пайда болып, өрістемеген болар еді.

Біздің елде стахановтық қозғалыстың қалай өріс алғанын еске түсіріп көрейік. Оның ең алғаш Донбастың шахталарында, яғни байырғы индустриялық ауданда туғаны, тек сонан кейін ғана бірте-бірте Москва, Ленинград қалаларына, Урал мен Поволжьеге, яғни өнеркәсіп жағынан неғұрлым дамыған облыстарға тарағаны мәлім. Шығыс аудандарына хелетін болсақ, стахановшылардың Бүкіл одақтық бірінші кенесінде атап көрсетілгендей, мұнда стахановтық қозғалыс алғашқыда баяу өріс-

теді. Қазір коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің қозғалысы шығыс аудандарында, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда кең қанат жайды. Мұның бәрі бұрын патша өкіметі аяусыз қанаған, қараңғылық пен надандықта ұстаған халықтардың ұлттық жұмысшы кадры мен техникалық интеллигенциясы өскенін, олардың еңбек және техникалық мәдениеті көтерілгенін сөзсіз дәлелдейді.

Бұрын артта қалған ұлттық аудандардың индустриялық қуатының артуы мен халықтар достығының нығаюы, адамдардың коммунистік санасының өсуі арасындағы диалектикалық байланысты біздің республиканың жағдайынан айқын көруге болады. Қазақстандағы индустриялық құрылыстың ұлы маңызы мынада: мұнда жұмысшы табы мен техникалық интеллигенция кадрлары өсіп, нығаюда. Бұл қазақ халқының коммунистік санасының өсуіне, бүкіл Совет Одағы халықтарының арасындағы, Қазақстанда тұратын және жұмыс істейтін барлық ұлттың арасындағы мызғымас достықты нығайтуға орасан зор әсер етеді.

Коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың жарқын интернационалдық сипаты бар. Совет Одағының құрамына кіретін әрбір республика мен облыстың халқы экономикалық және мәдени прогресті өрістетуге кең мүмкіндік алып, өздерінің арасынан еңбектің нағыз ерлерін, өндіріс озаттарын, ең жоғарғы сатыдағы социалистік жарыстың бастаушыларын туғызады.

Қазақстандағы коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты кім бастады деген сауалға: республиканың өнеркәсібіндегі әр түрлі ұлт өкілдері бастады деп жауап беруге болады. Орыс пен қазақ, еврей мен татар, өзбек пен украин, ұйғыр мен белорус, республикада тұратын барлық 114 ұлттың өкілі коммунистік еңбек екпіндісі құрметті атағын жеңіп алу жолындағы күреске қосылды.

Коммунистік еңбек бригадалары мен коллективтері құрамының көп ұлтты болуы өндірістік тамаша нәтижеге жетуге кедергі болып отырған жоқ. Мысалға коммунистік еңбек кәсіпорыны атағын алған В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатын алайық. Осы аса ірі кәсіпорында 34 ұлттың өкілі бар. Балқыту цехындағы Социалистік Еңбек Ері А. Ахметжановтың бригадасында жеті адам бар; бұлар түрлі ұлттың өкілі; ал Л. Сокирник басқаратын коммунистік еңбек бригадасында 8 ұлттың өкілі жұмыс істейді. Теміртау металлургия зауытында 20-дан астам ұлттың, Соқолов-Сарыбай кен-металлургия комбинатында 17 ұлттың өкілі еңбек етеді.

Коммунистік еңбек коллективі белгілі бір сапада өнім беретін жай өндірістік ұя ғана емес. Сонымен бірге бұл коллектив — адамдарды тәрбиелейтін, жер бетіндегі ең әділ, ең алдыңғы қатарлы қоғамның адамдарына тән ортақ белгілерді қалыптастыратын үлкен мектеп. Коллектив совет адамдарын өзінің социалистік Отанына, еңбекке сүйіспеншілік рухында, өз мүшелерін біздің ілгері басуымызға кедергі болып отырған олқылықтардың бәріне төзбеу рухында тәрбиелейді.

Коммунистік еңбек бригадалары мен коллективтері түрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара көмектің, нағыз достықтың үлгісін көрсетіп келеді. Бұлар ескінің сарқыншақтарынан толық арылған, бір ұлт өкілі екінші ұлт өкілінен артық деген пікірден аулақ адамдар. Зырян қорғасын комбинатында Қаппас Надырбаев деген тәжірибелі кенші бар. Ол кеншілік өнерге мені Яков Иванович Ягодин, Иван Андреевич Гребенюк және басқа орыстар үйретті деп мақтанышпен мәлімдейді. «Егер Қаппас Надырбаев орыстардың көмегі арқасында учаске бастығы болса, — дейді смена бастығы Е. Н. Бондаревский, қазақтар мені инженерлік мамандыққа үйретті. Оқу орнында Қазақ кен-металлургия институтының доценттері: Құрманғалиев, Байқоңыров, өндірісте Қаппас Надырбаев менің ең жақсы тәрбиешім болды». Осы бір сырт қарағанда кішкене факті еліміздегі халықтар достығының ұлы мазмұнын аңғартады.

Біздің елде тек коллектив ішінде ғана емес, қала мен қала, республика мен республика, халық пен халық арасында бір-біріне көмектесу игі дәстүрге айналған. Совет адамы бәрін де өзі үшін, бүкіл қоғам үшін жасайды. Өзінің жұмысына адал қарау, қоғам мүддесін өз басының мүддесінен жоғары қою, еңбекте, тұрмыста, қиыншылықта бір-біріне көмектесу, сайып келгенде бәрі бірі үшін, оның ішінде сен үшін еңбек етіп жатқан жолдастарыңа қамқорлық жасау деген сөз. Коммунистік еңбек коллективі атағы берілген көп ұлтты коллективтердің жолдастық ынтымағы, өзара көмегі міне осыны айқын көрсетеді.

Коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс көп ұлтты совет халқының әлеуметтік, саяси, моральдық бірлігі туралы, жоғары сатыдағы социалистік жарыс идеясының коммунизмнің салтанат құруы жолындағы бірлескен күресте барлық совет ұлттары мен халық топтары үшін ортақ екені туралы шындықтың жарқын дәлелі болып табылады.

Біздің елде кеңінен өріс алып отырған коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс — интернационалдық құбылыс. Совет халқы біздің елде коммунистік қоғамды барлық социалистік ел халықтарымен бірлесіп орнатып жатыр. Оларды халықаралық жұмысшы және ұлт-азаттық қозғалысы қолдап отыр. Совет Одағы өз тарапынан социалистік лагерь елдерінің социализм орнатуына көмектесуде. Еңбекшілердің ұлттық және интернационалдық мүдделерінің бөлінбес біртұтастығы міне осыдан көрінеді.

Совет Одағында және басқа социалистік елдерде қоғамдық күштер мен шаруашылықтың қоғамдық формалары бір типтес болғандықтан да олардағы коммунизм құрылысының негізгі заңдылықтары бірдей. Сондықтан да біздің елдегі коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың халықтық демократия елдеріндегі социалистік еңбек бригадаларының тууына қозғау салғаны заңды.

Социалистік еңбек бригадасы атағын алу жолындағы қозғалыс — еңбекшілердің қалың бұқарасын социалистік құрылыс міндеттерін орындауға жұмылдырудың, халықтардың бірлігін күшейтудің, пролетарлық интернационализм принциптері негізінде олардың достығын нығайтудың қуатты құралы.

Совет Одағындағы коммунистік еңбек бригадалары мен халықтық демократия елдеріндегі социалистік еңбек бригадаларының арасындағы байланыс жылдан-жылға нығайып келеді, олар өзара тәжірибе алмасып, еңбекте жақсы көрсеткіштерге жету жолында күресуде. «Келіңіздер бірлесіп алға басайық, еліміздің экономикалық қуатын арттыру жолындағы күресте бірімізге біріміз бұрынғыдан да көбірек көмектесетін болайық», — деп жазды Герман Демократиялық Республикасындағы социалистік еңбек бригадасының мүшелері Қарағанды кеншілеріне. Бұл сөздер Совет Одағы халықтары мен социалистік лагерьдегі басқа да елдердің халықтары арасында орнатылған қарым-қатынастың мән-мазмұны мен силатын дәл және анық білдіреді.

Еңбек өнімділігін үздік арттыру, материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасау жолындағы қажырлы, творчестволық еңбек үстінде халықтардың достығы мен ынтымағы нығая береді.

Өнеркәсіп тораптарын жан-жақты дамыту жайлы

(Мәселе қою ретінде)

Б. ДВОСКИН,

география ғылымының кандидаты

Н. САТЫБАЛДИН,

экономика ғылымының кандидаты

Партияның Программасында жоспарлау саласындағы алға қойылған түбегейлі міндеттің бірі — экономикалық аудандарды және өнеркәсіп тораптарын жан-жақты өркендету. Бұл экономикалық аудандар мен өнеркәсіп тораптары шаруашылығының барлық саласын өзара ұштастыра өркендетуді табиғи және басқа байлықты тиімді пайдалануды көздейді. Соның нәтижесінде қоғамдық еңбектің өнімділігі артады.

Осыған орай өнеркәсіп тораптарындағы өндірістің құрылымы, оларды алдағы уақытта жан-жақты өркендетіп, өрге бастырудың негізгі жолдары, материалдық және табиғи мүмкіндікті, адам күшін тиімді пайдалану жөніндегі мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдап шешудің маңызы зор. Қазақстан үшін мұның ерекше мәні бар. Өйткені, өнеркәсіп тораптарының даму, қалыптасу кезінде мұнда елеулі кемшіліктер орын алды. Өндірісті жан-жақты өркендету жөнінде күрделі жоспардың болмауы халық шаруашылығы салаларында кейбір сәйкессіздік туғызды. Мысалы, өндіру және өңдеу өндірісі саласының өсуі арасындағы, өндірістің құрал-жабдығын шығару мен тұтыну бұйымдарын өндіру арасындағы, күрделі құрылыс көлемінің өсуі мен құрылыс базасының дамуы арасындағы, шаруашылықтың құрылымы мен еңбек қорын пайдалану арасындағы сәйкессіздіктер сияқтылар.

Бірқатар торапта құрылыс материалдарын шығару халық шаруашылығының өскелең мұқтажынан көп кенже қалып келеді. Жыл сайын көп материал құрылыста жетіспей жатады. Осының өзі өндірістік, сондай-ақ тұрғын үй және басқа құрылыстардың қарқынын күшейтуге кедергі келтіріп жүр. Онымен қоймай, мұның өзі көптеген құрылыс материалын тым алыстан тасуға мәжбүр етеді.

Тиісті құрылыс базасының жоқтығынан құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспары бізде кейде орындалмай қалады. Павлодар-Екібастұз өнеркәсіп торабында бүкіл одақтық маңызы бар құрылыстар салынып жатыр. Бірақ мұнда құрылыс-монтаж жоспары жыл сайын орындалмай жүр. Содан барып машина жасау кәсіпорны сияқты күрделі заводтарды салу тым ұзаққа созылып барады.

Мұндай қолайсыз жағдай басқа өнеркәсіп тораптарынан да кездеседі. Мысалға Гурьев полиэтилен зауыдының құрылысын алуға болады. Оның салына бастағанына 14 жылдай болды. Шымкент фосфор тұзы зауыдының құрылысы да ұзаққа созылды. Мұнда күрделі қаржының бестен бірі ғана игерілді. Ал осындай маңызды құрылыстағы олқылықтың себебі неде болып отыр? Ең алдымен, құрылыс ұйымдарының қуаты шамалы. Олардың өндірісі арнаулы кәсіпке бейімделмеген, объектілер құрылыс материалымен, оның ішінде әсіресе, темір-бетонмен, арматурамен, ағашпен қамтамасыз етілмеген. Соның үстіне өнеркәсіп тораптарында құрылыстың өнеркәсіптік базасын жасаудың бірыңғай комплексті жоспары жоқ.

Қазіргі жағдайда өнеркәсіпті мамандандыру мен кооперативтенді-

рудің үлкен роль атқаратыны белгілі. Бұл жөнінде де кемшіліктер бар. Бірқатар машина жасау заводында шығарылатын өнімнің түр-түрі толық жатыр. Оның есесіне бұларда негізгі өнімнің үлесі өте аз. Бұл жағдай комплексті жоспардың жоқтығынан, мамандандыру, кооперативтендіру мүмкіншілігін нашар пайдаланудан болып отыр.

Республиканың бірқатар өнеркәсіп торабында металл құймасын әзірлеу жұмысы өте шашыранды. Оның шоғырлану, мамандану дәрежесі шамалы. Мысалы, жылына мың тонна құйма әзірлейтін цехтардың жартысы негізгі өнімді 7 проценттей ғана шығарады. Мұндай кемшілік, әсіресе Қарағанды, Қаратау өнеркәсіп тораптарында жиі кездеседі.

Өскемен өнеркәсіп торабында өндірісті жан-жақты дамытуда елеулі кемшіліктер орын алған. Мұнда полиметалл рудасындағы металдар түгел алынбай жүр. Шығыс Қазақстанда тек түсті металлургияны өркендету өріс алған. Ал мұнда химия өнеркәсібі өркендетуге мүмкіндік беретін бай руда көп. Мысалы, Николаев кені рудасында күкірт 70 процентке дейін жетеді. Бірақ соған қарамастан химия өнеркәсібі бұл өңірде әлі күнге дейін шамалы дамытылып отыр. Осы өнеркәсіп торабында шығарылатын полиметалл рудасындағы күкірттің 18 проценті ғана пайдаланылады. Ал, рудадағы күкіртті толық пайдаланған күнде, күкірт қышқылын өндіруді қазіргіден бірнеше есе арттыруға болар еді.

Өскемен өнеркәсіп торабында түсті металлургияның үздік өсіп келе жатқаны белгілі. Оның есесіне жеңіл, тамақ өнеркәсібі сияқты өндіріс салалары әлі күнге дейін тиісті дәрежеде өркендетілмей келеді. Бүкіл Шығыс Қазақстан облысында түсті металлургияның үлесіне өнеркәсіп өнімінің едәуір бөлігі тиеді. Ал, жеңіл өнеркәсіптің үлесі үш процент болса, тамақ өнеркәсібінің үлесі оннан бір бөлігі ғана. Өнеркәсіптің мұндай сәйкессіздік құрылымы жұмыс күшін, әсіресе әйелдер еңбегін толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Бүкіл елімізде үй шаруасындағы әйелдер 17 процент болса, бүкіл Шығыс Қазақстан облысында 35, ал, Лениногор, Зырян өнеркәсіп орталықтарында 40—45 процент болып отыр, яғни көптеген жұмыс күші қоғамдық пайдалы еңбектен тыс қалуда.

Бұл облысқа, жоғарыда айтылғандай, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жеткіліксіз өркендеуі себепті еліміздің түкпір-түкпірінен жыл сайын жетпіс миллион сомның көпшілік қолды товарлары әкелініп отырады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығының көптеген өнімі облыстан тыс жерлерге жөнелтіліп жатады.

Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы советінде жетіжылдық жоспар бойынша жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендетуге бөлінген күрделі қаржы 3,4 процент қана. Ал мұның өзі түсті металлургияны дамытуға бөлінген қаржыдан жүз еседей кем.

Жұмыс күшін, әсіресе үй шаруашылығындағы әйелдер еңбегін тиімді пайдалану мүддесі өнеркәсіптің салалық құрылымын қазіргіден анағұрлым жақсартуды талап етеді. Бұл үшін алдымен облыстағы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің үлес салмағын көбейту қажет.

Қарағанды өнеркәсіп торабында тұтыну заттарын шығаратын өндіріс салаларының үлесі де өте аз. Экономикалық ауданда жалпы өнімнің 5 проценттейі ғана жеңіл өнеркәсіптің үлесіне тиеді. Соның салдарынан 1961 жылдың бір өзінде ғана Қарағандыға басқа жақтан 29 миллион сомның тігілген киімі, 16 миллион сомның трикотаж бұйымдары, 23 миллион сомның аяқ киімі әкелінген.

Сонымен бірге жеңіл, тамақ өнеркәсібінің бар салалары дұрыс орналастырылмаған. Халық тұтынатын бұйымдар өндіретін кәсіпорындар, өнеркәсіп комбинаттары, тігін ательелер, көбінесе Қарағандының өзінде және Теміртау, Абай, Шахтинск, Саран сияқты қалалар мен жұмысшы поселкелерінде орналастырылған. Облыстың басқа жерінде мұндай кәсіпорындар жоқтың қасы. Демек, ол көп ретте семьядағы екінші, үшін-

ші мүшелердің, әсіресе әйелдердің еңбегін пайдалануға кері әсерін тигізіп келеді.

Мұндай фактілер республиканың басқа өнеркәсіп тораптарында да кездеседі. Мысалы, Қостанай торабындағы Рудныйда жұмысшылар мен қызметкерлердің 80 проценті кен кәсіпорындарында істейді. Мұнда жұмысқа жарамды ересек адамдардың бестен бір бөлегіндейі қоғамдық пайдалы еңбектен тыс қалып қойған. Өйткені, олар жұмысқа орналасатын кәсіпорындар бұл арада жоқ. Қентау қаласында да жағдай осындай.

Біз республиканың Лениногор, Зырян, Жезказған, Балқаш, Ащысай, Рудный, Текелі қалалары мен жұмысшы поселкелерінде трикотаж, шұлық, тігін, аяқ киім фабрикаларын, азық-түлік тағамдары кәсіпорындарын ұйымдастыру шараларын іске асыру керек деп санаймыз.

Қазақстанның оңтүстігінде Қаратау маңызды өнеркәсіп торабы болып саналады. Мұнда минерал тыңайтқыштарды өндірудің бүкіл одақтық ірі базасы жасалмақшы. Байыту фабрикаларын, химия заводтарын және басқа да кәсіпорындар салу жобаланып отыр. Бірақ соңғы уақытқа дейін бұл тораптың шаруашылығын жан-жақты өркендетудің негізгі жоспары болмай келді. Соның салдарынан көп мәселе оқшауланып, бір-бірімен байланыссыз шешіліп жүр. Мысалы, объектілерді сумен жабдықтау мәселесі жөнінде осыны айтуға болады. Ал, оның бер жағында Қаратау өнеркәсіп торабын дамытудың комплексті жоспары болса, мұндай кемшілік орын алмас еді. Бұл тораптың отын-энергетикалық бірыңғай балансы да жоқ. Осыған орай Бұқар-Ташкент—Шымкент—Жамбыл газ құбырын салу қандай өзгеріс енгізеді, электр қуатын тұтынушыларға қалай дұрыс бөлуге болады деген мәселелердің әлі күнге дейін басы ашылмай отыр.

Қазақстанның басқа да өнеркәсіп тораптарын жан-жақты дамыту ісінде де елеулі кемшіліктер орын алуда. Біздің пікірімізше, бұл кемшіліктерді жою осы тораптарды өркендетудің комплексті жоспарларын жасап, оны іске асыруға тікелей байланысты.

Соңғы жылдары бізде өндіргіш күштерді дамытуда елеулі қадам жасалды. Қазір республикамызда экономикалық маңызы күшті бірнеше өнеркәсіп тораптары пайда болып, қалыптасты және әлі де қалыптасуда. Олар: Торғай, Павлодар-Екібастұз, Қаратау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Гурьев, Маңқыстау, Ақтөбе өнеркәсіп тораптары.

Біздің пікірімізше, бұл өнеркәсіп тораптарын жан-жақты дамытудың 1966—1970 жылдарға арналған комплексті жоспарын жасау қажет. Әлбетте, осы тоғыз торап бойынша мұндай жоспарлар жасау жұмысының аумағы да, салмағы да зор екенін ескермеске болмайды. Біздіңше, республикадағы барлық өнеркәсіп торабын екі түрге бөлуге болады. Оның бірі—қазірдің өзінде біршама қалыптасқан тораптар. Олардың өндірістік мамандануы белгілі дәрежеде айқындалған. Бұлар—Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақтөбе тораптары. Екіншісі—қалыптасуы және дамуы жуықта ғана басталған тораптар. Бұлар—Торғай, Павлодар-Екібастұз, Маңқыстау, Қаратау тораптары.

Комплексті жоспар жасаудың қажеттігі тұрғысынан алып қарағанда өнеркәсіп тораптарының екінші түрінің маңызы ерекше зор сияқты. Біріншіден, осы тораптар республиканың, тіпті бүкіл еліміздің экономикасында маңызды роль атқарады, олар еңбектің бүкіл одақтық территориялық бөлінісінде көрнекті орын алады. Екіншіден, осы тораптардың қалыптасу тұсында елеулі кемшіліктер байқалды. Ол кемшіліктерді тораптарды онан әрі дамыту болашағын анықтағанда жете ескеру керек. Үшіншіден, осы өнеркәсіп тораптарының өндірістік бағыты жаңа ғана қалыптасып келе жатқан кезде олардың мамандандырылуын, жан-жақ-

ты дамуын, кәсіпорындар арасындағы өндірістік-территориялық байланысты дұрыс белгілеудің маңызы бар.

Сайып келгенде осы жайдың бәрі Маңкыстау, Павлодар, Екібастұз, Қаратау, Торғай өнеркәсіп тораптарын жан-жақты дамытудың 1966—1970 жылдарға арналған комплексті жоспарын жасауды талап етеді.

Маңкыстау өнеркәсіп торабында мұнай өндірудің өте ірі жаңа базасын жасау міндеті алға қойылып отыр. Бұл торапты комплексті дамыту жоспарында игерілуге тиіс мұнай қорын даярлау қарқынын, яғни геологиялық барлау жұмыстарының көлемін дұрыс анықтауға назар аударған жөн. Бұл өңірде газ-бензин заводтарын салу, мұнай газдарын ұқсату мақсаты көзделуде.

Қаратау өнеркәсіп торабында табиғи зор байлықты халық кәдесіне жарату мақсатымен фосфор, азот тыңайтқыштардың бірнеше ірі кәсіпорны салынады. Осы ауданда ірі энергетикалық база құру үшін Мутарак-Ташкент — Шымкент—Жамбыл—Алматы газ құбырының екінші кезегін орнатуды ойластырған жөн. Мұның өзі азот-тук заводын шикізатпен (табиғи газбен) жабдықтау мәселесін бірге шешуге мүмкіндік береді. Қаратау өнеркәсіп торабында күрделі құрылыстың көлемі мейлінше үлкен болғалы отыр. Осыған байланысты мұнда мамандандырылған құрылыс ұйымын ұйымдастыруды жете ескермесе болмайды. Торғай торабында тұрақты энергетикалық база әзірге жасалмаған. Бұл мәселе осы торапты жан-жақты дамытудың жоспарынан көрнекті орын алуға тиіс. Павлодар-Екібастұз торабында да түбегейлі шешуді тілейтін мәселе өз алдына бір төбе.

Сонымен, тораптар шаруашылығының барлық саласын өзара ұштастыра өркендету жоспарында көптеген мәселе өзінің толық шешімін табуға тиіс. Ең алдымен, әрбір торап бойынша шикізат қорының балансы жасалғаны жөн. Қара, түсті металлургия, химия кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету жайын анықтау үшін мұндай баланс тым керек-ақ. Бұрын бірқатар ауданда осындай баланс болмай келді де, оның өзі өндірістік қуат пен шикізат базасы арасында кейбір сәйкессіздік туғызды.

Өнеркәсіп тораптарын дамыту жоспарында су қоры балансын жасауға да баса көңіл бөлген жөн. Өйткені, Қазақстанның көптеген аймағы үшін сумен жабдықтау мәселесінің де маңызы зор. Судың жеткіліксіздігінен мысалы, Қарағанды, Қостанай, Маңкыстау сияқты өнеркәсіп тораптарында өндіргіш күштердің дамуы кідіріп келе жатқаны мәлім.

Жоғарыда айтылғандай, республикамыздың бірқатар ауданында жұмыс күші нашар пайдаланылады. Халықтың өсу қарқыны жоғары болғанымен республика жұмысшы күші жөнінен белгілі дәрежеде тапшылық көруде. Бүкіл еліміздегімен салыстырғанда Қазақстанда қоғамдық пайдалы еңбекке қатысып жүрген адамдар саны аз болып жүр. Жергілікті, тамақ өнеркәсіп салаларының жеткіліксіз дамуы салдарынан жұмыс істейтін әйелдердің саны біраз қала мен аудан орталығында тіпті аз. Елімізде барлық жұмысшы, қызметшілер арасында әйелдер орта есеппен 48 процент болса, Қазақстанда ол 39 процент қана болып отыр. Осы айтылғандардан көрініп отырғанындай, әрбір өнеркәсіп торабы бойынша жұмыс күшінің балансын жасау өте-мөте қажет. Ондай балансты бүтіндей шаруашылық, сондай-ақ оның жеке сала-саласы бойынша жасаған да тиімді болмақ. Мұның өзі жұмыс күшін пайдаланудағы кемшіліктерді жоюға, өнеркәсіп тораптарын жұмыс күшімен қамтамасыз етудің төте жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп тораптарын дамытудың комплексті жоспарында алдағы бес жыл ішінде шаруашылықтың даму қарқынын, өндірістің құрылымын ыспаттайтын, сондай-ақ өндірістің салалық құрылымындағы өзгерістерді бейнелейтін көрсеткіштер болу керек. Химия, мұнай, газ, энергетика, машина жасау сияқты неғұрлым прогрестік салалардың баса

өркендетілуі қамтамасыз етілуге тиіс. Жоспарда өнеркәсіп тораптары өндірісінің мамандандырылуы тиянақты ойластырылып, нақты дәлелденіп көрсетілгені жөн. Ол үшін мамандандырылған салалардың техника-экономикалық көрсеткіштері: өнімнің түсер құны, шаруашылықтың негізгі салаларындағы еңбек өнімділігі, товарлы өнімнің әрбір сомына жұмсалатын шығындар жөніндегі мәліметтер пайдаланылуға тиіс.

Жоспарда өндірісті мамандандырудың, кооперативтендірудің негізгі желісі егжей-тегжейлі көрсетілгені мақұл. Сондай-ақ өнеркәсіп тораптарында жалпы көмекші, қосымша өндірістер, металл құймасын әзірлеуге маманданған кәсіпорындарды, жөндеу базаларын, біртұтас энергетикалық және құрылыс базаларын жасау белгіленуге тиіс. Өнеркәсіп тораптарының транспорт және транспорт-экономикалық байланыстарын дамыту шараларын дұрыс белгілеудің де маңызы ерекше.

Өнеркәсіп тораптарын дамыту жоспарының маңызды бөлегі—қала төңірегінде мамандандырылған ауыл шаруашылық базасын құру болып саналады. Мұның өзі қала халқын азық-түлікпен, ал жеңіл, тамақ өнеркәсібін шикізатпен толассыз жабдықтап отыратын дәрежеде болуы керек.

Біз өнеркәсіп тораптарын жан-жақты өркендетудің 1966—1970 жылдарға арналған комплексті жоспарын жасау жөнінде өз пікірімізді айттық. Бұл мәселенің егжей-тегжейлі талдап көрсететін жақтары көп-ақ. Бірақ осындай шағын мақалада оның бәрін қамту мүмкін болмады. Сондықтан халық шаруашылығын өркендетудің жана бесжылдық жоспарын жасауға байланысты маңызы бар-ау деген аса маңызды мәселелерге ғана тоқталуды мақұл көрдік.

Жаңа бесжылдық жоспарды жасау — ол тек жоспарлау орындарының ғана міндеті емес. Бұл бұқараның белсенді қатысуымен жүзеге асырылатын іс. Жоспар жасау кезінде халық шаруашылығын оған әрі өрге бастырудың мүмкіндігін терең зерттеу, республиканың халық шаруашылығында, оның экономикалық аудандары мен өнеркәсіп тораптарында соңғы жылдары болған өзгерістерді талдау, қорыту—партия, совет, шаруашылық орындарының міндеті. Бұл міндетті абыроймен орындау бесжылдық жоспардың негізгі бағыты мен көрсеткішін ғылыми негізде тиянақты белгілеуге мүмкіндік береді.



ҚҰРЫЛЫСТЫ ЖОБАЛАУ — МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

В. ПУТИНЦЕВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс жөніндегі Мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары

Республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының жедел өркендеуі, күрделі құрылыс көлемінің барған сайын ұлғаюы жобалау ұйымдарының жұмысын жақсартта түсуді талап етеді.

Қазіргі уақытта 120 түрлі институт, филиал мен мамандандырылған мекеме халық шаруашылығы құрылыстарын жобалаумен шұғылданады. Тек республиканың жобалау ұйымдарында 10 мыңнан астам инженер-техник қызметкер жұмыс істейді. Бұлардың саны жылдан-жылға көбейе бермек. 1965 жылғы жоспарға сәйкес жобалау-іздістіру жұмыстарын орындау үшін мемлекеттік құрылыс комитетінің институттары 2 мыңнан астам адаммен толықтырылуға тиіс.

Бұл күндерде, техникалық прогресс үдеп, өндіріс жұмыстарын автоматтандыру жүріп жатқан кезде, өндіріс кибернетика мен автоматты есеп машиналары арқылы бір орталықтан басқарылатын кезде жобалау мәселелері күрделі құрылыстың жалпы программасындағы негізгі мәселеге айналып отыр. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының маңызы айрықша арта түседі. Партияның жаңа Программасында былай деп атап көрсетілген: ғылыми-техникалық прогресті барынша тездету — жаңа техникалық құралдарды жобалау және оларды өндірісте игеру мерзімін қысқарту жолында күнбе-күн күресуді талап ететін аса маңызды бүкіл халықтық міндет.

Партия Программасында белгіленген бұл міндетті орындау мақсатымен республикада жобалау ұйымдарын мамандандыру жөнінде едәуір жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, құрылысты жобалау институттарында, сондай-ақ технологиялық институттарда ғылым мен жобалауды сала-сала бойынша біріктіріп, қосу жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және жобалау институттары құрылуда. Бұлар ғылым жетістіктерін жобалау мен өндіріске шапшаң енгізуге, құрылыс пен өндіріс мәселелерін бірлесе отырып шешуге мүмкіндік береді.

Жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдарын неғұрлым жаңа ұйымдық негізге көшіру белгілі бір база жасауды, кадрларды іріктеп алу, орналастыру мәселесіне қамқорлық жасауды керек етеді.

Соңғы уақытта жобалау ұйымдарындағы қызметкерлердің саны едәуір көбейді. Кейбір ұйымда 700—900, тіпті 1000 жобалаушы жұмыс істейді. Олардың 60 проценті арнаулы оқу орындарын бітірген жастар — конструкторлар, архитекторлар, технологтар.

Соңғы кезде жобалау ұйымдарының жұмысы жақсара түсті. Көптеген құрылыс типті жобалар бойынша салынуда. Мысалы, Қарағанды облысының бірсыпыра жерінде құрылыс осындай жобамен салынып жатыр. Соның нәтижесінде мұнда селолық құрылыс басқа облыстарға қарағанда едәуір жақсы. Типті жобаның басқа жобаларға қарағанда техника-экономикалық жағынан артықшылығы бар. Ал Тын өлкесінде жағдай басқаша болып отыр. Мұнда, әсіресе мал қораларын қарапайым, қарадүрсін әдіспен салу пиғылы орын алуда. Көптеген құрылыс ұйымы база жоқ деген сылтаумен тиімді темір-бетон және құрастырмалы конструкцияларды пайдаланғысы келмейді. Мұнда құрылыс базасын жасауға босатылған қаржы жылма-жыл игерілмей қалуда. Бұған, ең алдымен, құрылыс басшылары, жергілікті партия, совет ұйымдары кінәлі.

Мысалы, ірі панель және силикат заттарын жасайтын заводтардың құрылысы Целиноград қаласында әлі аяқталған жоқ. Соның салдарынан селолық құрылыс жергілікті материалды ала алмай жүр, ал Целиноград конструкцияларды Москва, Ленинград, Алматы қалаларынан тасып әкелуде. Бұл құрылысты қымбаттатып, қаржыны шамадан тыс артық жұмсауға әкеліп соқтыруда. Мұны мынадан көруге болады. Республика қалаларының көпшілігінде тұрғын үйдің бір шаршы метрі 100—130 сомға түссе, Целиноградта Алматыдан тасылған материалдан салынған үйдің бір шаршы метрі 162, Москвадан әкелінген материалдікі — 280, Ленинградтан әкелінген материалдікі—320 сомға түсті. Сондай-ақ жергілікті құрылыс орындарының жергілікті материалдан азды-көпті салған үйлері де жоспарлы бағадан едәуір қымбат, сапасы нашар.

Өлкеде құрылыс базасының маңызын жете бағаламау салдарынан селолық құрылысты индустрияландыру кешеуілдеп отыр, еңбек өнімділігін арттыру жоспары орындалмай, құрылыс орындары жыл сайын зиян шегуде. Құрылыс базасын ұйымдастыру, оларды аудандастыру, жобалау жөнінен ойсыраған кемшілікке жол берілген. База жұмыс өнімділігі төмен, қол еңбегі көп жұмсалатын ұсақ заводтардан құралған. Бұл базаны мамандандыруға, құрылыс бөлшектерінің түр-түрін шығаруға бөгет болуда.

Бірқатар заводта құрылыс бөлшектерін жасау технологиясы ескірген. Соның салдарынан шығарылған бөлшектердің сапасы төмен. Жұмыс технологиясы бүгінгі талапқа сай емес, жеке құрылыстардың, тіпті бүтіндей комплекстің жобасы жоқ. Бұл — село құрылысындағы тез жоюды тілейтін кемшіліктер.

Құрылыс ұйымдары механизмдермен, техникамен біршама жақсы жабдықталғанымен, еңбек өнімділігін арттыру жоспары жылма-жыл орындалмай келеді. Өйткені үйлер мен құрылыстарды құрастырып салу дәрежесі төмен. Кейбір өнеркәсіп құрылысында құрастыру проценті 50—60, ірі панельді үйлерді жасауда 70—80 процентке жетсе, селолық құрылыста, әсіресе жергілікті материалдардан өндірістік үйлерді салуда 10—15 проценттен аспайды. Ал құрастырмалы бөлшектердің әрбір проценті еңбек өнімділігін 1,5—2 процент арттырады. Демек, жобалау ұйымдары, селолық құрылыс ұйымдары үйлер мен өндірістік құрылыстарды салуға құрастырмалы бөлшектерді кеңінен пайдалануға ерекше назар аударуға тиіс. Тек сонда ғана селолық жерлердегі құрылысты алға бастыруға болады. Мысал келтірейік. Қарағанды облысының Энгельс атындағы, «Құрма» совхоздарында Қарағанды құрылыс тресі екі жарым айдың ішінде 5 мал қорасын салып берді. Құрылыста құрастырмалы бөлшектердің үлесі 88 процент болды. Целиноград, Қостанай облыстарында кірпіштен салынатын тұрғын үйдің әрбір шаршы метріне 12—14 адам-күні, темір-бетон қарқасынан салынатын үйге — 6-8 адам-күні жұмсалса, Ақтөбе облысының «Алға» совхозында 16 пәтерлі екі қабат құрастырмалы ірі панельді үйдің бір шаршы метріне санитарлық-техникалық және электр-техникалық жабдықты толық монтаждауды есепке алғанның өзінде 5 адам-күні жұмсалды.

Селолық құрылысты ұйымдастырудағы, жобалау жұмысындағы елеулі кемшіліктің бірі — экономикалық жағынан тиімсіз материалдармен конструкциялардың қолданылуы, шаруашылық тәсілмен істелетін жұмыс көлемінің көптігі. Былтыр селода мердігерлік жұмыстың көлемі не бары 54,7 процент болды, ал басқасы шаруашылық тәсілмен істелді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің механикаландырылған колонналар ұйымдастыру жөніндегі қаулысында селолық құрылыстағы барлық жұмысты механикаландыру, тұрғын үйлер мен өндірістік құрылыстарды салуды индустрияландыру, яғни үйлерді алдымен түгелдей заводтар мен комбинаттарда құрастыру міндетін алға қойды.

Механикаландырылған колонналар технологиялық жұмысты жаппай түгел механикаландыру есебінен жұмысшылардың санын екі-үш есе азайтып, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс сапасын жақсартып, құрылыстың түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл әдіс үйлерді түгел құрастырмалы бөлшектерден салғанда ғана тиімді болады; ол үшін үйлердің барлық бөлшегін заводтарда даярлау керек.

Қазіргі уақытта колхоздар мен совхоздарда құрылыс қарқынын күшейте түсу керек. Ал таяудағы жылдарда республикада жаңадан 250 қой совхозы ұйымдастырылады. Бұл күрделі міндетті селолық құрылыстың қазіргі ұйымдық жағдайында орындау мүмкін емес. Ең алдымен, ірі индустриялық база және жаңа механикаландырылған колонналар жасап, қазіргісін машина-жабдықпен толығырақ қаруландыру қажет. Мұндай базаның жобасын жасауға қазірден бастап кіріспесе болмайды. Бірақ Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда облыстық атқару комитеттерінің кінәсінен болашақ совхоздар орталығының қай жерден салынатыны әлі күнге дейін белгіленген жоқ.

Село құрылысын ұйымдастыруда жобалау — үлкен мәселенің бірі. Бірақ жобалауды ұйымдастыру село құрылысының қарқынын қанағаттандыру түгіл, кейде негізгі кедергіге айналады. Республикада ауыл шаруашылық құрылыстарын жобалау жұмысымен республиканың жобалау ұйымдарынан басқа өзге республикалардың 100-ден астам жобалау ұйымы шұғылданады. Бұлардың әрқайсысы құрылыстың тиімді типтік жобасын жасайды. Бірақ мұндай жоба көп болғандықтан ондаған, тіпті жүздеген конструктивті элементтер — бөлшектер жасап шығаруға әкеліп соқтырады; мұның өзі өндіріс технологиясының берекесін кетірумен бірге, құрылысты дұрыс ұйымдастыруға кедергі болады. Мұндай кемшілік, әсіресе мал қораларының, құс фермалары құрылысының жобаларына тән.

Бұл кемшілікті қалай жоюға болады? Ең алдымен, ауыл шаруашылық құрылыстарын жобалаушы ұйымдарды нығайту және мамандандырылмаған басқа ұйымдардың жобалау жұмыстарының көлемін қысқарту керек. Өйткені олардың жасаған жобасының сапасы, көбінесе, төмен болады.

Барлық облыста, әсіресе Тың өлкесінде жобалау институттарын белгілеп, оларға комплексті жобалау жұмысын тапсырған жөн. Сонда жобалар мен конструкцияларды типтендіру мәселесі тәртіпке келеді.

Жобалау ұйымдарының алдында қала құрылысы жөнінде зор да жауапты міндеттер тұр. Партияның Программасында былай деп жазылған: «Қалалар мен поселкелерде адамдардың еңбек етуіне, тұрмысына және тынығуына неғұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін өндіріс аймақтарын, тұрғын үйлер аудандарын, қоғамдық және мәдени мекемелердің, тұрмыс кәсіпорындарының, транспорттың, инженерлік жабдықтар мен энергетиканың жүйелерін барлық жағынан түгел тиімді ұйымдастырып отыратын болуға тиіс».

Партияның бұл нұсқауын республиканың жобалау ұйымдары өз жұмысында басшылыққа алып отыр. Қазіргі уақытта көптеген бұрынғы жоспарлар қайта қаралып, жақсартыла түсті. Жоспарда жеке шағын аудандарда мәдени-тұрмыстық барлық жағдай жасалған ірі тұрғын үйлер салу көзделген. Мысалы, Алматыдағы, Теміртаудағы, Қарағандыдағы, басқа да кейбір қалалардағы шағын аудандар бос жерлерде техникалық жағынан жетілген комплексті жоба бойынша салынууда. Ал қалалардың экономикалық жағынан тиімсіз ескі жобалармен салынған аудандары, яғни ұсақ кварталдары ірі тұрғын аудандарға айналдырылууда.

Қазақстан қалаларының жаңа жоспарларын жасауда советтік қала салу өнерінің тиімді, озат әдістері негізге алынған, ал архитектура-

лық-құрылыс мәселелерінде құрылысты тиімді етіп салып, жақсы пайдалану көзделген.

Қазақстанда қала салуды комплексті шешудің жақсы үлгісін Целиноград қаласын жоспарлау жобасынан айқын көруге болады. Қаланың жобасын басқа жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қатысуымен Ленинград қалалық құрылыс жобасы институты жасаған. Жобада қазіргі заманда қала салу жөніндегі талаптың бәрі ескерілген. Республиканың Министрлер Советі Целиноград қаласының бас жоспарын жоғары бағалап, оның тәжірибесін басқа қалалар үшін жобалау-жоспарлау документтерін жасаған кезде ескеруді ұсынды.

Бұл жөнінде Целиноград республикадағы бірден-бір қала емес. Алматы, Рудный, Жетіқара, Балқаш, Лисаков, Жамбыл өзге де қалалардың бас жоспары осы озат әдіс негізінде жасалды.

Бірақ республиканың кейбір қаласында құрылыстың едәуір қымбаттауына жол беріліп отыр. Петропавл, Қостанай, Семей қалаларында құрылыс көптеген алаңда шашыратып салынуда. Гурьев, Жамбыл, Орал, Қызылорда қалаларында бос жатқан жер тиімді пайдаланылмай, аз қатарлы үйлер көбірек салынуда, Өскемен, Павлодар, Жамбыл қалаларында тұруға жарамды үйлерді бұзып, олардың орнына жаңа үйлер тұрғызылуда. Мұның бәрі құрылысты қымбаттатып жіберуде.

Республиканың 16 ірі қаласында 1961—1962 жылдары пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй қорының 10—15 проценті бір қатарлы үй болған. Бұл қалаларда бір қатарлы үйлердің орнына көп қатарлы үйлер салу халықты мәдени-тұрмыс жағынан қамтуға, қала көркін жақсартумен қабат мемлекеттің 2 миллион сомға жуық қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бұл жөнінен кейбір басқа қалаларда да жағдай мәз емес. Қызылордада мемлекеттік тұрғын үйлердің 50, Гурьевте 40, Оралда 30 проценті бір қатарлы үйлер. Сондай-ақ 1962 жылы Алматы облысында салынған тұрғын үйдің 35 проценті бір қатарлы, 46 проценті екі қатарлы, Гурьев облысында тиісінше 22 және 46 проценті, Көкшетау қаласы мен Көкшетау облысында тиісінше 33 және 42 проценті бір және екі қатарлы болды. Жобалау және құрылыс жұмыстары дұрыс ұйымдастырылғанда экономикалық жағынан мұндай тиімсіз құрылысқа жол берілмеген болар еді.

Тұрғын үй құрылысының құнын кемітудің тағы бір жолы—шағын аудандарды жобаларда «еркін жоспарлаудың» озат әдістерін дұрыс қолдана отырып, тиімді тұрғын үйлер салу. Айталық, төрт-бес қатарлы ірі панельді тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны қабырғалары кірпіштен тұрғызылған үйлерге қарағанда орта есеппен 25—30 процент кем.

Қаланың келешегі бүгін жобаланады, сондықтан да жеке аудандар мен қалалардың жобасы қалалық Советтердің мәжілісімен қатар еңбекшілердің жиналыстарында да талқыланып тұрса, жақсы болар еді. Қала құрылысы, оны көркейту жөнінде көрмелер ұйымдастырып, жобаларды жалпы жұрт алдында талқылап отыратын уақыт жетті.

Жобалау — аса маңызды мәселе. Оның қалаларды көркейту, ауыл-селоардың бейнесін өзгерту, қала халқы мен колхоз-совхоз еңбеккерлерінің мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту үшін маңызы зор. Демек, жобалау ұйымдары қол жеткен тәжірибені көпшілік игілігіне айналдыра отырып, орын алып отырған кемшіліктерді жедел жоюға тиіс. Жергілікті партия, совет ұйымдары, бүкіл еңбекші қауымы бұл жұмысқа тікелей қатысып, көмектесіп отыруға міндетті.

Астықтың тапсыру бағасы жайында

Б. ҚАЙЫМОВ,

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы Ғылыми-зерттеу экономика институтының аға ғылыми қызметкері

Өндірістің социалистік тәсіліне товарлы-ақша қатынасы мен құн заңы әсер етеді. Бірақ өндіріс құрал-жабдығына социалистік меншік орнаған жағдайда олар елеулі өзгеріске ұшырайды.

Өнімнің құндық көлемі еңбектің қоғамдық қажетті шығынының мөлшерімен анықталатыны белгілі. Ақшамен белгіленген құн товардың бағасы деп аталады. Демек баға — товар құнының ақшалай көрінісі. В. И. Ленин баға құнға тәуелді емес деген байымдаудың құр бос сөз екенін және мұның өзі ғылымды қорлаумен бірдей екенін атап көрсетті. «Баға, — деп жазды ол, — құн заңының көрінісі болып табылады. Ал, құн — баға заңы, яғни баға құбылысының жинақталған көрінісі» (Шығармалар, 20-том, 200-бет).

Құн заңының мән-мазмұны айырбастың баламалылығына байланысты; товарлар құны еңбектің қоғамдық қажетті шығыны негізінде өлшеніп, айырбасталуға тиіс. Мұның өзі — товардың бағасы оның құнымен бірдей болуы керек деген сөз. Бірақ осы жалпы ереже белгілі жағдайларға байланысты әрдайым қатаң сақталып отырмайды. Баға құннан бірде жоғары, бірде төмен болып, ұдайы ауытқып отырады.

Капитализм тұсында құн заңы табиғаттың дүлей күші ретінде әрекет етеді. Баға товарлардың ұсынылуы мен оларға деген сұранысқа байланысты ауытқиды. Құн заңының осылай әрекет етуі нәтижесінде товар өндірушілердің бір бөлігі күйзеліске ұшырап кедейлене берсе, екінші бөлігі (құралы жаңа, еңбек өнімділігі жоғары бөлігі) біртіндеп байи береді. Мұның өзі, бір жағынан, жұмыс күшін ғана сатып күнкөрушілерді туғызса, екінші жағынан, оларды жалдап алып қанайтындарды — капиталистерді туғызады.

Құн заңы социалистік экономика жағдайында белгілі бір шекте ғана әрекет етеді. Социалистік мемлекеттің бағаны товардың құнына жақындатуға, сонымен қатар бүкіл қоғамның мүддесі үшін бағаны құннан жоспарлы түрде ауытқытуға мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне қойылатын баға бүкіл социалистік өндіріске тән экономикалық заңдылықтарға бағынады. Ауыл шаруашылығының өнімдеріне, оның ішінде дәнді дақылдарға экономикалық жағынан негізделген баға белгілеу — социалистік экономика жүйесіндегі аса маңызды мәселелердің бірі. Әңгіме мынада: сатып алу және тапсыру бағалары өндіріс шығындарын толық өтеуге, сонымен бірге үдемелі ұдайы өндіріске керекті қор жинауды қамтамасыз етуге, әрбір шаруашылықты өнім көлемін арттыру, олардың сапасын жақсартып, түсер құнын кеміту үшін ынталандыруға тиіс.

А. Н. Косыгин жолдас СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында жасаған баяндамасында мынаны атап көрсетті: «Шаруашылық есепті қолдану, экономикалық жағынан негізделген бағаның белгіленуі, пайда табу ролінің арттырылуы, жақсы өнімді еңбек үшін міндетті түрде және ұдайы материалдық жағынан көтермелеу шараларының қолданылуы экономикамызды шапшаң қарқынмен өрге бастырудың маңызды шарттары болып табылады».

Елімізде, әсіресе соңғы жылдары колхоз және совхоз шаруашылығы өнімдерінің бағасын реттеу жөнінде көп жұмыс істелді. Мәселен, 1954 жылы негізгі ауыл шаруашылық аймақтары бойынша совхоз шаруашылығы өнімінің тапсыру бағасы сараланды, 1958 жылы колхоз шаруашылығының өніміне бірыңғай аймақтық сатып алу бағасы белгіленді, 1961 жылы совхоздар өнімінің кейбір түрін тапсыру, бағасының мөлшері қайта қаралды, 1962 жылдың 1 июлінен бастап мал шаруашылығының негізгі өнімдерінің сатып алу және тапсыру бағалары көтерілді, ал жақында сүт пен бұршақтың бағасы қайта қаралды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және тапсыру бағаларының үздіксіз жетілдірілуі партия мен үкіметтің баға белгілеуде бұрын орын алып келген кемшіліктерді жою жөніндегі ірі шарасы болып табылады. Солай бола тұрса да баға белгілеуде әлі де елеулі кемшіліктер бар. Айталық, Қазақстандағы тапсыру бағасында кейбір аймақта дәнді дақылдарды өндірудің ерекшеліктері толық ескерілмей жүр.

Республика тапсыру бағасы бойынша үш аймаққа бөлінген: I аймақ — Тың өлкесі, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Семей облыстары; II аймақ — Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстары; III аймақ — Орал, Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда облыстары.

Республиканың бірінші бағалық аймағы орасан зор территорияны — 127 миллион гектар жерді қамтиды. Онда 8 облыс, 820 совхоз, 355 колхоз орналасқан. Бұл аймақ республикада барлық астықтың 82 процентін өндіреді, мұнда егістік жердің 88 проценті бар. Аймақтың жері солтүстіктен оңтүстікке қарай Батыс Сибирь ойпатынан Бетпақдаланың шөлейт қырларына дейін, батыстан шығысқа қарай Оңтүстік Оралдың тау бөктерлерінен Алтай тауларына дейін көсіліп жатыр.

Осындай ұшы-қиырсыз аймақтағы совхоздар топырақ-ауа райы, дәнді дақылдарды өсіру жағдайы жөнінен бір-бірінен мүлде өзгеше. Сондықтан да мұндағы барлық совхоз үшін астыққа бірыңғай баға белгілеу негізінен шаруашылықтардың тиімділік дәрежесінің төмендеуіне әкеліп соқтыруда.

Осы аймақтағы совхоздарда астықтың бір центнерінің құны 7 сом 50 тиыннан 10 сом 70 тиынға дейін, егіннің бір гектарына жұмсалған шығын 29 сомнан 43 сомға дейін ауытқиды; соның салдарынан астық өндірудің тиімділік дәрежесінде үлкен айырмашылық бар.

Алты жылғы (1958—1963 жылдар) мәлімет бойынша совхоздарда астықтың бір центнерінің аймақтық түсер құны орта есеппен орташа сату бағасынан I аймақта 82 тиын, II аймақта 17 тиын асып түсті немесе шаруашылықтар тиісінше 16,8 және 4,1 процент зиян шекті, ал үшінші аймақта астықтың әрбір центнерінен 1 сом 45 тиын пайда түсірілді; яғни астықтың тиімділік дәрежесі 32,4 процентке тең болды.

I және II аймақтардағы совхоздарда астық өндірудің тиімсіз болуының негізгі себептері мынаған байланысты:

а) егіннің әр гектарынан өнім аз алынады, бұған байланысты астықтың бір центнерінің түсер құны жоғары болып жүр (1958—1963 жылдарда орта есеппен—I аймақта 4 сом 90 тиын, II аймақта—4 сом 26 тиын болды).

б) мемлекетке сапасы төмен астық өткізіледі. Тек 1964 жылы ғана Тың өлкесінің совхоздарында дымқылдығы және былғаныштығы үшін товарлы астық 730 мың тоннаға кемітілді. Бұл—өлкеде дайындалған барлық астықтың 8,9 проценті. Ал, республика көлемінде товарлы астықтың тек таза болмауы салдарынан 1959—1963 жылдары мемлекеттік дайындау пункттері республиканың тек совхоздары бойынша 66 895 мың сомды, оның ішінше Тың өлкесінің совхоздары бойынша 51 530 мың сомды кемітті; мұның өзі тапсыру бағасының дәрежесін төмендетуге әкеліп соқтырды.

Сонымен қатар Қазақ ССР-інің I аймағындағы совхоздардың бидай

тапсыру бағасы (1 центнері 4 сом 74 тиын) Россия Федерациясының Алтай өлкесі, Омбы, Қорған, Челябині облыстары кіретін көршілес аймағының совхоздарына қарағанда (5 сом 18 тиын) едәуір кем белгіленген.

Ал Қорған, Омбы облыстары мен Алтай өлкесі совхоздарының Тың өлкесінің совхоздарына қарағанда ауа райы жағдайы да, жері де жақсы. Ол аймақтағы совхоздардың дені Батыс Сибирьдің орманды дала аудандарына және Алтайдың тау бөктерлеріне орналасқан. Олардың жері негізінен қара топырақты болып келеді. Аймақта ылғал да мол. Мұнда жылына 300—455 миллиметр ылғал түседі.

Ал, Россия Федерациясының осы аймағымен шектесетін республиканың I аймағындағы жердің негізгі бөлегінің топырағы сортаңдау және сортаң қара топырақты болып келеді; аймақтың солтүстік бөлігі негізінен жартылай қуаң аймаққа жатады. Мұнда жылына орта есеппен 280—350 миллиметр ылғал түседі. Мұның өзі Россия Федерациясының біз сөз етіп отырған облыстарында түсетін ылғалдан 20—100 миллиметрге дейін кем.

Табиғи-ауа райы жағдайының қолайлы болуы әрдайым мол өнім алып, астықтың түсер құнын кемітуге жәрдемдеседі. Қолда бар мәліметтерге қарағанда Россия Федерациясының совхоздарында Қазақстанның I аймағындағы совхоздармен салыстырғанда егіннің әр гектарынан I центнер өнім артық алынады, астықтың 1 центнерінің түсер құны 45 тиынға кем, товарлы астықтың бір тоннасының сату бағасы орта есеппен 3 сом 50 тиын артық.

Астықтың түсер құны төмен, сату бағасы көтеріңкі болғандықтан Россия Федерациясы аймағындағы совхоздар біздің республиканың совхоздарына қарағанда табысты көп алуда. Мәселен, олар астықтың әрбір центнерінен 51 тиын пайда түсірсе, біздің I аймақтағы совхоздар 1958—1963 жылдар ішінде астықтың 1 центнерін сатудан орта есеппен 82 тиын зиян шекті.

Сондай-ақ Қорған облысы мен Алтай өлкесі астық өндіруден табыс алып жүрсе, оларға шектес Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары одан зиян шегуде. Бұл да негізінен астықтың түсер құнының жоғары болып, орташа сату бағасының кемдігінен болған жағдай.

Тың өлкесінің совхоздары 1961 жылы Россия Федерациясындағы көршілес облыстардың совхоздарына қарағанда тек тапсыру бағасының төмендігінен 34,8 миллион сомды кем алды.

Республиканың I және III аймақтарының арасындағы бағалардың айырмашылығы да зор. Бидайдың бір центнерінің тапсыру бағасы I аймақ үшін 4 сом 74 тиын, III аймақ үшін 6 сом 12 тиын, яғни баға III аймақта I аймақтағыдан 29 процент жоғары, қара бидай тиісінше 4 сом 50 тиын және 5 сом 30 тиын немесе 18 процент жоғары, арпа — 4 сом 20 тиын және 5 сом немесе 19 процент жоғары болып белгіленген.

Ал 1958—1963 жылдар ішінде III аймақта астықтың бір центнерінің түсер құны орта есеппен I аймақтағымен салыстырғанда 8 процент төмен болды. Мұның бәрі осы кезеңде III аймақ совхоздарының астықты сатудан 56 886 мың сом табыс табуына, I аймақтағы совхоздардың 266 484 мың сом зиян шегуіне әкеліп соқтырды.

Республика колхоздарының дәнді дақылдарды мемлекетке сату бағасында да көп кемшілік бар.

Дәнді дақылдарды сатып алу бағасы төрт бағалық аймаққа бөлінген: I бағалық аймаққа Алматы, Жамбыл облыстары, II аймаққа Целиноград, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Семей, Шымкент облыстары, III аймаққа Қарағанды, Павлодар облыстары, IV аймаққа Орал, Ақтөбе, Қызылорда, Гурьев облыстары кіреді.

II аймақтағы колхоздардың табиғи экономикалық жағдайы әр түрлі. Мысалы, республиканың солтүстігіндегі (Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарындағы), оңтүстігіндегі (Шымкент облысындағы),

шығысындағы (Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы) колхоздар осы аймаққа жатқызылған. Соның өзінде бір аймақтағы әр облыстың шаруашылығында астықтың түсер құны әр түрлі. Айталық, бес жыл (1958—1962 жылдар) ішінде Шымкент облысының колхоздарында өндірілген астықтың бір центнері Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарымен салыстырғанда орта есеппен 1,3 есе, Семей облысының колхоздарымен салыстырғанда — 2 есе қымбат болды.

Алматы, Жамбыл облыстарының колхоздары үшін бидайдың бір центнерінің сатып алу бағасы 6 сом 50 тиын, Орал, Ақтөбе, Гурьев облыстарының колхоздары үшін — 8 сом 40 тиын болып белгіленген.

Совхоздардың басқа топтарында да осындай жағдай байқалып отыр. Мұның бәрі дәнді дақылдардың тиімділік дәрежесінің ала-құла болуына әкеліп соқтырды. Мысалы, астық өндірудің тиімділік дәрежесі республика колхоздарының бірінші тобында 64, екінші тобында 80, үшінші тобында 55, төртінші тобында 103 процент болды.

Жоғарыда айтылған кемшіліктердің орын алу себебі мыналарға байланысты: 1954 жылы тапсыру бағасын, 1958 жылы сатып алу бағасын (бұл бағалар қазір де қолданылып жүр) белгілеген кезде бір гектардан алынатын өнім, түсер құн, астықтың бір центнерін өндіруге жұмсалатын еңбек сияқты маңызды факторлар жеткілікті дәрежеде ескерілмеген. Колхоздарда да, совхоздарда да осы күнге дейін түсер құн әрбір дақыл бойынша жеке-жеке емес, бес дақыл (бидай, кара бидай, тары, арпа, сұлы) бойынша бірге есептеледі, ал баға әрбір дақылға жеке-жеке белгіленеді. Дақылдар тобы бойынша есептелген түсер құн астықтың түсер құнын шартты етеді, осыдан келіп, оны өндірудің тиімділігі де шартты болып шығады.

Сонымен қатар дәнді дақылдарға баға белгіленгелі бірсыпыра уақыт (тапсыру бағасы үшін 11 жыл, сатып алу бағасы үшін 6 жыл) өтті. Осы уақыт ішінде республиканың астық шаруашылығының экономикасында орасан зор өзгерістер болды: совхоздардың саны 209-дан 1 326-ға жетті, дәнді дақылдар егісінің көлемі 21 есе, астықтың жалпы түсімі 14, астық дайындау 18 есе артты. Дәнді дақылдар қазір республиканың барлық жерінде дерлік егіледі, мұның өзі астық өндірудің орташа аймақтық шығын мөлшеріне елеулі өзгерістер енгізді.

Колхоздар үшін сатып алу бағасының, совхоздар үшін тапсыру бағасының қазіргі аймақтары территориялық жағынан дұрыс белгіленбеген. Соның салдарынан біріне бірі жақын, қатар орналасқан шаруашылықтар түрлі аймақтарға жатқызылған. Әрине, мұны табиғи-экономикалық жағдайларға байланысты бөлінді деуге болмайды. Қазіргі уақытта республиканың шаруашылықтары сатып алу бағасы бойынша 4, тапсыру бағасы бойынша 3 аймаққа бөлінген. Дәнді дақылдарды өсіру жағдайы, астық өндірудің экономикалық көрсеткіштері астықты тапсыру және сатып алу бағасы үшін бірыңғай аймақ белгілеуді талап етеді.

Сонымен, қазіргі бағалық аймақтар, сондай-ақ дәнді дақылдарды өткізу бағасының дәрежесі астықты өндіруге тікелей жұмсалған шығынды дәл көрсете алмайды және республикада дәнді дақылдарды өсірудің қазіргі экономикалық ерекшеліктеріне толық сай келмейді.

Баға белгілеудегі жоғарыда көрсетілген кемшіліктің бәрі бағалық аймақтың шекарасын, дәнді дақылдардың сатып алу және тапсыру бағаларының мөлшерін қайта қарауды керек етеді. Бұл мәселе республиканың жоғарғы басқару орындары мен жоспарлау және ғылыми мекемелерінің назарынан тыс қалмауға тиіс.

Маңқыстау мұнаралары

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ

— Біз қазына теңізі үстіндеміз.

Халел Жағыпарұлы алғашқы сөйлемін осылай бастап, оң қанатына бұрылған еді. Назарын облыс картасына аударған екен. Зейінді қарашықтарынан көгілдір сәуле ұшқындап, үнсіз ойға шомыпты. Қазір ол жер жыныстарымен ғана сырласып, өзге төңіректі бір сәтке ұмытқан тәрізді. Мүмкін, кірпік ұштарынан құйылған әлгі бір өткір сәуле жер қабаттарына үңгі бойлап, осынау ұлан-асыр аймақтың қай тұсында, қандай қазына жатқанын тәжірибелі көздің алдына тосатын-ды. Аққұба жүзінде ойнаған жұкалаң қызғылт рең де сол қазынаға сүйсінген барлаушы жүрегінің қуанышын паш ететін-ді.

Аңғарымпаздық жалпы барлаушыға тән қасиет. Ал Халел Жағыпарұлы бала шақтан барлаушы. Тіпті тұқым қуған мұнайшы ұрпағынан. Қазір ол отыз жетіде ғана. Әрине, Отан басына қатер төнген кешегі соғыс жылдарында он төртке жана ғана аяқ басқан ересек бала екенін еске алсақ, көп нәрсені әлі де аңғарып үлгермеген албырт кезі деуге де болар еді. Бірақ Халелге сол тұстарының өзі көп нәрсені аңғартты. Әке міндетін бала атқарған сұрапыл жылдар Халелді де балалық күлкіден ерте ажыратып, ерте қалыптастырды. Халел он беске жетпей, барлаушылармен бірге жапан шарлады. Қысқы дүлей боранда тісі-тісіне тимей сап рет тонғаны бар. Кейде күртік астында, кейде жер кепеде түнейтін мазасыз сапар өмірі естен кетер ме? Я, ешқашан да ұмытылмайды ол кездер. Сүнгірбай Мәмбетов сияқты ағалардың мейірім құшағында бойы жылынып, көзі ілінсе болғаны қиялы майдан шебінде самғайтын. Кейде ажал найзасы көкірегіне шаншылып, үрейлене оянса, кейде жау танкісін қиратып, қуанышты күлкімен оянатын-ды. Түс, бәрі де түс. Сол түстерде ол Волгоградты жаудан азат етіп, басқыншылар әскерін Еділ шыңырауына батыратын-ды. Төбелерінде шүйілген жау құзғындарын да жалғыз оқпен құлататын-ды. Тіпті осы түсіне өзі де сеніп оянатын. Бірақ ертең жаудың құзғынын көк күмбезінде көретін. Ол енді майданға қашуды ойлайтын. Амал не, қашып кете алмай ала таңнан тағы да ақ боранды кезетін. Қиындық тек қыста ма? Түкірігін бу болып ұшатын жазғы тамыз шілде ше? Тамшы суға зарығар шөлейт аз ба еді?

Мынау кесек тұлғалы аққұба жігіт сол ауыртпалықтың бәрін де балалық шақтан-ақ бастан өткізді. Совет халқының азаттық жолындағы күресіне аз да болса өз үлесін қосты. Ұлы Отан соғысының салтанатты жеңісінен кейін ғана ересек кеудені қуанышқа толтырып, оқу жайлы ойланды. Баста мұнай техникумын, кейін институт бітірді. Бірақ бұл жылдары да ол тәжірибе жұмысынан қол үзген жоқ. Михаил Константинович Табарин сияқты даңқты барлаушылардың көмекшісі болып істеді, олардың озық тәжірибесін үйренді...

— Иә, біз қазына теңізінің үстіндеміз, — деп Халел Жағыпарұлы Өзбекқалиев көз қиығын карта бетінен енді ғана аударып, маған бұрылды да, биязы ғана жымиды, — әрине, кілкіп жатқан дайын дария екен деп ойламаңыз. Ол жер қабатын бойлаған сансыз тамшылар мен сансыз түйіршіктер жиынтығы. Сізге түсініктірек болу үшін қарапайым бір мысал келтірейінші. Халық ұғымында аруана сүті 62 тамырдан жиналады деседі. Жаңылмасам халық жырларының бірінде осылай айтылса керек. «Нар идірген» күйі де осыны шертеді ғой. Ал Маңқыстау тұ-

бегін аруана бейнесінде алар болсақ, бұның бойында да өзіне тән сала-сала тамыр бар. Айталық 62 емес, 32 делікші. Біз әзірге сол қабаттардың жетеуімен ғана сырласып үлгердік. Мен тамыр деп жер қабаттарын айтып отырмын. Тым қарапайым болды ма, қалай?

— Жоқ, өте орынды. Асылы, қарапайымдылықтан қашпаған жөн. — Мен разылық білдіріп, басымды изедім. — Бөгде адамға осылай түсіндіргеніңнің өзі ұтымды. Ал, қарапайым ұғымда жер тереңдігі жеті қабатпен шектелетін болса керек. Жеті қабатпен сырласу жер құпиясын тану деген сөз. Кәне, не айтады, сырты қуаң бұл түбек.

— Қуаң түбек дедіңіз-ау. Қораштау болмас па екен?

Инженер барлаушы менің бұл сөзімді ұнатпай қалған тәрізді. Бірақ табиғи сыпайылығын сақтауға тырысып, қулана күлген болды. Жұқалтымдау ерінде әлденендей күбір бар. Мүмкін, әлгі сөзді іштей қайталап отырған-ды? Қарашығын тағы да карта бетіне қадалтты. Кірпік ұштарынан құйылған манағы бір көгілдір сәуле бұл жолы тіпті молая түскендей.

— Ренжи көрме, — мен ақталуға тырыстым, — сырт қуандығын айтам да.

— Түсінемін. — Халел кең маңдайы жарқ етіп маған бұрылды. — «Сыртыма қарап түңілме, жүрегіме үңіл. Жортып жүрген дұшпанның сұғанақ көзіне шалынбасын деп асылымды тереңге жасырғанмын. Ауам тұзды, желім алау болса да, қасиет тұтып, қорғай білген қарапайым халықтың келер ұрпағына бұйырсын дегенмін. Сол ұрпақ мына сендерсің. Шыңырауыма бойлай беріңдер. Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі де менің қойнымда. Аралап ала беріңдер. Тек қана халық бақытына жаратындар. Мені де бақытты ете біліңдер. Ғасырлар бойы құлазып, қуаң тартқаным жеткен тәрізді. Күндей күліп, гүл жайнағым келеді» дейді бұл түбек.

Барлаушы ендігі әңгімені қоңыр жай дауыспен бастады да, Маңқыстау байлығын баяндай келіп, сөз аяғын салмақпен түйді.

— Қуаң түбек емес, қазына аралы бұл!

Шынында да сырты жұтаң бұл өлке сарқылмас қазына қоймасы екен. Мұнай мен газды былай қойғанда, бұл түбектен қазірдің өзінде: темір рудасы, тас көмір, марганец, кобальт, фосфорит, барий тұздары, тау хрусталі, мұнай тазартатын бентонит саздары, кирь байлығы, минералды бұлақ, ыстық су табылып-ты.

— Сөйтіп, келешекте тек мұнай мен газ емес, өзге байлықты да қоса қамту үшін бұрғылау жұмысы жан-жақты жүргізілгелі отыр. — Инженер бөгеле түсіп, сөзін жалғады. — Ал мұнай мен газды қоймадағы қазына деуге болады. «Өзен» осының айғағы! Онда қазірдің өзінде көптеген тонна мұнай қоры пайдалануға тапсырылып, іздеу-барлау жұмыстары әлі де дауам етілуде.

— «Өзен» бір керемет болды ғой.

— Дұрыс айтасыз, — «Өзендегі» мұнай байлығы Башқұртстандағы атақты Тоймазы қорынан біраз артық. Ал Жетібай одан кем түспес деп ойлаймыз. Тек биылғы жылдың өзінде ғана ондаған миллион тонна геологиялық мұнай қорынан диплом қорғауға міндеттіміз.

— Артығымен, — Әңгімеге партком секретары Мұсташ Хұсайынов араласты. — Біздің 150 коммунистіміз бен 270 комсомол мүшесі барлаушыларды сол нысанаға бастамақ. Бүгінгі партия жиналысы да сол мақсатқа арналған.

— Я, жеңіс кілті ұйымшылдықта. Коммунистердің бұқараға жетекші бола білуінде, — барлаушылар жетекшісі партком секретарына аса бір ризалықпен қарады. — Коммунистердің үлгі көрсетіп келгені де рас, бұдан былай коллективті жеңіске бастайтындығына да сенемін. Ал коллектив негізінен алғанда талай ауыр сыннан өткен құрыш адамдардан құралған. Сенімді коллектив!

Халел Жағыпарұлы облыс картасын көз қиығымен шарлай тұрып, өзі басқарған осы коллективтің мазасыз да мазмұнды сапарын еске түсірді.

1958 жыл. Ембі желіні тартылып барады, сарқылып барады. Барлаушылар алдында жаңа міндет тұр. Өнімді мол беретін соны аудандар қарастыру қажет. Геофизиктердің болжауына қарағанда байлық көзі Маңқыстау түбегінде. Әзірге болжам ғана. Жаңа сапардың сәттілігіне сенушілер де, шек келтірушілер де бар. «Ауасы тұзды, желі алау, құс қанатын күйдіріп, аң табанын қаритын, тамшы сусыз қиян тұз!» Шек келтірушілер осындай үрей шақырады. Бірақ қатыгез табиғатпен сан рет беттескен барлаушылар көпшілігі шошынар емес. Халел толғаныс үстінде. «Жер тамұқты тағы да кезбек пе ең? Айдалада қашанғы жүрмексің? Сен қазір бойдақ та емессің!» Инженер құлағында екі үн. Алғашқысы осылай күбірлесе, соңғысы батыл естіледі: «Халел-ау, неге үнсіз отырсың? Кешегі жалақ ерін сары бала кездегі үлкен арманың қайда? Салихалы инженер, биік самғар сағатың емес пе, бұл?» Жазғырушы кім? Жоқ, өзге емес, өз кеудесінің, өз жүрегінің үні. Халел партия билеті жатқан төс қалтасына оң қолын апарды да орнынан көтерілді. «Жолдастар, үрейленер ешнәрсе жоқ. Бұл барлаушылар өміріндегі ауыр сапардың алғашқысы да, ақырғысы да емес. Барамыз, іздейміз. Мұнай бұлағының сол түбекте екені ақиқат. Ең мұқтажы су болса оны да өзіміз табамыз!»

Халел сөзін Сүңгірбай ақсақал қостады. «Ау, халайық, осы жігіт дұрыс айтады. Қаймығар кез бұл емес. Баяғыда түйелі керуенмен жаппан шарлап, қол бұрғымен де мұнай көзін ашқанбыз. Қазір шүкір, осынша техника тұрғанда... Әй, тізім басына мені жазындар. Жасым еңкейе тұрса да жаным жас. Кәрі коммунистеріңді тағы да бір сынап көріндер!» Сүңғақ бойлы бұрғышы сөзін осылай түйді де, көршісіне бұрылды. «Мынау Салық сияқты жас коммунистер не ойлайды екен? Осыларды тыңдалық!» Сөзге үйірлігі жоқ Салық Рысқалиев сәл қозғалды да, қайтадан отырды. — «Айтатын не бар. — Бұдан жаманымызда да тойға барғанбыз. Екінші етіп мені жазындар!» Әр тұстан қостаушы дауыстар естілді. «Дұрыс, барамыз. Мені де...» Маңқыстау сапарына әзірлік кезеңі осыған ұқсас толғаныстармен аяқталды да, Ембі барлаушыларының алғашқы отряды «мейірімсіз» түбекке өз қостарын орнатты.

Бірақ Маңқыстау түбегіндегі алғашқы адым сәтті бола қоймады. Бір жерден қайнар су атса, екінші тұстан қойыртпақ аралас жылан көздері ғана жылтырайды. Мұнай бар да, өнім аз. Мұнаралар мазасыз қоныс аударумен болды. Сөйтіп, жүріп қыс өтті. Келер жыл да қуаныш нышанын көрсете қойған жоқ. Тағы да мазасыз қоныс аудару, нәтижесіз бұрғылау.

1959 жыл. Халел Жағыпарұлы барлаушылар экспедициясының жетекшісі болып тағайындалды. «Мейірімсіз» түбектің сол жылан көздерінен басқа емеуріні жоқ. Тіпті, мұнайды былай қойғанда ауыз судың өзі қат. Аспан айналып жерге түсерлік, күйіп тұрған бір әлемет. Сая болар бұта жоқ. Шырылдап торғай құлайды, қанатын жалын шарпыған. Ал адам ше? Адам неткен төзімді! Өз әрекетін доғарар емес, қабақтары қатыңқы болса да қалжырап емес. Жас жетекші үлкен сын үстінде. «Не істеу керек? Шынымен-ақ босқа арам тер боламыз ба? Жоқ, мүмкін емес, жер қабатынан алынған белгі-деректер мұнай көзінің барлығын, тіпті молдығын дәлелдейді. Қайда, қай тұста жатыр? Мүмкін, оңтүстікте, тереңде?»

Халел геофизиктермен кеңесе келіп осыған тоқтады да, Рысқалиев бригадасын Жетібай жазығына, Мәмбетов бригадасын «Өзен» аңғарына көшірді. Жас жетекші де, қажуды білмес бұрғышылар да осы тұстан үлкен үміт күткен еді. Алпысыншы жылдың көктемі сарғая күткен сол қуаныш сағатын ала келді. Май айында Салық Рысқалиев бригадасы-

ның екінші скважинасынан мұнай көзі мөлдіреп, Сүнгірбай скважинасынан қуатты газ тынысы байқалды.

Сөйтіп, түнеріңкі қабақтарға күлкі оралып, қоңырқай жүздерде мақтанш нұры толқыды. Алғашқы күлкі, алғашқы қуаныш. «Бәсе, осылай болса керек еді. Бұл әлі бастама ғана, кереметтің көкесі кейін болса керек!»

Жетекші осылай топшылаған еді, қателеспеген екен. Ол үш айдан кейін сол кереметтің көзі ашылды. Тіпті теориялық болжамнан бұрынырақ бұрқ етті.

Бұл 1961 жылдың 4 июлі болатын. Ол күні алтыншы скважинаның ертеңгі вахтасын комсомол мүшесі Сүлейменов қабылдаған-ды. Жас бұрғышы дағдылы жұмысына кірісті. Жобаланған тереңдікке жету үшін әлі де жүз елу метр бұрғылауы керек. Әзірге төртінші қабатта ғана. Ал бірақ бұрғышы жүрегі әлденендей оқыс бір жайды сезінетін тәрізді. «Мүмкін, тәжірибесіздігім шығар». Жоқ, кенет жер көкірегінен қуатты бір гүріл пайда болды да, кара мақпал мұнай фонтаны аспан күмбезіне шапшыды. Тіпті, басылар түрі жоқ. Бұрғышы қуаныш пен қорқыныш аралас бет алды жүгіре берді. Тіпті бірдемені бүлдіріп алғандай, қуанышынан гөрі қорқынышы басым. Бірақ, жас жігітті жазғырушы ешкім болған жоқ. Қоршаған жұрт қуаныш құшақтарына қаусыра түсті.

Сөйтіп, алтыншы скважина Маңқыстау түбегіндегі сарқылмас байлықты бүкіл әлемге паш етті. Бүгінгі үлкен Маңқыстаудың өмір баяны осылай басталды.

Сол күннен бастап экспедиция жетекшісінің алдына жаңа міндеттер қойылды. Ол кен толғануға, кезек күтпес келешек жұмыстар төңірегінде толғануға тиісті. Кешегі арман бүгін аласалық етеді. Қасиетті өлке өз қойнындағы кара алтын бұлағын ашты. «Алтын тапсаң белден қаз!» Тамаша сөз. Бірақ ескірген өлшем. Үш мың, тіпті, төрт мың метр қазу керек. Бұрғылау жұмысы жүргізіле бермек. Бұл алғашқы міндеттің жалғасы ғана. Ал бүгінгі арман шексіз кеңістікті, шырқау биікті мезгейді. Барлаушылардың кешегі ұсақ отряды келешек талапты қамти алмайды. Жаңадан тәжірибелі мамандар алдыру, шағын отрядты ірі коллективке айналдыру мәселесі алғашқы кезекте тұр. Олар үй-жандарымен келеді. Демек, құрылыс мәселесін де кезек күттіріп болмайды.

Барлаушылардың жетекшісі ол күндері осыларды ойлаған-ды. Қазір сол ойын іштей қайталағандай жымыя күліп, терезеге көз тіккен. Ал терезе сыртында жас парктің жапырақтары сыбдырлайды. Балғын ағаш арасындағы ашық алаңда қарбыз-қауын алғашқы түйнектерін көгендей тізіп, өрнекті желі тартыпты. Ашық әйнектен қоңыр жай самал еседі. Парк шетінде жасыл дуал көрінеді. Жазғы театр болуға тиісті.

Халел қол сағатына қарады да орнынан көтерілді.

— Ал, енді жарты сағаттан кейін 16 скважинаны цементтеу жұмысы басталмақ. Барасыз ғой. Машина дайын тұр.

— Баруым керек.

...Біз есік алдына шықтық. Геологтар поселкесінің кен көшесімен агрегаттар тізбегі өтіп барады. Оң алтыншы скважинаны цементтеуге жөнелген алыптар деседі. Алып десе алып. Екі сағат ішінде 80 тонна цемент құйып үлгеретін болса керек.

Газик заулап келеді. Геологтар поселкесі сала-сала көшелерімен үлкен бір аймақты алып, ұзыннан-ұзақ созылған. Сол қанатта стадион алаңы қалып барады. Сағымда жүзген биік мұнаралар шалғайдан көз тартады. Бұлар кешегі елсіз далаға орнаған алып техника. Миллион тонна мұнай қорын беретін қазына мұнаралары.

Жетібай.

1964.

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Коммунистік құрылыстың халықаралық маңызы

[БЕСІНШІ ТАҚЫРЫПҚА]

С. БӘЙШЕВ,

профессор

В. И. Ленин біздің елдегі коммунистік құрылыстың аса зор халықаралық маңызы бар екенін Октябрь революциясының алғашқы жылдарында-ақ ерекше атап көрсеткен болатын. Ол біздің елде жаңа қоғам тұңғыш із сала бастаған кездің өзінде оның сыр-сыйпаты мен мән-мағынасын терең ұға біліп, болашаққа кеменгерлікпен көз жүгіртті. Социализмнің маңызын жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин оның тарихи тәжірибесін үйрену арқылы болашақ халықаралық революция өзінің социалистік сарайын орнататын болады деп данышпандық тұжырым жасады. Ол бұл мәселеге 1920 жылы жазған «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде тағы да оралып, былай деп жазды: «Енді біз қазірдің өзінде-ақ көз алдымызда өте көрнекті халықаралық тәжірибені көріп отырмыз; бұл тәжірибе біздің революциямыздың кейбір негізгі белгілерінің жергілікті емес, ерекше-ұлттық емес, тек орыстық емес халықаралық маңызы бар екенін толық айқын көрсетіп отыр» (Шығармалар, 31-том, 5-бет).

Бұл дана нұсқау бұдан жарты ғасырға жуық бұрын айтылса да, әлі күнге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Содан бері социалистік және коммунистік негізде дамыған еліміздің өмірінде шын мәнісінде түбегейлі өзгерістер жасалды. Бұл өзгерістер адамзаттың тарихына мәңгі өшпестей алтын әріппен жазылды. Осыған орай мына бір жағдайларды атап көрсету орынды:

Біріншіден, біздің елде социализм толық және түпкілікті жеңді, ол миллиондаған совет адамының игілігіне айналды.

Екіншіден, социализм бір елдің шеңберінен шықты және оның дүние жүзілік системасы құрылды;

Үшіншіден, совет адамдары барлық социалистік елдің ішінде коммунистік қоғамның жоғары сатысын орнатуға бірінші болып кірісті;

Төртіншіден, осының бәрінің негізінде, біздің ел социализм-коммунизм орната отырып, аса мол тарихи тәжірибеге ие болды, коммунистік әлеуметтік-экономикалық формацияның бірінші, төменгі сатысы — социалистік қоғам орнатудың негізгі заңдылықтарын іс жүзінде сыннан өткізіп көрді;

Бесіншіден, біздің ел социалистік қоғамды жападан жалғыз орната отырып, сұрлеусіз соқпақтардан, тар жол, тайғақ кешулерден өтті, қисапсыз қиыншылықты, жоқшылықты басынан кешірді. В. И. Ленин 1918 жылы «Американ жұмысшыларына хатында» біздің революцияның бүкіл дүние жүзілік тарих алдындағы роліне тоқтай келіп, былай деп жазды: «...ол бүкіл дүние жүзілік тарих алдында солай болады да, өйткені, тұңғыш рет азшылық емес, тек байлар ғана емес, тек білімділер ғана емес, нағыз бұқараның, еңбекшілердің орасан зор көпшілігінің өздері жана өмір құрып жатыр, социалистік ұйымдастырудың ең қиын мәселелерін өз тәжірибесімен шешіп жатыр» (Таңдамалы шығармалар, 3-том, 27-бет).

Біздің елдің еңбекшілері — жұмысшылар, шаруалар және еңбекші

интеллигенция — социалистік құрылыстың қиыншылықтары мен кедергілерін жеңе отырып, батырлық пен ерліктің талай тамаша үлгісін көрсетті. Қазір олар коммунистік құрылысты ойдағыдай жүргізуде. Бұл тарихи тәжірибеден миллиондаған адам, дәлірек айтқанда, жер шарының барша халқы үлгі алып, үйренетін болады.

Біздің елде орнатылып жатқан коммунизм өзінің өнеге күші, өндіргіш күштерді қарышты қадаммен дамытуы, халықтың мәдени және әлеуметтік дәрежесін ұдайы көтеруі, шаруашылық құрылыстағы ғажайып табыстары арқылы дүние жүзілік революцияның дамуына орасан зор ықпал етеді. Совет халқының коммунизм орнатудағы ұлы міндеті партияның жаңа Программасында тамаша тұжырымдалып берілді. «**Партия, — делінген онда, — СССР-де коммунизм орнатуды совет халқының интернационалдық ұлы міндеті деп санайды, бұл міндет бүкіл дүние жүзілік социалистік системаның мүдделеріне, халықаралық пролетариаттың, бүкіл адамзаттың мүдделеріне сай келеді. Коммунизм барлық адамды әлеуметтік теңсіздіктен, езушілік пен қанаушылықтың барлық түрінен, соғыстың жан түршігерлік апаттарынан құтқарудың тарихи міндетін орындап, жер жүзіндегі барлық халықтың Бейбітшілігін, Еңбегін, Бостандығын, Теңдігін, Туысқандығын және Бақытын берік орнықтырады.**»

Коммунистік партия, оның лениндік Орталық Комитеті марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамыта отырып, ғылыми коммунизмнің теориясына көрнекті үлес қосты, коммунизм құрылысының бірқатар маңызды теориялық мәселелерін батыл шешуде. Қазіргі заманның коммунистік манифесі аталған жаңа Программа партияның бұл саладағы ғажайып ақыл-ой жеңісінің түйіні болып отыр.

Партияның XX съезінен бергі жерде біздің ел аса елеулі табыстарға жетті. Бұл табыстардың коммунистік құрылыс үшін практикалық маңызы зор болумен бірге, оның теориялық мәні де күшті. Коммунистік құрылыстың түбегейлі мәселелерін, оның халықаралық маңызын еңбекшілердің терең оқып-үйренуінің қажеттігі де осыдан келіп туады.

В. И. Ленин шын мәнісіндегі өміршең революциялық теория нағыз бұқаралық және нағыз революциялық қозғалыстың практикасымен біте қайнасқанда ғана қалыптасады деп үйреткен болатын. Біз марксизм-ленинизм классиктерінің тарихи тәжірибені негізге алуға, оған терең де байсалды талдау жасауға, практикалық сабақ алуға әрдайым ұмтылып келгенін жақсы білеміз. Маркс пен Энгельс 1848—1851 жылдардағы революцияның тәжірибесін үйрену кезінде, 1871 жылғы Париж Коммунасының тәжірибесін қорытқан кезде нақ осылай жасады. В. И. Ленин 1905—1907 жылдардағы және 1917 жылғы революция дәуіріндегі бұқараның творчестволық тәжірибесін зерттеп, қорытқанда да осылай жасады.

Тарихи тәжірибені қорыту бұқараның революциялық қозғалысын өрістетуге, күрес құралдары мен тәсілдерін олардың өз еркімен саналы түрде қалап алуына әсерін тигізді. В. И. Ленин тарихи даму жолындағы бұқара тәжірибесінің маңызына тоқтай келіп, нағыз, шын мәнісіндегі революцияшыл марксисттер мұндай тәжірибеден сабақ алуға тиіс деп үйретті.

Мұның бәрі марксизм-ленинизм классиктерінің мұралары қаншалықты ұлы, қаншалықты сарқылмайтын бай қазына бола тұрса да, одан біздің елдегі коммунистік құрылыстың практикасы алға қойып отырған нақты мәселелер жөнінде даяр тұжырым іздеуге болмайтынын көрсетеді. Мұндай солақайлықтың зияндылығын кезінде марксизм-ленинизм классиктерінің өздері де атап көрсеткен болатын. Өткен күннің теориясына қарай жармаса беру, өмір талабын, өмірдегі шындық фактілерді күнделікті жұмыста ескеріп отырмау — марксизм-ленинизм табиғатына мүлде жат.

Осыған орай тарихта біздің заманның күллі мәселесі жөнінде ұлы

ата-бабаларымыздың еңбектерінде даяр жауап бар деп топшылаушылар болғанын, мұндайлардың қазірде де ішінара кездесіп қалатынын айтпасақ болмайды. Өткен ғасырда көптеген адам Маркс пен Энгельске болашақ коммунистік қоғам жөнінде нақты жауап беруді өтінген болатын. Бірақ олар мәселені бұлай қоюды парықсыздық деп санады. Ф. Энгельс Каутскийге берген бір жауабында былай деп жазды: «Расына келгенде, коммунистік қоғамдағы адамдар бұл үшін әлде қандай шараны қолданудың қажетті-қажетсізін, оны қашан, қалайша және қандай түрде қолдануға болатынын өздері-ақ шеше алады. Мен оларға әлдеқандай бір ұсыныс жасай қоюға немесе бұл жөнінде кеңес беруге тиістімін деп санамаймын. Асылы, бұл адамдар Сіз екеуімізден ақылсыз бола қоймас деп ойлаймын».

Коммунистік қоғам адамдары — совет халқы өз қоғамының күрделі мәселелерін күн сайын өздері шешіп келді және қазірде де ойдағыдай шешуде. Ал маркстіл-лениншілдер осының бәрін өз жұмысында ескеріп отыруға, коммунизм құрылысының тарихи тәжірибесін әрдайым қорытып отыруға борышты.

Буржуазиялық насихат, оның қазіргі заманғы уытты қаруы — антикоммунизм баяғысынша коммунизмге жала жабуға, біздің елдегі коммунистік құрылыстың маңызын қалай да жоққа шығаруға жан таласа тырысып бағуда. Бұған қарсы батыл тойтарыс беру үшін кадрлардың теориялық білімі анағұрлым жоғары болуы шарт. Бұл үшін ғылыми коммунизм мәселелерін жан-жақты, терең зерттеп үйрену керек.

Совет Одағындағы коммунизм құрылысының социализмнің бүкіл дүние жүзілік системасының экономикалық қуатын арттыру үшін де зор маңызы бар. Біздің елдің саяси және экономикалық өміріндегі қол жеткен табыстар социалистік елдердің еңбекшілерін жаңа жеңістерге және ол елдердегі социализм құрылысын ойдағыдай аяқтап шығуға жігерлендіреді.

Қазіргі уақытта Совет Одағындағы экономикалық табыстар көптеген елге үлгі болып отыр. Социалистік елдерде өндірілетін барлық өнімнің жартысынан көбі біздің елдің үлесіне тиеді. Мұның өзі Совет Одағының экономикалық жағынан дамуы социализмнің бүкіл дүние жүзілік системасының экономикалық қуатын онан сайын нығайтуға зор үлес қосатынын көрсетеді. Бұл, екінші жағынан, социалистік лагерьдегі елдерге, сондай-ақ капиталистік дүниедегі нашар дамыған елдерге туысқандық қалтқысыз көмек көрсетуге мол мүмкіндік береді.

Совет Одағы соңғы 15 жыл ішінде социалистік лагерьдегі елдерге 8 миллиард сом мөлшерінде ұзақ мерзімді несие берді. 1963 жылдың басында біздің ел 1 100-ден астам кәсіпорын, цех және басқа объектілер құрылысын салуға экономикалық, техникалық көмек көрсету жөнінде социалистік елдермен шарт жасасты. Осындай ең ірі құрылыстардың ішінде Болгарияда салынып жатқан жылына бір миллион тоннаға дейін прокат беретін металлургия комбинаты, Пловдивтегі қорғасын-мырш заводы, Венгриядағы жылына 237 мың тонна тыңайтқыш өндіретін завод, Чехословакиядағы атом электр станциясы мен Шығыс Словакиядағы металлургия комбинаты және басқалары бар.

Совет елінің көмегімен Үндістанда, Индонезияда, Біріккен Араб Республикасында, әлемнің бірқатар мешеу дамыған елінде ондаған ірі кәсіпорын, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін заводтар мен комбинаттар салынууда. Қысқасы, Совет Одағының көмегімен жаңадан өркендеп келе жатқан 23 елде 500-ден астам ірі өнеркәсіптік және басқа объектілер салынып жатыр. Біз Азия мен Африканың көптеген еліне жоғары оқу орындарын ұйымдастыруға, оларды салуға, жабдықтауға көмектесіп келеміз. Мұндай жоғары оқу орындарының саны қазір 64-ке жетті. Бұл елдерге социалистік лагерьдегі басқа мемлекеттер де тиімді көмек көрсетуде.

Совет Одағы Азияның, Африканың және Латын Америкасының елдеріне көптеген қарыз берді. Қазір бұл елдер социалистік құрылыстың тәжірибесінен де тағылым алуда. Бұл жолда оларға бұрын артта қалған қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік және басқа да советтік халықтардың үлгі болып отырғанын ерекше атап айту қажет. Олар дамудың капиталистік емес жолының бірден-бір дұрыстығын айқын көрсетіп беруде.

Совет Одағының қалтқысыз көмегінің негізінде қазіргі кезде социалистік лагерь елдерінде экономикалық өзара көмек кеңейіп, еңбектің халықаралық бөлінісі барған сайын өрістей түсуде. Социализм елдері осының нәтижесінде өздерінің экономикалық және табиғи жағдайларына сәйкес өнеркәсіптің ең тиімді саласын өркендетіп, аса қажетті өнім түрлерін шығаруға мүмкіндік алуда. Мұндай ынтымақ қоғамдық еңбектің өнімділігін барынша арттыруға жағдай жасайды, қаржы мен күшті үнемдеуге, техникалық прогресті үдетуге мүмкіндік тудырады. Бұл жөнінде Экономикалық Өзара көмек Советінің маңызы айрықша. Бұған кіретін социализм елдерінің экономикалық қарым-қатынасы ұлғайып, кеңеюде.

Социалистік елдердің арасында мамандар алмасу жұмысы да жақсарып келеді. 1962 жылы және 1963 жылдың алғашқы жартысында Совет Одағынан социалистік елдерге 2 300 маман жіберілді, біздің елге де техникалық мағлұмат алу үшін және тәжірибе алмасу ретінде олардан 5 мыңға жуық мамандар келіп қайтты. Мұның бәрі социалистік елдердің ынтымағын онан әрі нығайта беруге игі әсерін тигізуде.

Демек, дүние жүзілік социалистік система мен Совет Одағындағы коммунистік құрылыс жетістіктерінің бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті және социалистік ынтымақ елдерінің қорғаныс қабілетін нығайтуда орасан зор маңызы бар.

В. И. Ленин еңбек өнімділігі жөнінде дамыған капиталистік елдердің дәрежесінен артып түсу үшін қалың бұқараның белсенділігіне сүйене отырып, социалистік қоғам барлық еңбекшіні өндірістік мәселелермен қатар мемлекеттік мәселелерді шешуге де тікелей қатыстыруы, социалистік демократияны жан-жақты өрістетуі қажет деп үйретті. Біздің партия лениндік бұл нұсқаудың асқан зор маңызын әрдайым ескеріп отырады. Бұл нұсқауды жүзеге асыру біздің елдің күллі экономика және мәдени жағынан қарыштап алға басуын тездету, шет елдердегі жүздеген миллион адамның марксизм-ленинизм жолы—бірден-бір дұрыс жол екеніне көзін жеткізу деген сөз.

Адамзат тағдыры үшін дүние жүзілік екі системаның, оның ішінде аса қуатты мемлекеттер — Совет Одағы мен АҚШ арасындағы экономикалық жарыстың аса елеулі маңызы бар. Бұл жарыста түбі Совет Одағының бәйгеден келетініне күмән жоқ.

Белгілі бір қоғамдық құрылыстың артықшылығын экономикалық дамудың қарқыны көрсетеді. Совет Одағында өнеркәсіп өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны 1958—1963 жылдары 9,7 процент болса, АҚШ-та—3,6 процент болды. Егер өнеркәсіп өнімінің жан басына шаққандағы мөлшерін салыстырып қарайтын болсақ, онда оның өсу қарқыны бізде—7,9, ал АҚШ-та—1,8 процентке тең болғанын көреміз. Мұның өзі екі елдің арасындағы экономикалық алшақтықты едәуір қысқартуға жағдай туғызды.

Қазір біздің елдің АҚШ пен екі арадағы экономикалық жарысында түбірлі өзгеріс жасалды. Совет Одағы соңғы жылдарда АҚШ-ты өнімінің аса маңызды түрлерін — шойын, болат, темір рудасы, мұнай, цемент және басқаларын өндірудің өсімі жөнінен әлдеқайда басып озып келеді. Алдағы кезде партия біздің алдымызға капиталистік дүниенің ең озық елі — Американың Құрама Штаттарын бейбіт-экономикалық жарыста барлық жағынан бірдей қуып жетіп, басып озу міндетін қойып отыр. Бұл міндетті абыроймен орындап шығу үшін Совет Одағы халық ша-

руашылығын автоматтандыру, механикаландыру, химияландыру, электрлендіру, табиғи байлықты тиімді пайдалану және еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін арттыру шараларын мықтап қолға алады.

Совет Одағының ғылыми және техникалық жетістіктері қазірдің өзінде-ақ империалистік топтардың арасында қатты абыржушылық тудыруда. Империализмнің кейбір желікпе топтарының өзі социализм елдерінде соғыс құмарлардың қандайына болса да күйрете соққы беру үшін қажетті құралдың бәрі бар екенін мойындауға мәжбүр болып отыр. Әсіресе, олар ракета техникасы саласында біздің елдің анағұрлым басымдылығын атап көрсетеді.

Біздің елдегі коммунистік құрылыс халықаралық жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық революциясының дамуына барған сайын әсерлі ықпал жасауда. Бүгінгі пролетариат—қоғамның сан жағынан аса көп, әрі ең ықпалды табы. Социализм елдерінде қазір 150 миллионнан астам жұмысшы, ал жер шарының социалистік емес елдерінде 350 миллионға жуық жұмысшы бар. Сонымен бірге Азиядағы, Африкадағы және Латын Америкасындағы жалдамалы еңбек адамының саны 150 миллионнан асады. Еңбекшілердің алдыңғы қатарлы бұл жаңа отрядын маркстік-лениндік партиялар бастап келеді. Коммунистік ұйымдар әлі құрыла қоймаған елдерде демократиялық партиялардың (Мысалы, Малидағы Судан Одағы, Гана конвентінің халықтық партиясы, Гвинея демократиялық партиясы т. б.) құрамында маркстік-лениндік идеологияға ұмтылушы революциялық топтар бар. В. И. Ленин мұндай жағдайда «қиыншылықтарға карамастан, тіпті пролетариаты жоқ дерлік жерде де бұқараны дербес саяси ойлауға және дербес саяси іске ұмтылдыруға болатынын» атап көрсетті (Шығармалар, 31-том, 242-бет).

Соңғы жылдары қалыптасқан жаңа жағдайда пролетариаттың саны өсіп, олар берік топтаса түсуде. Қанаушыларға қарсы тап күресі күннен күнге шиеленісіп келеді. Мәселен, 1919—1939 жылдарда өнеркәсіпті елдердегі ереуілдердің саны 165,6 мың болды, оларға 74,5 миллион адам қатысты, ал 1946—1960 жылдарда 200,5 мың ереуіл жасалды (яғни 21 процент артық) оған қатысушылардың саны 192,5 миллионға жетті (яғни 2,5 есе көбейді).

Социалистік және коммунистік құрылыста жаңа жеңіске қол жеткен сайын марксизм-ленинизм идеяларының тартымды күші онан сайын артып, бүкіл дүние жүзінде социализм мен коммунизм үшін күресушілердің қатары молая түсуде. Қазіргі уақытта дүние жүзілік коммунистік қозғалыс 43 миллионнан астам коммунисті біріктіріп отыр.

Экономика жағынан ілгері дамыған капиталистік елдердегі пролетариат соңғы жылдары бірқатар аса маңызды экономикалық және әлеуметтік жеңіске жетті. Капитал елдеріндегі жұмысшы табының қысымымен қабылданған кейбір заңда біздің елдің және басқа социалистік елдердің тәжірибесінен алынған шаралардың ескерілгені байқалады. Мәселен, АҚШ пен Англияда әлеуметтік қамсыздандыру системасы біршама кеңейтіліп, жақсара түсті. Капитализмнің 38 елінде жасы ұлғайғандар, мүгедектер мен асыраушысынан айрылғандар, ал 74 елде өндірісте бақытсыздыққа ұшырағандар, 20 елде жұмыссыз қалғандар қамсыздандырылады.

Сонымен, коммунистік құрылыс барған сайын тап күресінің өрістеуіне, капиталистік елдердегі еңбекші жағдайының оңдалуына ықпалды әсерін тигізуде. Жұмысшы қозғалысы қазір бұрынғыдай экономикалық міндетті ғана көздеп қоймайды, сонымен бірге саяси міндеттерді де алға қояды. Ол бұл бағытта социализмнің бүкіл дүние жүзілік системасының күш-көмегіне, қолдауына арқа сүйейді.

Қазіргі дәуір ұлт-азаттық қозғалыстың кең қанат жаюымен сыпатталады. Алпыстан астам жас мемлекет ұлттық тәуелсіздік алып, отаршылдық бұғаудан құтылып отыр. Бұл мемлекеттерде бір жарым милли-

ард адам тұрады. Олар экономикалық даму дәрежесі, әлеуметтік құрылымы, мемлекеттік құрылысының түрі жағынан біркелкі емес. Бұл елдерде ұлт-азаттық революция әлі аяқталып біткен жоқ. Олар бұдан былай дамудың қандай жолына түсуге тиіс? Мәселенің түйіні ендігі жерде осында болып отыр. Түптеп келгенде, олардың дамып алға басуының төте жолы — социалистік өзгерістерге апаратын жол. Азия, Африка және Латын Америкасы халықтарының империалистерге қарсы күрестегі барлық жеңісі халықаралық жұмысшы қозғалысының табыстарына, социализмнің дүние жүзілік системасының барған сайын нығая беруіне тікелей байланысты.

Отаршылдық бұғаудан азат болған елдердің халқы тарихи дамудың қай жолына түсуді өздері қалап алуға тиіс. Олар не отаршылдыққа қарсы күрес жолына, әлеуметтік прогресс жолына түседі, немесе тәуелділіктің тағы бір жаңа түріне түседі. Мәселе қазір осылай қойылып отыр. Үшінші жол жоқ. Социализмнің пайдасына барған сайын өзгеріп отырған халықаралық күштердің ара салмағы — жас мемлекеттердің тәуелсіздік жолмен дамуының маңызды кепілі. Социализм елдерінің қолдауы арқасында бұл елдердің халықтарының өз тағдырын өздері айқындауына қазіргі кезде толық мүмкіндіктері бар.

В. И. Ленин империализмнің қанауында отырған халықтар мен жеңген жұмысшы табы арасында осындай кезеннің туатынын болжап білген болатын. «Біз, — деп жазды ол, — бізден гөрі мешеу қалған, езілген халықтарға, поляк социал-демократтарының тамаша тауып айтқанындай, «адал ниетпен мәдени көмек» көрсетуге тырысамыз, яғни олардың машиналарды қолдануына, еңбекті жеңілдетуіне, демократияға, социализмге көшуіне көмектесуге тырысамыз» (Шығармалар, 23-том, 62-бет).

Коммунистік партия ұлы Лениннің бұл нұсқауын бұлжытпай жүзеге асырып келеді. Қазір социалистік мемлекеттер экономика жағынан мешеу дамыған елдерге аса зор көмек көрсетуде. Социализм дүние жүзілік прогрестің басты күшіне айналып отырған қазіргі кезеңде революциялық демократия өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық шараларды белсенділікпен жүзеге асыратыны тәжірибеде көрініп отыр. Атап айтқанда, Алжирде француз капиталының мүліктеріне мемлекеттік бақылау қойылғаны, елдің өндірісін қаржыландыруды реттеп отыру үшін Орталық банктің құрылуы, 500-ге жуық өнеркәсіп фирмасының, француз және жергілікті жер иелерінің иемденіп келген көпшілік жерінің, күллі транспорттың мемлекет қолына өтуі осының айқын дәлелі. Сонымен қатар Алжирде аграрлық реформа жүзеге асырылмақшы.

Бирмада «Социализмнің бирмалық жолы» партиясының басшылары бастаған үкімет жеке адамдардың қолындағы өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарын қоғам меншігіне айналдыруды табанды түрде жүргізіп келеді. Олардың программасы дамудың капиталистік жолынан бас тарту және адамды адамның қанауын жою міндетін көздейді. Бұл программаға сәйкес банк жүйесін, мұнай және орман шаруашылығы өнеркәсібін, күрішті сатып алу және оны басқа елдерге шығаруды мемлекет өз қарауына алды. Индонезия, Гана, Мали, Гвинея және басқа бірқатар елде осындай өзгеріс жүзеге асырылуда.

Совет Одағындағы коммунизм құрылысының табыстары еңбекші бұқараның дүниеге ғылыми көзқарасының қалыптасуына да аса зор ықпал етуде. Жаңа тарихи дәуір пролетариаттың революциялық көзқарасының шынайы салтанаты болды. Марксизм-ленинизм қазір адамзаттың ақыл-ойын билеп алды. Жер шарының қиыр түпкіріндегі еңбекшілердің марксизм-ленинизм ілімінің дұрыстығына көзі жетуде. Қазір олар жарқын болашаққа жол ашатын марксизм-ленинизмге құлшына қол созуда.

Партия Программасында социалистік мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімнің дамуы

АЛТЫНШЫ ТАҚЫРЫПҚА МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Бұл — өте үлкен тақырып. Расында, социалистік мемлекет туралы ілімнің партия Программасында творчестволықпен дамуын түсіну үшін бұл ілімді тіпті жалпылап болса да тұтас алып қарастыру керек, содан кейін осы мәселеге байланысты Програмадағы жаңалықты көрсеткен жөн. Мұндағы мақсат — социалистік мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімді қоғамдық өмірге диалектикалық-материалистік тұрғыдан түсінік беретін жүйелі, біртұтас ілім ретінде ұғыну.

Семинарларда, теориялық конференцияларда мынадай негізгі мәселелерді қарастырған дұрыс:

1. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІГІ. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ — МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА, СОЦИАЛИСТІК ТИПІ.

2. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ҰЛАСУЫ — ЗАҢДЫ ҚҰБЫЛЫС.

3. КОММУНИЗМ НАҒЫЗ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ХАЛЫҚ ҮШІН, ХАЛЫҚ КҮШІМЕН ОРНАТЫЛАДЫ.

Бұл тақырып тек семинарларда ғана емес, сонымен бірге, әдетте, теориялық жағынан әзірлігі төмен жолдастар қатысатын үйірмелерде де оқылады. Үйірмелерде негізінен екі мәселе бойынша әңгіме өткізу қолайлы. Олар мыналар: пролетариат диктатурасының жалпы халықтық социалистік мемлекетке ұласуы; коммунизм құрылысы және социалистік демократияның дамуы. Бұл мәселелерді насихатшы үйірменің әрбір мүшесінің түсінуіне жеңіл болатындай етіп саралап баяндайды. Егер жалпы жұртты қызықтыратын және тақырыпты терең үйренуге жардемдесетін болса, әңгіме үстінде тыңдаушылардың кейбір сұрағына жауап бере кеткен теріс емес. Төменде келтіріліп отырған материалды белгілі дәрежеде үйірме жетекшісінің пайдалануына болады.

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІГІ. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ — МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА, СОЦИАЛИСТІК ТИПІ

Бұл мәселені оқып үйренгенде жақсылап ұғынып алатын басты тақырыптар мыналар: пролетариат диктатурасы қандай тарихи жағдайларда және қандай себептер арқылы пайда болады; пролетариат диктатурасы неліктен мемлекеттің жаңа типі болып саналады; пролетариат диктатурасының негізгі мақсаты қандай, оның басты міндеттері неде.

Маркстік әдебиетті — Маркстің, Энгельстің және Лениннің еңбектерін өздігінен оқып, терең үйренгенде ғана бұл сұрақтарға толық жауап алуға болады. Әсіресе Маркс пен Энгельс жазған, пролетариат диктатурасының идеясы тұңғыш рет тұжырымдалған «Коммунистік партия Манифесінің» тиісті тарауларын, Лениннің Маркс пен Энгельстің мемлекет жөніндегі көзқарасына жүйелі түсінік беретін, мемлекет пен революция туралы ілімді жаңа тарихи жағдайға сәйкес дамытатын дана еңбегі — «Мемлекет және революция» деген шығармасын негізге алған жөн. Сондай-ақ Лениннің «Мемлекет туралы» лекциясын ыждағаттап пысықтаудың маңызы ерекше. Теориялық мазмұны бай болуымен бірге, бұл лекция — революциялық теорияның өте күрделі мәселелерін жатық әрі көкейге қонымды етіп баяндаудың тамаша үлгісі. Ленин міне нақ осы лекциясында мемлекет туралы мәселені бүкіл саясаттың негізгі, өзенті мәселесі деп, кім-кімнің де сол мәселеге өздігінен дербес кірісуінің зор маңызын атап көрсетті. «Бұл мәселені өз беттеріңізбен тексеріп шығуға үйрене алған кезде ғана, — тек сонда ғана сіздер өз пікірлеріңізге өздеріңізді жеткілікті дәрежеде беріңіз деп санай аласыздар және ол пікірлеріңізді кімнің алдында

болсын, қай кезде болсын әбден ойдағыдай жақтап шыға аласыздар» (Шығармалар, 29-том, 469-бет). Бұл қағиданың маңызды болатын себебі, мұнда теорияны жалпы зерттеу жөніндегі лениндік көзқарастың мәнісі ашып көрсетіледі.

Қоғамдық құбылыстарға талдау жасағанда тарихи көзқарастың қажет екеніне мемлекет туралы маркстік еңбектерде баса назар аударылады. Ленин қандай да болсын мәселеге ғылыми тұрғыдан кірісу дегеніміз «негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселеге: тарихта сол белгілі бір құбылыс қалай шықты, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарауға болады, сөйтіп осылай даму жағынан қарағанда қазір оның не күйге түсіп отырғанын байқауға болады» (сонда, 471-бет) деп үйретті. Лениннің өзі социализмге дейінгі мемлекеттердің дамуы туралы мәселені анықтағанда да, сол сияқты пролетариат диктатурасының мәнісіне, оның негізгі міндеттеріне талдау жасағанда да осы методологиялық талапты дәйекті түрде беріп сақтады. «Мемлекет және революция» деген кітапты, «Мемлекет туралы» лекцияны оқығанда бұған біздің көзіміз кәміл жетеді.

Мемлекет туралы тақырыпты үйренудің кейбір ерекшелігіне сыпаттама бергеннен кейін біз енді пролетариат диктатурасының қандай тарихи жағдайларда пайда болғанын қарастырамыз. Әдетте, бұл мәселені үйрену онша қиынға соқпайды, өйткені ол біздің әдебиеттерде кеңінен баяндалған.

Маркс «Гота программасына сын» деген еңбегінде капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында біріншісін екіншісіне революциялық жолмен айналдыратын дәуір жатыр деп ғылым мен революциялық практика үшін айрықша маңызы бар қорытынды жасады. Бұл дәуірге сәйкес саяси өтпелі дәуір болады. Бұл дәуірдің мемлекеті тек қана пролетариаттың революцияшыл диктатурасы бола алады. (Қараңыз: Маркс пен Энгельс, Таңдамалы Шығармалар, II том, 23-бет).

Марксизм классиктері былай деп үйретті: коммунистік және жұмысшы партияларының басшылығымен жұмысшы табы және оның төңірегіне топтасқан қала мен деревняның еңбекші бұқарасы жүзеге асырған социалистік төңкеріс қандай да болсын формадағы пролетариат диктатурасының жеңісіне жеткізеді. Тарихи тәжірибе мұны толық растап отыр. XIX ғасырдың екінші жартысында француз пролетариатының қаһармандық күресі нәтижесінде пайда болған Париж коммунасы халықаралық жұмысшы табының дәл осындай тұңғыш жеңісі еді. Энгельс осы жеңіс жайында: «Париж Коммунасына қараңыздаршы. Міне бұл — пролетариат диктатурасы» деп шабыттана жазды. Француз жұмысшыларының Коммунасы ұзақ тұра алмаса да, революциялық қозғалыста, пролетариаттың санасында терең із қалдырды.

Бірнеше ондаған жыл өткен соң, 1917 жылы октябрьде, пролетариат диктатурасы Россияда жеңіп шықты. Социалистік революцияны еліміздің дамуының, империализм дәуіріндегі қоғамның дамуының бүкіл барысы әзірлеген болатын, ол Ленин құрған Коммунистік партияның басшылығы арқасында, марксизм-ленинизмнің туы астында орнады. Мұның өзі Россия пролетариатының, халықаралық жұмысшы қозғалысының тиянақты жеңісі еді; былайша айтқанда, бұл жеңістің тиянақты болатын себебі, мұнда Париж коммуналарының тәжірибесі молынан пайдаланылды.

Творчестволық марксизмнің асқан ұлы теоретигі, революциялық іс-қимылдың прантигі В. И. Ленин жаңа жағдайда Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы іліміне үлкен үлес қосты. Бұл арада ең алдымен Ленин пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі Советтердің түпкі мәнін ашып, маңызын дәлелдегенін атау қажет. Ал Советтер тарихта тұңғыш рет Россия жұмысшы табының революциялық творчествосымен құрылды. Ленин бұдан кейін пролетариат диктатурасының ең жоғарғы принципін белгіледі, ал оның мәнісі жұмысшы табы жетекшілігінің роль атқаратынын, жұмысшы табының шаруалармен одағы. Бұл одақ деп көрсетті ол, капитализмді толық жою үшін буржуазияның қарсылығын және оның қайта жаңғыруға тырысқан әрекетін басып-жаншу үшін, социализмді түпкілікті орнатып, орнықтыру үшін керек (қараңыз; Шығармалар 29-том, 351, 387-беттер). Лениннің орасан зор еңбегі — демократиялық тарихта бұрын болып көрмеген, ең жоғарғы типі ретінде пролетарлық, социалистік демократия туралы, жаңа құрылыстың жеңісі жолындағы күресте социалистік демократияның творчестволық ролі туралы ілім жасауы.

Пролетариат диктатурасының тарихи мақсаты, егер мұны қысқаша айтсақ, — социалистік революцияның жеңісін баянды ету және дамыту, коммунистік қоғамдық-экономикалық формацияның бірінші сатысы — социализмнің салтанат құруын қамтамасыз ету. Жоғарыда айтқанымыздай, социалистік төңкерісті іске асырғаннан кейін болатын өтпелі дәуірде экономика, саяси өмір, мәдениет, тұрмыс саласындағы, еңбекшілердің сана-сезіміндегі терең өзгерістер мен жаңарулардың негізінде ескі қоғам жаңа, социалистік қоғамға революциялық жолмен айнала бастайды. Бұл өзгерістер,

адетте, ескі, қанаушы қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы қиян-кескі, көбінесе кескілескен тап күресі (әрбір елдің өз ішіндегі және сыртқы дүниедегі нақты құбылыстарға байланысты) жағдайында жүріп жатады. Бұл өзгерістерді халықтың қолма-қол қатысуымен жаңа өкімет билігі — пролетариат диктатурасының мемлекеті жүзеге асырады. Біздің елдің тәжірибесі, басқа да кейбір социалистік елдің тәжірибесі тақтан құлатылған қанаушылардың «өздерінің қолынан шығып неткен жұмақты» қайтаруға, ескі тәртіптерді қалпына келтіруге барынша тырысып бағатынын сыпаттайды.

В. И. Ленин социалистік революцияның зорлық және жасампаздық міндеттерін көрсетті, соның өзінде пролетариат мемлекетінің творчестволық міндеттерін: жаңа экономика мен мәдениет құрылысын, миллиондаған адамның жаңа тұрмыс құруын бірінші кезекке қойды. Венгер жұмысшыларына жазған хатында ол пролетариат диктатурасының негізгі мәні — «еңбекшілердің алдыңғы қатарлы отряды, оның авангарды, оның бірден-бір басшысы — пролетариаттың ұйымшылдығы мен тәртіптілігінде. Оның мақсаты — социализм орнату, қоғамның таптарға бөлінуін жою, қоғамның барлық мүшесін еңбекші ету, адамды адамның қанауы атаулының негізін жою» деп атап көрсетті (сонда, 385-бет).

Тақырыпқа қатысы бар еңбектерді үйрену үстінде мынаны байқау қиын емес: Ленин социалистік революцияның теориясы мен практикасының, социализм құрылысының нақты мәселелерін зерттеуге байланысты пролетариат диктатурасының мәнісі туралы мәселеге қайта-қайта оралып, оны барлық түр-түстегі оппортунишылдармен, реформашылдармен, ревизияшылдармен күресте барған сайын ашып көрсетіп отырды. Марксизм-ленинизм классиктерінің барлық шығармасынан мынадай өй-пікір айдан анық көрінеді: **СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫЗ, ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНСЫЗ КАПИТАЛИЗМНЕН СОЦИАЛИЗМГЕ ӨТУ МҮМКІН ЕМЕС, ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ — БҰЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА, СОЦИАЛИСТІК ТИПІ, ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЖАҢА, ЖОҒАРҒЫ ТИПІ.**

Неге жаңа, неге жоғарғы тип дейміз — міне осы мәселелерді сабақта кеңінен қарастырған мақұл. Ең алдымен В. И. Лениннің «Мемлекет және революция», V тарау (Шығармалар, 25-том), «Демократия және диктатура туралы» (Шығармалар, 28-том) деген шығармаларында айтылған идеяларды әбден ұғынып, кеңілге тоқып алған пайдалы.

Маркс, Энгельс және Ленин осы уақытқа дейін тарихта белгілі мемлекеттер (құл иелену, феодалдық, капиталистік) еңбекшілерді қанаудың машинасы болып келді және одан басқа ештеңе де болған емес деп көрсетті. Қоғамдық дамудың тәжірибесін және Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы айтқандарын қорыта келіп, Ленин былай деп жазды: «Қанаушы таптарға саяси үстемдік қанауды қолдау мүддесі үшін керек, яғни халықтың адам айтқысыз көпшілігіне қарсы, ат төбеліндей ғана азшылықтың құлқын құмарлық мүдделерін қолдау үшін керек» (Шығармалар, 25-том, 417-бет). Онан әрі тағы былай деді: «Болымсыз азшылық үшін болатын демократия, байлар үшін болатын демократия, — капиталистік қоғамның демократизмі міне осындай» (сонда, 481-бет).

Партия Программасында да (бірінші тарау, IV бөлім «Дүние жүзілік капитализмнің дағдарысы») қазіргі буржуазиялық мемлекеттің, буржуазиялық демократияның жан-жақты сыпаттамасы бар.

Ал пролетариат диктатурасына келетін болсақ, ол — жұмысшы табының, еңбекшілердің өкіметі, оларды қанаушылардың езгісінен құтқарудың құралы, жер жүзіндегі нағыз демократияшыл қоғам — социализм орнатудың құралы. Тек пролетариат диктатурасы ғана, деді Ленин, адамзатты капиталдың езгісінен, буржуазиялық демократияның өсек-өтірігінен, жалғандығынан, екі жүзділігінен құтқара алады (қараңыз: Шығармалар, 28-том, 347-бет). Сонымен қоса социалистік мемлекет ұлы бостандықтар мен адам праволарын тек жариялап қана қоймайды (ал сөз жүзінде мұны буржуазиялық мемлекет те істейді!) қайта бұларға заң жүзінде негізін береді, бұларды еңбекшілердің пайдалануы үшін материалдық және рухани алғы шарттар жасайды, халыққа шын мәнісінде праволар мен бостандықтар береді. Атап айтқанда, қандай алғы шарттар, — міне бұл семинардағы, үйірмедегі әңгіменің тақырыбы боларлық мәселе (еңбекшілерді қанаушылардың нәлет қамытынан құтқару, өзін үшін, ортақ игілік үшін жұмыс істеуге мүмкіншілік туғызу, бұқараның мәдени-техникалық дәрежесінің керемет өсуі және басқалары). Пролетариат диктатурасының түрліше саяси формасы (Париж Коммунасы, Совет өкіметі, халықтың демократия) туралы мәселе де мұндай әңгіменің, рефераттардың тақырыбы бола алады.

Мынаны атап айтқан жөн: пролетариаттың социалистік диктатурасының тәжірибесі коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1957, 1960 жылдардағы

Москва кеңестерінің Декларациясы мен Мәлімдемесінде, партияның Программасында терең жинақтап қорытылды. Атап айтқанда, партияның Программасында пролетариат диктатурасының өмір сүруінің шарттары мен тарихи шеңбері белгіленді.

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ҰЛАСУЫ — ЗАҢДЫ ҚҰБЫЛЫС

Тыңдаушылардың осы мәселені үйренуін ұйымдастыра отырып, насихатшы мыналарға баса назар аударуы керек. Бұлар: пролетариат диктатурасы мемлекетінің тарихи шеңбері, оның шартты себептері; жалпы халықтық мемлекеттің пайда болуы, нығаюы және дамуы нақты неден көрінеді; жалпы халықтық мемлекеттің негізгі қызметі мен міндеттері қандай.

Марксизм-ленинизм классиктері коммунистік қоғамдық-экономикалық формацияның төменнен жоғарыға сатылап дамуы мен социалистік мемлекеттің дамуы арасындағы байланысты көрсетіп берді. Капитализмнен социализмге өту дәуірінде болып жататын, қоғамдағы түбірлі, революциялық өзгерістер, айталық халық шаруашылығының барлық саласында қоғамдық социалистік меншіктің орнығып, меншіктің толық үстем түріне айналуы, қанаушы таптардың жойылуы, қоғамның моральдық-саяси, идеялық бірлігінің пайда болып, ойдағыдай дамуы тағы басқалары қоғамның қондырмасында, ең алдымен, әрине, саяси қондырмада (ал оның басты элементі—мемлекет) көрініс табады. Сонымен бірге социалистік қоғамның қондырмасында оның тіршілік етуінің сыртқы жағдайлары да бейнеленеді.

Пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің ішкі және сыртқы міндеттерін орындай отырып, капитализмнен социализмге өту дәуірінің басты міндеттерін орындауды, «кімді кім жеңеді» деген негізгі тарихи мәселенің социализм пайдасына шешілуін қамтамасыз етеді. Біздің елде қоғамдық практикада тұңғыш рет социализм толық та түпкілікті жеңіп шықты. Қазіргі уақытта социализм бір мемлекет шеңберінен шығып халықтардың дүние жүзілік достық одағына айналды, ал бұл одаққа экономикалық, саяси және идеологиялық негіздері ортақтасқан, ынтымағы жарасқан бірнеше мемлекет өз еркімен бірігіп отыр.

Социализмнің еліміз ішіндегі және дүние жүзілік көлемдегі тарихи жеңістері біздің партияның марксизм-ленинизмге сүйеніп, социалистік мемлекет туралы мәселе жөнінде тың пікір айтуына, өзінің XXII съезд қабылдаған Программасында аса зор теориялық және практикалық маңызы бар қорытынды жасауына негіз болды.

† «Коммунизмнің бірінші сатысы — социализмнің толық та түпкілікті жеңіп шығуын және қоғамның коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуге көшуін қамтамасыз еткен пролетариат диктатурасы өзінің тарихи міндетін орындап шықты, сөйтіп ол ішкі даму міндеттерінің тұрғысынан қарағанда СССР-де қажеттіліктен қалды. Пролетариат диктатурасының мемлекеті ретінде пайда болған мемлекет осы заманғы, жаңа кезеңде жалпы халықтық мемлекетке, бүкіл халықтың мүдделері мен еркін білдіретін органға айналды» (КПСС Программасы, Қазақ мемлекет баспасы, 100—101-беттер).

Сөйтіп, партияның Программасы Маркс пен Энгельстің социалистік мемлекет туралы іліміне толық сәйкес пролетариат диктатурасы мемлекетінің қызметіндегі негізгі мазмұнды (социализмнің толық та түпкілікті жеңісін және қоғамның коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуге көшуін қамтамасыз ету) ашып береді және нақтылай түседі, осы негізгі мазмұннан шығатын оның қызметінің тарихи шеңберін, жалпы халықтық мемлекетке ұласу шарттарын белгілейді.

Пролетариат диктатурасы мен социалистік мемлекеттің өмір сүруінің тарихи жағдайы уақыт жағынан бірдей емес екенін өмір көрсетіп отыр: пролетариат диктатурасы өзінің міндеттерін орындап, өмір сүруін тоқтатады, қажеттіліктен қалады, ал социалистік мемлекет қала береді де, жаңа кезеңде жан-жақты дами түседі.

Қайсы бір насихатшы пролетариат диктатурасы еліміздің ішінде өзінің қызметін толық атқарып болды, ал сыртқы дүниемен, ең алдымен капиталистік дүниемен қарым-қатынастарда ол әлі де қала береді деп ойлайтын сияқты. Бұл, әрине, қате. Мемлекеттің өзара тығыз байланысты, өзара сабақтас ішкі және сыртқы қызметін бір-бірінен айыруға болмайды. Барлық совет адамының мақсаты үшін, бүкіл дүние жүзіндегі социализм ісінің мүддесі үшін жалпы халықтық мемлекет өзінің ішкі қызметін де, сыртқы қызметін де ойдағыдай атқара береді.

Жалпы халықтық мемлекет туралы мәселені семинар сабағында өткенде немесе оны өздігінен әдебиеттер оқи жүріп, көкейге тоқығанда пролетариат диктатурасы мен жалпы халықтық социалистік мемлекеттің бір-бірінен бөлек, бір-бірінен оқшау емес екенін, қайта бұлар социалистік мемлекеттің тарихындағы ажыратқысыз буын, ірі

кезең екенін есте ұстаған дұрыс. «Жалпы халықтық мемлекет еліміздегі социалистік құрылыстың анағұрлым ерте кезеңдерінде қызмет атқарған пролетариат диктатурасының мемлекетіне қарсы тұрмайды және қарсы қойылмайды, қайта осы мемлекеттің табиғи-тарихи жалғасы, әуел бастан-ақ пролетариат диктатурасының өзіндегі ең басты нәрсені — еңбекшілерге арналған кең демократияның толық дамытылуы болып табылады («Коммунизм орнатушылардың ұлы туы», «Правда», 1 ноябрь, 1964 ж). Ол бүкіл совет халқының еркін білдіреді, мүддесін қорғайды. Егер пролетариат диктатурасы мемлекетінің басты міндеті социализм орнату болса, жалпы халықтық мемлекеттің негізгі міндеті — жұмысшы табының бастауымен халықтың бар күш-жігерін партия белгілеген коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасын жүзеге асыруға жұмылдыру. Ал, социализм мен коммунизм — біртұтас, коммунистік формацияның сатылары, басқыштары.

Пролетариат диктатурасы мемлекетінің жалпы халықтық мемлекетке айналуы «қолдан қоя салатын» нәрсе емес, қайта ол—социализм жағдайында жалпыға бірдей социалистік демократияның белгілерін өрістетіп, байытатын табиғи құбылыс. Ал, бұл белгілер, бұдан бұрын айтқанымыздай, пролетариат диктатурасының өз табиғатында бар. Жалпы халықтық мемлекетке көшу үшін қоғамда тиісінше материалдық, рухани алғы шарттар жасалып, белгілі бір ішкі және сыртқы жағдайлар болуға тиіс. Атап айтқанда, олар мынадай: **ӨНДІРІС САЛАСЫНДА** (социализмнің өндіргіш күштерін дамытудың жоғары дәрежесі, дүние жүзілік социализмнің экономикалық күш-қуатының өсуі); **ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДА** (қанаушы таптардың жойылуы, социалистік меншіктің, социалистік өндірістік қатынастардың толық үстем болуы); **САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІРДЕ** (қоғамның моральдық саяси бірлігінің, халықтар достығының нығаюы, марксизм-ленинизмнің жалпы қоғам идеологиясына айналуы, қоғам мүшелерінің жоғарғы мәдени дәрежесі). Көдімгі теориялар сияқты, мемлекет жөніндегі маркстік-лениндік теория да негізгі, жалпы мәселелерді белгілейді, қазір социализмнің барлық елінде өрістеп жатқан сан алуан күрделі құбылыстың бәрін қамтып қалуды көздейді. Сөйтіп, ол партия мен халықты коммунистік формацияның қалыптасу заңдылықтарын білуге, социалистік мемлекеттің даму заңдылықтарын білуге үйретеді, партияның саясатын, қоғамның практикалық қызметін осы заңдылықтарды барынша всепке ала отырып жүргізуге мүмкіндік береді.

Алғаш орнаған күнінен бастап біздің мемлекетімізге тән болып келе жатқан, жалпыға бірдей социалистік демократияның қандай өзгешеліктері мен белгілері мұнда сөз болады екен? Үйірме, семинар сабағында міне мұны жақсылап қарастырып, мына жағдайларды есте ұстау қажет.

В. И. Ленин социалистік мемлекеттің күші мен жеңілмейтіндігінің негізгі қайнар көзі — жұмысшы табының басшылығы арқасында жұмысшылардың шаруалармен одақ жасауы деп үйретті. Ол былай деген болатын: Совет өкіметі дүние жүзіндегі ең керемет күшке — жұмысшылар мен шаруалардың күшіне арқа сүйейді. Бұл одақтың нығаюына, дамуына Коммунистік партия ардайым маңыз беріп келді, қазір де зор маңыз беріп отыр. Бұл одақ барлық еңбекшінің, халықтың қалың көпшілігін біріктіреді, ал олардың мүдделерін өзінің өмір сүрген алғашқы күнінен бастап пролетариат диктатурасының мемлекеті көздегені мәлім.

Онан соң, Социализм туын өзінің революцияшыл авангардының басшылығымен жұмысшы табы жоғары ұстап, алға алып барды, ал бұл тудың астына еңбекшілердің қалың бұқарасы топтасты. Социализм құрылысы, «үстем тап болып алған» жұмысшы табының жетекшілік ролі арқасында оның елімізде толық та түпкілікті жеңуі, — міне осының бәрі жұмысшылар мен шаруалардың, барлық еңбекшінің өмірлік мүдделеріне, жалпы халықтық мүдделерге толық сай келеді, бұл жеңістің игілігін барлық халық көруде.

Ақырында, жалпыға бірдей социалистік демократияның пролетариат диктатурасына тән өзгеше белгілері туралы айта келіп, социалистік мемлекет өз қызметінің алғашқы қадамынан бастап, қоғамдық өмірді барған сайын демократияландыру жолымен дамығанын, елді басқаруға жұмысшыларды, шаруаларды, халық интеллигенциясын мол қатыстырғанын атап көрсеткен мақұл. Бұл құбылыстың ойдағыдай өршіп кетуіне біреуі ғана жыл бойы Сталиннің жеке басына табынудың едәуір кедергі келтіргені белгілі, бірақ жеке адамға табыну оны тежей алған жоқ. Партияның XX, XXI, XXII съездерінің тарихи шешімдері еліміздің өмірінде, социалистік демократияны, оның жалпы халықтық белгілерін өрістетуде жаңа кезең болды.

Пролетариат диктатурасының мемлекеті мен жалпы халықтық социалистік мемлекеттің дамуындағы сабақтастықты, жалпы бағытты бірден аңғартатын міне осы жағдайлар.

Осыдан кейін жалпы халықтық мемлекеттің нығайып дамуы, оның қазіргі жағдайдағы қызметі нақты неден көрінетінін қарастырған жөн. Мұнда есте ұстайтын жәйт мынадай: жалпы халықтық социалистік мемлекеттің барлық қызметі онан сайын анағұрлым дамытыла түседі. Біздің мемлекет коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды, социалистік қатынастардың коммунистік қатынастарға ұласуын ұйымдастырады, еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшерін бақылауды жүзеге асырады, халықтың әл-ауқатын жақсартады, совет азаматтарының праволары мен бостандығын, социалистік право тәртіптері мен социалистік меншікті қорғайды, халықты саналы тәртіп пен еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелейді, еліміздің қорғанысы мен хауіпсіздігін сенімді түрде қамтамасыз етеді, социалистік елдермен туысқандық ынтымақты дамытады, жалпыға бірдей бейбітшілік ісін жақтап, барлық елмен дұрыс қарым-қатынас жасап отырады (қараңыз: КПСС Программасы, Қазақ мемлекет баспасы, 101-бет).

Жалпы халықтық мемлекет өзінің қызметін неғұрлым демократиялық жолмен, халықтың міндетті түрде белсене қатысуы жағдайында жүзеге асырып отырады. Бұл жерде әңгіме соғыстан бұрынғы жылдармен салыстырғанда елді, қоғамдық өндірісті басқаруға, мәдениет құрылысына басшылық етуге белсене әрі қолма-қол қатысып жүрген совет азаматтарының саны көбейгенінде ғана емес. Асылы, бұл да жақсы. Сонымен қоса осы жылдар ішінде совет адамдары рухани жағынан көп өсті, жұмысшылар мен шаруалардың саяси сана-сезімі, кәсіби шеберлігі, интеллигенцияның идеялық нәметі мен творчестволық өнері едәуір артты, қоғамымыздың бірлігі нығайды. Ал мұның жақсы жағы, еңбекшілер мемлекеттік және қоғамдық органдардың жұмысына қатыса отырып, мемлекет істерін мәселенің мәнін егжей-тегжейіне дейін біліп, іскерлікпен, нақты ойластырады. Бұдан сөз жоқ, дұрыс шешім қабылдауға және оны орындауға едәуір жеңілдік келеді. Насихатшының бұл қағиданы нақты мысалдармен, айталық, заң-жобаларын — бүкіл халық болып талқылау тәжірибесімен түсіндіруіне болады. Мәселен, еңбекшілердің ұсыныстары мен ескертпелері мұқият есепке алынып отырады, олар жинақтап қорытылған күйінде жалпы халықтық социалистік мемлекеттің заңдарында, басқа да актілерінде көрініс табады.

Халық шаруашылық жоспарларын жасаудың жаңа тәртібі сияқты өміріміздегі құбылысқа да дәл осылай талдау жасаса жақсы болар еді.

Бұл істе кемшіліктер жоқ деп, әрине, біз айта алмаймыз. Кемшіліктер әлі де бар, партия ол кемшіліктерді халыққа ашықтан-ашық айтып, оларды жоюдың нақты шараларын белгілеуде. Сонымен бірге мынаны батыл айтуға болады: соңғы жылдары халық шаруашылық жоспарларын жасасуға еңбекшілердің қалың бұқарасы, жұмысшылар мен қызметшілер, колхозшылар мен совхоз қызметкерлері, интеллигенция өкілдері қатыстырылып отыр. Әдетте, жоспар жасау қазір өндірістің төменгі буынынан — кәсіпорынан басталады. Мұның өзі қоғамдық пікірді, бұқараның тәжірибесін үнемі ескеріп отыруға, қоғамдық өндірістің резервтерін жақсылап ашып, толық іске қосуға мүмкіндік береді.

Насихатшы бұл мәселені семинар мен үйірме сабақтарында талқылаған кезде жергілікті жағдайды ескеруге, сөйтіп бұдан былай да өз кәсіпорнының, совхозының, колхозының, мекемесінің жұмысшыларын, колхозшыларын, қызметшілерін жоспар жасауға белсене қатыстыруға бағытталған кейбір нақты ұсынысты жинай жүруге тиіс. Ал, мұның қазіргі кезеңде маңызы үлкен, өйткені, коммунизм құрылысын кең өрістету дәуірінде экономиканы, қоғамның сан-салалы тіршілігін ойластырып басқарудың ролі мен маңызы өлшеусіз өсуде. Жоспарлаудағы, шаруашылыққа басшылық етудегі субъективизм элементтерін бүтіндей жойып, шаруашылық есеп, баға, несие тағы басқалары сияқты шаруашылықты жүргізудің экономикалық тұтқалары мен әдістерін халыққа зор пайда келтіретіндей етіп, игере білу қажет.

Біздің қоғам бара-бара мемлекеттік қызмет міндеттерін, Лениннің сөзімен айтқанда, халықтың орасан көпшілігі, онан соң бүкіл халық түгел игеріп аларлықтай, шамасы жетерліктей етіп, бақылау мен есепке алу жөніндегі оңай қызметке айналдырады (қараңыз: Шығармалар, 25-том, 471-бет). Ал, мұның өзі демократияны онан сайын дамытып, социалистік демократияны жетілдіру арқылы іске асады.

КОММУНИЗМ НАҒЫЗ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ХАЛЫҚ ҮШІН, ХАЛЫҚ КҮШІМЕН ОРНАТЫЛАДЫ

Осыдан бұрынғы тақырыптарды үйрену үстінде, тыңдаушылар партияның коммунизм құрылысын кең өрістету дәуіріндегі саясатымен танысты, лениндік партия жұмысының негізгі арқауы халыққа қызмет ету екенін түсінді. Коммунизм халық үшін орнатылатынын, оны жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция өз қолымен, өз

ақыл-парасатымен орнататынын біздің әрқайсысымыз өз тәжірибемізден білеміз. Бейнелеп айтқанда, осы орасан зор құрылыстың бас архитекторы, ұйымдастырушысы әрі дем берушісі — ең дәл компасты — революциялық ілімді, ғылыми коммунизмнің теориясын меңгерген біздің лениндік партия.

Семинар сабағында тыңдаушылармен әңгіме өткізгенде коммунистік қоғамның барлық халықтың қолма-қол қатысуымен, нағыз демократиялық жолмен орнайтынын, ал коммунистік құрылыстың табыстары өз тарапынан демократияның онан әрі дамып, жетіле беруіне өріс ашатынын нақты түсіндіру керек. Біздің партия, жалпы халықтық социалистік мемлекет осы мүмкіндіктерді сарқа пайдалануға ұмтылады, өндірісті басқаруға, елге басшылық етуге халықты әрдайым көп қатыстыру шараларын белгілейді. Партия Программасы демократияның творчестволық роліне, коммунизм салтанаты үшін күрестегі демократиялық жолдарға ғылыми тұрғыдан тұжырым жасайды.

Социализм құрылысы елде социалистік укладпен қоса, шаруашылықтың басқа да укладтары орын тепкен кезде басталатыны белгілі, ал бұларды белгілі бір тап, оның ішінде қанаушы тап та иеленеді. Халықтың басым көпшілігінің мақсатын ойлап, Совет мемлекеті жаңа өкіметке, социализм орнату жоспарларын орындауға айла-шарғы жасап, қасарысып қарсылық көрсеткен, тақтан тайған қанаушы таптарға революциялық зорлық қолдануға мәжбүр болды.

Коммунистік формацияның жоғарғы сатысының құрылысы бұдан басқа жағдайда өтеді. Қанаушы таптардың жойылғанына көп болды, совет халықтарының идеялық-саяси, моральдық бірлігі, достығы қалыптасып, нығаяда, әлеуметтік жағынан біздің қоғам барған сайын бір текті болып келеді. Социализм өз күшіне сүйеніп, алға басуда. Социализмнің дүние жүзілік қуатты системасы пайда болып, ойдағыдай дамуда, ал капитализм күштерін терең антагонизм мен қайшылықтар титықтатып отыр.

Сондықтан қазіргі кезеңде иландыру әдісінің, ұнамды үлгі күшінің, партияның жан-жақты ұйымдастыру және идеологиялық жұмысының, қоғамдық ұйымдар қызметіндегі демократиялық түрлер мен құралдардың, қоғам өмірінің барлық саласына партия ұйымдарының басшылығын күшейтудің ерекше зор маңызы бар.

Партияның Программасында тұжырымдалған, коммунизм құрылысы дәуірінде социалистік мемлекеттің дамуындағы басты бағыт: социалистік демократияны жан-жақты өрістетіп, жетілдіре беру, мемлекетті басқаруға, шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылық етуге барлық азаматтың белсене қатысуы, мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту және оның қызметіне халық бақылауын күшейту (КПСС Программасына қараңыз, 101-бет).

Демократияны жан-жақты дамыту және ел басқаруға еңбекшілерді кең қатыстыра беру туралы мәселені қысқаша қарастырып көрейік. Бұл — коммунистік құрылыстың өзекті мәселелерінің бірі.

Социалистік демократияны онан сайын жетілдіру мемлекеттік органдардың, өмірдің барлық жағын қамтитын халық ұйымы, оның бірлігінің көрінісі болып табылатын Советтердің жұмысын биік белеске көтеру мақсатын көздейді. Бұл жөнінде бізде біраз жұмыс істелді. Советтердің праволары неңеюде, олардың миллиондаған активі бар. Көптеген Совет атқару комитеттерінің жанында штаттан тыс бөлімдер мен қоғамдық комиссиялар жұмыс істейді. Бұлардың шұғылданатын мәселесі көп, мысалы олар қалаларды, жұмысшы поселкелерін, колхоз деревняларын көркейту, мектептердің, мәдени-ағарту мекемелерінің жылдық сметасын қарау, тұрғын үй құрылысы, сауданың жай-күйі, товар қорын бөлу сияқты толып жатқан мәселені қарап отырады. Депутаттардың, қалың активтің қатысуымен Советтер көптеген перспективалық және ағымдағы мәселелерді шешеді.

Халық өкілдігінің түрлері мен сайлау системасының демократиялық принциптері де жетіліп келеді (бұл жөнінде партия Программасынан қараңыз, екінші бөлім, III тарау, I пункт).

Мұнымен қоса Советтер жұмысына жұртшылықты кең қатыстырудың төрашiлдікке, тоғышарлыққа, әкімқұмарлыққа және социалистік демократияның табиғатына жатпайын басқа да ескілік қалдықтарына қарсы күресте тигізер пайдасы көп. Мысалы, әкімқұмарлықты алайық. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: адетте, істі терең зерттеуге, қоғамдық өмір құбылысының өзара байланысын білуге жанын қинағысы келмейтін қызметкерлер ғана жалаң әкімқұмарлыққа салынады, сөйтіп өмірдің бетінен қалқып жүреді. Олар үлкен зиян келтіреді. Біздің партия, совет адамдары экономикалық күрделі міндеттерді әкімқұмарлық, шаруашылық органдарды дамылсыз қайта құра беру жолымен шешуге болады деген қате пікірді қатаң сынайды.

Басқарудың демократиялық түрлерін дамыту, социалистік демократияны онан сайын жетілдіру — жан-жақты да күрделі құбылыс. Бұған Коммунистік партия әр-

дайым бағыт сілтеп отырады. Ал Коммунистік партияның еліміз ішіндегі қызметі демократия принциптерін дәйекті жүзеге асырудың, коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруының анағұрлым жетілген түрлерін іздестіріп таба білудің үлгісі болып отыр, келешекте де солай болмақ. Партияның Орталық Комитетінің ноябрь (1964 жыл) Пленумы бұл құбылыстың дамуына зор игі әсер ететіні күмәнсіз.

Ал, мұның өзі көбінесе қоғамның әрбір еңбеккеріне, оның өз борышын дұрыс түсінуіне, белсенділігіне, ұйымшылдығына, саналылығына байланысты. Кейбір азаматтың мемлекет алдындағы өз міндетіне, коллективтің қоғамдық өміріне, кәсіподақ, мәдениет және басқа ұйымдардың жұмысына бұл үшін «штатты қызметкерлер» бар емес пе деп, қалай болса солай салғырт қарауы тәрізді фактілерге төзбейтініміз міне сондықтан. Совет елінде бұқараның материалдық әл-ауқаты, мәдени дәрежесі үздіксіз артуда, жұмыс күні қысқаруда. Мемлекет балалар бақшалары мен бақтарын, алаңдарын, асханалар, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар салуға үнемі қамқорлық жасап келеді. Ал бұл әйелдерді үй шаруасының күйбеңінен босатуға, оларды қоғамдық өмірге қатыстыруға жағдай жасайды. Жеке адамды жан-жақты дамыту, социалистік демократияны өрістетіп, жетілдіре түсу мақсатына осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану әрбір совет азаматына тікелей байланысты, — міне, бұл идеяны семинар, үйірме сабағында жиі-жиі еске салып отырған жөн.

Мемлекеттің толық өліп-өшуі үшін, деп үйретеді марксизм-ленинизм, кемеліне келген коммунистік қоғам орнату жеткіліксіз, бұған қоса социализм халықаралық көлемде жеңіске жетіп, нығайуы қажет.

Коммунистік қоғам орнату әрбір совет адамынан, мейлі ол қандай қызметте болсын, барынша күш-жігер жұмсауды, инициатива көрсетуді, саналы болуды талап етеді. Ортақ іс үшін адал еңбек ету, қоғам мен мемлекет мүддесін өз мүддесіндей түсіну, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қатаң сақтау, коммунизмнің салтанат құруы жолындағы күресте үлкен жауапкершілік, патристтық инициатива, творчестволық белсенділік көрсету — біздің азаматтық әрі қоғамдық парызымыз. Өзінің коммунизм игілігі жолындағы еңбегімен совет адамдары еліміздің, халықтардың бүкіл дүние жүзілік социалистік достық одағының экономикалық күш-қуаты мен қорғаныс қабілетін үздіксіз нығайтады, бүкіл дүние жүзі еңбекшілері алдындағы өзінің интернационалдық борышын өтеп шығады.

(«Политическое самобразование» журналы, № 12, 1964 ж.).

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ

МАРКС К., ЭНГЕЛЬС Ф. Коммунистік партияның манифесі. Таңдамалы шығармалар. Қазақ мемлекет баспасы. 1-том, 27—29-беттер.

МАРКС К. Гота программасына сын. Таңдамалы шығармалар, Қазақ мемлекет баспасы. II том, 23-бет.

ЛЕНИН В. И. Мемлекет және революция. Шығармалар, 25-том, 395—514-беттер.

ЛЕНИН В. И. «Демократия» және диктатура туралы. Шығармалар, 28-том, 373—378-беттер.

ЛЕНИН В. И. Венгер жұмысшыларына сәлем. Шығармалар, 29 том, 385—389-беттер.

ЛЕНИН В. И. Советтік мемлекеттік аппараттың жұмысы туралы. Саяси әдебиет баспасы. 1955. Москва.

ЛЕНИН В. И. Бұқараны мемлекет басқаруға қатыстыру туралы. Саяси әдебиет баспасы. 1962. Москва.

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ II бөлім, III таура, § 1—2 Қазақ мемлекет баспасы. 1962, 100—110-беттер.

КПСС XXII СЪЕЗІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ. Қазақ мемлекет баспасы, 1961.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММУНИСТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТОПТАСУЫ ЖОЛЫНДА. Документтер мен материалдар. Саяси әдебиет баспасы. 1964. Москва. 42—44-беттер.

СУСЛОВ М. А. КПСС-тің халықаралық коммунистік қозғалыстың топтасуы жолындағы күресі туралы. КПСС Орталық комитетінің Пленумында 1964 жылы 14 февральда жасалған баяндама. V бөлім. «Қазақстан» баспасы, 1964.

КПСС-ТІҢ ЛЕНИНДІК САРА ЖОЛЫ. «Правда» 17 октябрь 1964 ж.

КОММУНИЗМ ОРНАТУШЫЛАРДЫҢ ҰЛЫ ТУЫ. «Правда» 1 ноябрь 1964 ж.

Экономика — негізгі бағыт

Жаңа жылдың жоспарына лайық Павлодар қаласы еңбекшілерінің де қызу қарқынмен жұмыс істеп, экономикалық жағынан аса күрделі міндеттерді орындауына тура келеді. Соңғы бес-алты жылдың ішінде Павлодар қаласының республикамыздағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналғаны баршаға мәлім. Мұнда машина жасау зауытының төрт цехы, жылына 180 мың текше метр құрастырмалы темір-бетон шығаратын кәсіпорын, үй құрылысына керекті ірі панельдер шығаратын екі цех, жылына 95 миллион силикат кірпішін шығаратын завод, автомобиль жөндеу зауыты және басқа көптеген өндіріс орындары іске қосылды.

Еліміздегі аса ірі кәсіпорынның бірі — Павлодар алюминий зауытының бірінші кезегін (электр орталығымен қоса) пайдалануға беру — 1964 жылдың ең маңызды міндеті болған еді. Қала құрылысшылары бұл жауапты міндетті абыроймен орындап шықты. Павлодар металлургтері Орал мен Сибирь заводтарына мыңдаған тонна өнімді жөнелтіп те жатыр.

Өндірістік жаңа қуаттың іске қосылуы қала бойынша өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемін 1958 жылғымен салыстырғанда үш есе арттыруға мүмкіндік берді. Қаланың өнеркәсіп орындары мен құрылыстарында барған сайын еңбек өнімділігі артып, өнімнің сапасы жақсара түсуде.

Павлодар еңбекшілерінің бұл табыстарын қамтамасыз етуде қала партия ұйымының елеулі үлесі бар десек, мақтанғандық болмас деп ойлаймыз. Соңғы жылдары қалалық партия комитеті өндіріс жайымен тереңірек шұғылдана бастады, өнеркәсіп орындары мен құрылыстардың партия ұйымдарына басшылығын әжептәуір жақсартты, шаруашылық басшыларының істің жайына жауапкершілігін күшейтті. Қалалық комитеттің пленумдарында, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында өндірістің, құрылыстың өзекті мәселелері жиі талқыланатын болды.

Қалалық комитеттің жанынан құрылған тұрақты комиссиялар кәсіпорындар мен құрылыстардың шаруашылық қызметіне талдау жасайды, коллективтің социалистік жарысын қорытындылайды. Жарыста озып шыққан коллективтерге қалалық партия комитеті мен атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылады, ол туралы хабар радио мен газет арқылы таратылады, ең үздік озаттар қалалық Құрмет тақтасына жазылады.

Павлодар — химия, машина жасау, түсті металлургия өнеркәсібінің, құрылыс индустриясының аса маңызды объектілері салынып жатқан жаңа құрылыстар қаласы ғой. Сондықтан қалалық партия комитеті құрылыс жұмысына айрықша маңыз береді. Мұндағы ең маңызды объектілердің бәрінде де қалалық комитеттің жауынгерлік штабтары құрылған.

Қала коммунистерінің басым көпшілігі құрылыстарда, кәсіпорындарда, транспорт пен байланыс ұйымдарында жұмыс істейді. Мысалы, алюминий зауыты партия ұйымының есебінде тұратын 252 коммунистің 197-сі тікелей өндірісте істейді. Локомотив депосындағы 170 коммунист-

тін 158-і—тепловоз машинистері, слесарьлар, токарьлар т. б. Қалалық партия комитеті осы коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру, олардың өз өнегесімен бұқараны қажырлы еңбекке жұмылдыруын қамтамасыз ету жөнінде едәуір жұмыс жүргізді.

Өндірісте істейтін коммунистердің көбі жаңалықтың жаршысы, озат тәжірибені таратушы ретінде, қажымас белсенділігімен, ізденгіштігімен көзге түсуде. Мәселен, қалалық партия комитетінің мүшесі В. Г. Седелев басқаратын комплексті бригада 1962 жылы Павлодарға жаңа келген жас құрылысшылардан құрылған еді. Коммунист Седелевтің ұсынуымен бригадада шеберлер курсы ұйымдастырылып, 1963 жылдың өзінде бригаданың әрбір мүшесі екі-үш мамандық меңгеріп шықты. 1964 жылдың басынан бері бригада құрылыс жұмыстарының барлық түрін өздері атқарады. Қалалық партия комитеті Седелев бригадасының жұмыс тәжірибесін зерттеп, қорытып, оны барлық құрылыс, транспорт, өндіріс орындарына кеңінен енгізу жөнінде қаулы алды.

Осы сияқты жаңашыл, қажырлы еңбегімен көпшілікке үлгі бола білген коммунистер қаланың әрбір кәсіпорнынан, құрылысынан көптеп табылады.

Қазіргі кезде қала кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдары күрделі қаржыны тиімді пайдалану, жұмсалған қаржының нәтиже беруін тездету мәселесіне ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл жөніндегі әзіргі табыстар да жаман емес. Қаланы тұтас алғанда 18 кәсіпорын пайдамен жұмыс істейді. Олардың ішінде машина жасау заводы, тігін фабрикасы, кеме жөндеу заводы және басқа өнеркәсіп орындары бар.

Қаржы мен материалды тиімді пайдаланып, өнімнің түсер құнын кеміту бағытында тұрғын үй құрылысы тресінің басшылығы мен партия ұйымы айтарлықтай жұмыс істеді. Трестегі бес құрылыс басқармасының бесеуі де өнімнің түсер құнын жоспардағыдан едәуір кемітті. Соңғы жылдары трестің құрылыс ұйымдарында материалдың жұмсалуды тәртіпке келтіретін елеулі шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда құрылыс басқармаларындағы аралық қойма дегендер жойылды, лимит карталары енгізілді. 1963 жылдан бастап трест № 3-а форма бойынша іріленген есепке көшті. Қазір тұтас объектіге бір-ақ есеп жасауға әзірлік жүріп жатыр. Бұл үшін трест мамандары Ленинградқа барып, сондағы құрылыс ұйымдарының тәжірибесімен танысып қайтты. Сондай-ақ мамандандырылған ұсақ бригадалардың орнына еңбекке кесімді ақы төлейтін комплексті бригадалар құру жөнінде де бірқыдыру жұмыс жүргізілді.

Мүмкін болған жердің бәрінен үнем жасау — өндіріс көрсеткішін жақсартудың ең бір қажетті шарты екені баршаға мәлім. Бұл мәселені экономикалық қызметтің дәрежесін жоғары көтергенде ғана ойдағыдай шешуге болады. Ал кәсіпорынның, құрылыстың, транспорттық экономикасына терең талдау жасап, оны ғылыми негізде дамыту үшін өндіріс басшыларының, мамандардың экономикалық білімін көтерген үстіне көтеру керек.

Осы жағдайды ескере отырып, қалалық партия комитеті кадрлардың экономикалық даярлығын жетілдіруге айрықша көңіл бөліп келеді. Бұл жөнінде экономикалық конференция өткізудің пайдасы көп болып жүр. Қалалық партия комитеті бюросының шешімі бойынша 1964 жылғы август-сентябрь айларында қала кәсіпорындарында, транспорт және құрылыс ұйымдарында техникалық-экономикалық конференциялар өткізілді. Ол конференцияларда жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер өнімнің түсер құнын кеміту мәселелерін қарады. Конференцияда әрбір цехтың, құрылыс учаскесінің экономикалық көрсеткішін жақсартуға, жаңа техниканы, технологияны өндіріске батыл енгізуге, озат тәжірибеге даңғыл жол ашуға, еңбек ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған жүзден астам ұсыныс енгізілді. Сондай-ақ баланс комиссиялары,

экономикалық талдау бюролары, нормалау жөніндегі қоғамдық бюролар орасан зор экономикалық жұмыс жүргізуде.

Дегенмен, қалада өндірісті ұйымдастыру ісін жақсы жолға қоя алмаған кәсіпорындар әлі де бар. Партия ұйымдары тарапынан жеткілікті бақылаудың жоқтығы, үнем тәртібінің сақталмауы, озат технология мен еңбектің тиімді әдістерінің баяу енгізілуі салдарынан 7 кәсіпорында, 9 құрылыс ұйымында өнімнің түсер құны жоспардағыдан жоғары болып жүр. Бұлардың ішінде автомобиль жөндеу заводы, «Промстрой» тресінің екінші құрылыс басқармасы және басқалары бар. Бұл кәсіпорындардың басшылары не керектің бәрін де мемлекет береді деп жаман үйреніп кеткен, өздеріндегі мүмкіндіктерді қарастырмайды, жұмысты зиянсыз істеу шараларын ойластырмайды. Ал расында бұлардың қай-қайсысында болса да іске қосылмай жатқан мүмкіндік толып жатыр. Мәселен, машина жасау заводында станоктарды, жабдықтарды пайдалану коэффициенті әлі де тым төмен. Мұндағы өндірістік қуаттардың 30 проценті, соның ішінде 150-ден аса станок қарап тұр.

Қалалық партия комитеті өндіріс мамандарымен ақылдаса отырып, бұл кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын қарастыруда. Соңғы уақыттары қалалық комитеттің бюро мәжілістерінде кәсіпорындардың жобалық қуатын толық игеру мәселесі жиі талқыланып, бастауыш партия ұйымдары мен шаруашылық басшыларына құрал-жабдықтың бос қарап тұруына қарсы батыл күресу, әрбір станокты, өндіріс алаңын тиімді пайдалануға жету міндеттелді.

Өткен жылдың август, сентябрь айларында қаладағы 120 бастауыш партия ұйымында есеп беру-сайлау жиналыстары өтті. Ол жиналыстарда коммунистер істелген жұмысқа сын көзімен талдау жасап, елеулі кемшіліктерді батыл ашты, зор болашақ қамын ойлай отырып, бағалы пікірлер, ұсыныстар айтты.

Қалалық партия комитеті коммунистердің сол сын ескертпелерін байыпты түрде зерттеп, орынды ұсыныстарды іске асыру шараларын қолдануда. Қазір қалалық партия комитетінің жұмыс жоспары бастауыш партия ұйымдарының талап-тілектерін мұқият еске ала отырып жасалады. Мысалы, бастауыш партия ұйымдарында экономикалық жұмыстағы кемшіліктердің көбірек сыналудына байланысты, өткен жылғы 30 сентябрьде қалалық партия комитетінің пленумы «Қала кәсіпорындары мен құрылыстарында экономикалық көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі партия ұйымдарының міндеттері туралы» мәселе талқылады. Пленумда өндіріс пен құрылыстағы резервтерді іске қосу, коммунистердің өзі еңбек ететін учаскедегі жұмыс жайына жауапкершілігін арттыру туралы келелі сөз болды, өнімнің сапасын жақсарту, түсер құнын кеміту жалпы халық шаруашылығын өркендетудің даңғыл жолы екені баса айтылды. Қазір өнеркәсіп пен құрылыс орындарының бастауыш ұйымдары қалалық партия комитеті пленумының сол шешімін жүзеге асыру үшін күрес жүргізуде.

Өнеркәсіптің ірі орталығына айнала бастаған Павлодар қаласының келешегі орасан зор. Ал енді сол келешекті жақындата түсу үшін аса қажетті кейбір шаралар жөнінде ой-пікірімізді айта кетсек, артық болмас деп ойлаймыз.

Партияның ХХІ съезінің шешімдеріне лайық, Павлодар—Екібастұз өнеркәсіп торабы қалыптастырылуға тиіс. Ол торап Павлодар, Ермак, Екібастұз қалаларын қамтиды. Съезд қойған бұл іргелі міндетті іске асыру үшін өнеркәсіп орындарын салуға, қалаларды өркендетуге, құрылыс индустриясын дамытуға, типті жобаларды қолдануға, жергілікті құрылыс материалдарын (тас, әк, құм) пайдалануға, темір жол станцияларын кеңейтуге, жер асты жолдарын салуға және басқа шараларға байланысты көптеген ортақ мәселелер бар. Бірақ облыс ішінде осы үш өнеркәсіп орталығын өркендету жұмысы бір-бірімен байланыссыз, әр-

қайсысында өз бетімен жүріп жатыр. Мұның келешекте кейбір қолайсыз жағдайға соқтыруы ықтимал. Демек, республикалық тиісті ұйымдар Павлодар өнеркәсіп торабын өркендету жоспарын тұтас алып, соған лайық елеулі шараларды іске асырса екен дейміз.

Екінші бір мәселе — Павлодар қаласында әжептеуір құрылыс базасы бар. Бірақ құрылыс комбинаттарының қазіргі қуатының өзі 70 процент мөлшерінде ғана пайдаланылады. Оның себебі комбинаттар бір-бірімен байланыссыз жұмыс істейді, белгілі салаға маманданбаған, біртұтас шикізат базасы жоқ, бірінің шығарған өнімін басқасы да қосарласа шығарып жатады.

Құрылыс базасының дамуына байланысты қаланың өзінде құрылыс материалдары тресін немесе құрылыс индустриясы кәсіпорындарының «фирма» сияқты бірлестігін құратын мезгіл жеткен сияқты. Қазіргі өндіріс қуаттарын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен комбинаттар үшін шикізат базасын жасау мәселесін шешу қажет. Екібастұз бен Ермакта құм карьерін, Ерейментауда қиыршық тас карьерін салуды тездету керек, темір-бетон конструкцияларын шығаратын комбинаттар үшін құрал-жабдықты бір орталықтан жасап шығаратын завод салған жөн. Бұл жөнінде қалалық партия комитеті өз пікірін талай рет білдіргеніне қарамастан, Қазақ ССР Құрылыс министрлігі мен «Главцелин-промстрой» басшылары аса маңызды мәселеге тиісінше көңіл бөлмей келеді.

1965 жылы Павлодарда мұнай-химия комбинаты салына бастайды. Бұған бөлінген қыруар қаржы да бар. Алайда комбинатты кім салады деген мәселені Құрылыс министрлігі әлі күнге дейін шешкен жоқ.

Биыл, жетіжылдықтың соңғы жылында істелер іс, атқарар міндет ұшан-теңіз. Павлодар қаласының коммунистері, барлық еңбеккерлері ұйымшылдық көрсете отырып, 1965 жылға белгіленген өндірістік тапсырманың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін не қажеттің бәрін істейді.

В. КРАМИН,

Павлодар қалалық партия
комитетінің бірінші секретары.

Коммунист бәріне де жауапты

1963 жылы «Қызылту» совхозында әр жүз саулықтан жүзден асырып төл алған екі-ақ шопан болды. Шаруашылықтың негізгі саласы бұлай болып отырғанда, совхоз экономикасын көтеру жайлы әңгіме етудің өзі қиын еді.

Әрине, бұл жағдай бәрінен бұрын совхоз партия ұйымын, коммунистерді қатты толғандырды. Шаруашылық жылының қорытындысын талқылауға арналған жиналыста коммунистер шындықтың бетіне тура қарап, кемшіліктің түпкі себептерін бүкпесіз ашты.

— Қой шаруашылығындағы олқылықтарға алдымен біз кінәліміз, — десті олар. — Себебі, біз аналық малды жақсы күту, төлді мол алу жолындағы күрестің алдыңғы сапында бола алмадық, шопандар бұқарасының күш-жігерін дұрыстап жұмылдыра алмадық.

Партия ұйымы қиыншылықтан шығу үшін қой фермаларын коммунистермен нығайтып, оларға қойылатын талапты күшейту керек деп шешті. Шопан боп баратын әрбір коммунист өз отарына ғана емес, көршісінің отарына да, бүкіл фермадағы істің жайына жауап береді деп ұйғарылды. Өз басының жақсы өнегесімен өзгелерге игі ықпал ету — коммунистің ең басты парызы екені баса айтылды.

Қой фермаларына коммунистердің көптеп баруы жұмыста соны

леп, жаңа қарқын туғызды. Коммунистер өз міндетіне жауапсыз қараған бір шопанның кесірі бүкіл совхозды кері тартатынын үздіксіз еске салып отырды. Осыдан барып шопандардың бір-біріне талабы, бақылауы, өзара көмегі мен қолқабысы күшейді. Бірінің білмегенін екіншісі үйрету, бірінің шамасы келмеген шаруаны көптеп-көмектеп тындырып тастау дәстүрге айналды. Бірлік, ынтымақ күшейгесін жұмыстың қызығы мен қуанышы да молая түсті.

Совхоз партия ұйымы мен дирекциясының, мамандарының ұйымдастыру жұмысын жақсартуы қой шаруашылығында шұғыл бетбұрыс жасауға мүмкіндік берді. Бұрнағы жылы саулық бағатын елу шопанның екеуі ғана әр жүз саулықтан жүзден асырып төл алса, 1964 жылы отыз шопан әр жүз саулықтан 100—120 козыдан алып, аман өсірді. Әсіресе коммунистер К. Әдікеев, К. Дүйсенов, Қазыбеков, Қалиев, Еркежанов, Лейменов, Татықановтардың әрқайсысы бағуындағы саулықтардың әр жүзінен 110—120 козыдан алып, айтарлықтай табысқа жетті.

Қой шаруашылығындағы өрлеудің совхоз экономикасының басқа салаларына да игі ықпалы тимей қойған жоқ. Совхоз коллективі мемлекетке мал өнімдерін тапсыру жағынан да шаруашылық жылын әжептеуір табыспен аяқтады.

Рас, совхозда бір жылдың ішінде малды өз төлі есебінен көбейту мәселесі толық шешіле қойған жоқ. Әрбір аналық малдан төл алғанымен, оны түгел аман өсіре алмай жүрген малшылар әлі де бар. Мысалы, өткен жылы Рахтаев, Мусин сияқты коммунист шопандардың өзі әр жүз саулыққа 80—85 козыдан ғана айналдырды. Дегенмен, тұтас алғанда жұмыста жаңа қарқын, жаңа өрлеу туғаны анық.

Ең бастысы — шаруашылықтың шешуші учаскелерін түгелдей коммунистер өз қолдарына алды. Совхоз партия ұйымы есебіндегі жүз жиырмадан аса коммунистің тоқсанға жуығы тікелей материалдық игіліктер өндірілетін салада істейді. Олардың бәрі дерлік совхоз өндірісінің тағдырына алдымен коммунистер жауапты екенін, шаруашылық істе табыстың көп болуы коммунистердің белсенділігіне, олардың бұқараны өз сонынан ерте білуіне байланысты екенін жан-жүрегімен ұғынады. Совхоз коммунистері мал шаруашылығын ең таяу жылдардың ішінде шұғыл өрге бастыру үшін не қажеттің бәрін істеуге берік бел байлап отыр. Олардың бұл игі талабы мен жалынды жігері мал қыстатуға әзірлік үстінде айқын көрінді. Екінші, үшінші ферманың еңбеккерлері қысқа толық жететін жемшөпті сентябрь айына дейін-ақ дайындап, түгелдей қыстау басына тасып алды. Олар қоғамдық малды ойдағыдай қыстатумен бірге, биыл әрбір аналық малдан төл алып, аман өсіру үшін күресуде.

Коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға партия жиналыстары тамаша ықпал жасап келеді. Совхоз партия ұйымы соңғы кездері коммунистердің әрбір жиналысын мұқият әзірлікпен өткізетін болды. Жиналыста коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролі, коммунистің моральдық бейнесі, праволары мен міндеттері туралы мәселелерге көбірек көңіл бөліне бастады. Жиналыстың күн тәртібі коммунистерге ерте бастан хабарланады. Жиналыс жолдастық сын және өзара сын, іске жаны ашыған пікір таластары қызу өрістеген жағдайда өтеді.

Партия Уставының талаптарын бұзған, өндірістік және қоғамдық борышына салақ қараған коммунистерге кешірімпаздық жасалмайды. Мысалы, өткен жылы үшінші фермада коммунист шопан Құйқабаев ішкілікке салынып, қоғам малына қырсыз қарай бастады. Коммунистер Құйқабаевтың бұл қылығын дереу әшкерелеп, ашық жиналыста бетіне басты, жанына батыра айтты. Тіпті көнбеген соң мал бағудан босаттырып, басқа жұмысқа жіберткізді. Сонда ғана Құйқабаев партиялық коллективтің күші мен ықпалын түсініп бар қателігін шын сезінді. Қа-

зір ол совхоздағы екпінді жұмысшылардың қатарына қосылды. Сондай-ақ совхоз партия ұйымы өздерінің уставтық міндеттерін ұмыта бастаған Тастанбаев, Кухарчук, Қабзолин сияқты коммунистерді де дер кезінде тәртіпке шақыра білді.

Коммунистердің жиналыста айтқан ұсыныстары мен талаптарының, сын ескертпелерінің бірде-біреуі ескерусіз қалмайды. Кабылданған қаулының қалай орындалғаны, жеке жауапкершіліктер жүктелген коммунистердің өз міндетін қалай атқарғаны келесі жиналыста хабар етіледі. Партиялық тапсырмаға салғырт қарап, сапалы орындамаған коммунистерге қатаң шара қолданылады.

Тапсырма демекші, совхоз партия ұйымының есебіндегі барлық коммунистің 98-і тұрақты түрде партиялық-қоғамдық тапсырма атқарады. Әсіресе партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін топтың құрамындағы коммунистер жақсы белсенділік көрсетіп жүр. Олар совхоз өндірісінің түрлі саласына 21 рет халықтық байқау жүргізіп, көптеген кемшіліктің бетін ашты және оларды жоюға көмектесті. Сондай-ақ соңғы кезде партия ұйымының тікелей басшылығымен жолдастық соттың, халық жасақшыларының жұмысы да жандана бастады.

Еңбекшілердің қалың бұқарасы коммунистерге үлкен сенім артады, оны партияның өкілі деп қарап, соған теңелуге ұмтылады. Демек, коммунист сол сенімге лайық болып, өзінің бүкіл ісімен, жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен партияда жоқ бұқараға өнеге көрсетуге міндетті. Бірақ мұның өзі де жеткіліксіз. Коммунист өзі жақсы болумен бірге басқалардың да жақсы болуы үшін күресуге, өз партия ұйымындағы, өз коллективіндегі істің жай-жағдайына шын жанашырлықпен қарауға, кемшілікке ешбір төзбеуге, жаңа мен озат атаулыны қолдап, көтермелеп отыруға борышты. «Қызылту» совхозының коммунистері өз міндеттерін осы тұрғыдан түсінгенге ұқсайды. Сондықтан да олардың жаңа жылда совхоз экономикасын нығайту, жұмысшылардың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеруде жаңа табыстарға жететініне кәміл сенесіз.

А. ӘКІМҒОЖИН,

Абай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Мәдени-үгіт алаңы

Еңбекшілерді саяси-бұқаралық жұмыстың ықпалымен тегіс қамту — партия ұйымдарының абзал міндеттерінің бірі. Оларға коммунистік тәрбие беру үшін, ең алдымен, әр адамның жүрегіне жол тауып, оның сезіміне әсер ету қажет екені мәлім. Партияның Орталық Комитетінің июнь (1963 ж.) Пленумы бұл жөнінде саяси-тәрбие жұмысының деңірін еңбекшілердің тұрғын жерінде жүргізуді талап еткен болатын.

Орал қаласының партия ұйымы осыған орай идеологиялық жұмыстың жаңа түрлері мен тәсілдерін үнемі жетілдіру жолында талмай іздене бастады. Мұның өзі совет қоғамында болып жатқан әлеуметтік өзгерістер мен коммунистік құрылыстың ұлы міндеттеріне, сол міндеттердің өскелең талабына толық сай келеді.

Соңғы кезде қалалық партия комитеті еңбекшілердің мекенді жерінде саяси-тәрбие жұмысын жанаша жүргізе бастады. Жасыратыны жоқ, бұрын жұрттың тұрақты жеріндегі бұқаралық-саяси жұмысқа кәсіпорындардан, мекемелерден үгітші бөлумен ғана тынатынбыз. Анығында олардың көпшілігі тек саяси науқан кезінде жұмыс жүргізетін де, тұрғындардың мұқтажын, талап-тілегін ішкі дүниесін жетік біле бермейтін. Әлбетте, бұдан соң әр уақытта үгітші қауымның белгілі бір шараны жүзеге асыруда түйыққа тірелетіні де сөзсіз еді. Өйткені, олар

жұрттың көпшілігімен жете ұғыныса алмайтын, олардың сеніміне ие бола бермейтін.

Қазір біз қала тұрғындары арасындағы жұмысты басқаша жүргізе бастадық. Тұрғын кварталдарда, коммуналдық үлкен үйлерде, жұмысшы және жастар жатақханаларында мәдени-үгіт алаңы ұйымдастырылды. Оларды сол араның беделді адамдарынан құрылған советтер басқаратын болды. Бұл советтердің құрамында 5—10 адам бар. Қалалық партия комитеті совет мүшелерін іріктеуге әуелден-ақ айрықша көңіл бөліп, қамқорлық жасады. Олардың жұрт алдындағы абырой-беделі, білім-қабілеті қатты ескерілді.

Мәдени-үгіт алаңы сол жердегі партия ұйымының біріне бекітіліп берілді. Партия ұйымының өкілі өздеріне бекітілген тұрғын үйлерге жиі барып, ондағы адамдармен танысуды, хал-жағдайын сұрастырып, талап-тілектерін жете білуді басты міндетінің бірі деп санайды. Мәдени-үгіт алаңы советінің мүшелерін іріктеп алу үшін де олар алдын-ала жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде мәдени-үгіт алаңы советтері қадірменді, үгіт-бұқаралық жұмысына қабілетті адамдардан құрылды. Совет мүшелері: өндіріс озаттары, партия, совет қызметкерлері, әр түрлі мамандықтағы интеллигенция өкілі, пенсионерлер, көше комитеттерінің адамдары.

Партия ұйымдарының жұмысы мұнымен де тынбайды. Олар советтермен жиі байланысып, мәдени-үгіт алаңындағы күллі саяси-тәрбие жұмысына бағыт беріп отырады. Сонымен бірге, әкімшілік және кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мәдени-үгіт алаңын жабдықтау, оны көрнекі үгіт құралымен безендіру ісімен де шұғылданады.

Қазір бізде клуб, жылжымалы кино, кітапхана атаулының бәрі негізінен осы мәдени-үгіт алаңына қызмет етеді. Олар кино көрсетеді, көркемөнерпаздар үйірмесінің концерттерін ұйымдастырады, кітап оқушылардың конференциясын өткізеді. 1963 жылы қала бойынша мұндай 24 алаң ғана бар еді, 1964 жылы олардың саны 40-тан асты. Бұлар қаланың 350 көшесінің тұрғынын қамтиды. Олардың бірқатарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін кітапхана, спорт және балалар алаңы, көркемөнерпаздар коллективі бар.

Мәдени-үгіт алаңдарында әрбір бейсенбі күні лекция оқылады, саяси әңгіме, сұрақ және жауап кеші, қала басшыларымен, ұлы Октябрь революциясына, азамат және Отан соғысына қатысушылармен, әйгілі еңбек адамдарымен кездесу ұйымдастырылады. Мұндай кездесулерде тұрғындар өздерінің күнделікті өмірі мен тұрмысына қажетті сұрақтарға жауап алады. Осының бәрі еңбекшілерді коммунизм ісіне шексіз берілу, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм, халықтар достығы, жаңа дәстүр мен салт-сана рухында тәрбиелеуге бағытталған. Бұл шаралардың ішінде өте-мөте семьядағы, тұрмыстағы қарым-қатынас, бала тәрбиесі, адалдық пен шыншылдық, еңбек сүйгіштік сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, соңғы кезде қала тұрғындарының мекенді жерінде «Коммунистік партия—біздің бастаушымыз, ұлы көсеміміз», «Халықаралық жағдай туралы», «Химияның кереметтері», тағы басқа тақырыптарда лекциялар оқылды.

Мәдени-үгіт алаңдарының советтері тұрғындар арасында тек лекциялар оқып, әңгімелер өткізумен ғана тынбайды. Олар демалыс күндері қала сыртына саяхат жасау, кино-театрларға, спорт жарыстарына коллектив болып бару, балалардың бақылаусыз қалмауын қадағалау сияқты жұмыстарды да үзбей жүргізіп отырады.

Қала тұрғындары арасында осындай ісімен абырой-атаққа бөленіп отырған мәдени-үгіт алаңының советтері аз емес. Мәселен, № 25 мәдени-үгіт алаңының жұмысын алайық. Мұндағы советті Обухов, Горшкова жолдастар басқарады. Алаңның орналасқан жері де өте жақсы. Кино көретін экраны да бар. Мәдени-үгіт алаңының советі қаладағы екін-

ші кітапхананың және Ленин комсомолы атындағы кинотеатрдың коллективімен бірлесе отырып, бұл жерде әлденеше рет атеистік және әдеби кештер, көркемөнерпаздардың концерттерін, экономикалық және саяси тақырыптарға арналған лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырды. Соңғы үш-төрт айдың ішінде ғана мұнда «Коммунизм — партия мен совет халқының биік мақсаты», «Коммунизм құрылысшысының адамгершілік принциптері», «Партияның XXII съезі және коммунизмнің белсенді құрылысшысын тәрбиелеу», «Орал қаласының бүгінгісі мен ертеңгісі», «Коммунизм және советтік семья» және басқа тақырыпта лекция оқылып, әңгіме өткізілді.

Мәдени-үгіт алаңының жұмысы квартал тұрғындарының талап-тілегіне сай, олардың ыңғайына қолайлы шақта, көбінесе кешкі мезгілде жүргізіледі. Мұндай жағдайдың едәуір артықшылығы бар. Әдетте кәсіпорындарда, клубтарда өткізілетін лекцияға және басқа шараларға жұрттың бәрінің бірдей қатысуына мүмкіндік бола бермейді. Бұл жұмыстан, әсіресе үй шаруасындағы әйелдер мен пенсионерлер шет қалмай қала беруші еді. Саяси-бұқаралық жұмыстың жаңа түрі ұйымдастырылғаннан бері бұл кемшілікті жоюға мүмкіндік туды.

Еңбекшілердің мекенді жеріндегі бұқаралық жұмыс жұрт үй шаруасын тиянақтап алғаннан кейін, мәселен, кешкі сағат 8—9 шамасында жүргізіледі. Бұған тұрғындар зор ынтамен келеді. Мәдени-үгіт алаңына 150—300-ге жуық адам жиналады. Кейде олар өздерінің орындығын ала келіп, тұтас семьясымен лекция, әңгіме, концерт тыңдайды. Үй маңындағы мәдени көпшілік жұмысынан егде адамдар да қалмайтын болды. Мәдени-үгіт алаңында қала прокуроры В. М. Пустарнаковтың «Бала тәрбиелеуде жұртшылықтың ролі» деген тақырыпта өткізген әңгімесіне 80—90-дағы ерлі-зайыпты Толстовтар, Орал медицина училищесінің директоры Тихоновтың «Медицинаның бақсы-балгершілікке және сәуегейлікке қарсы күресі» деген әңгімесіне жұртпен қатар пенсионер Игнатов өз семьясымен келіп қатынасты. Ал қалалық милиция бөлімінің қызметкері Фокин жолдас өткізген бір әңгімеге, ең алдымен пенсионерлер 86 жастағы Григорий Тимофеевич Ботов пен 60 жастағы Александр Яковлевич Бурмистров, үй шаруасындағы әйел Екатерина Ивановна Маслова келді.

Мәдени-үгіт алаңында өткізілген лекциядан немесе баяндамадан кейін тұрмыс мәселесі жөнінде де әңгіме жиі болып тұрады. Онда есік алдын, аула ішін таза ұстау, көршімен тату тұру, қоғамдық тәртіпті қатаң сақтау және семья шырқын бұзбау сияқты мәселелер талқыланады. Мәселен, осындай бір әңгіме үстінде 327 кварталдың тұрғыны К. деген жұмысшының өзін қоғамдық орында және семьяда дұрыс ұстамайтыны сөз болды. Оның үйге ылғи ішіп келіп, жанжал шығаратыны айтылды. К. қаладағы Землячка атындағы аяқ киім комбинатында жұмыс істейтін. Мәдени-үгіт алаңының советі оның тәртібін талқылай келіп, жұмыс істейтін коллективіне хабарлауды ұйғарды. Бұл оған үлкен әсер етті. Қазір К. бұрынғыдай ішуін қойды. Оның өзі де қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын болды. Мұндай жұмыстың тәрбиелік мәні ерекше болатыны тәжірибеден анық көрінді.

Мәдени-үгіт алаңы еңбекшілердің мекенді жеріндегі бұқаралық-саяси жұмыстың ең қолайлы да әсерлі түрі деп санаймыз. Қалалық партия комитеті мәдени-үгіт алаңдарының жұмысын үнемі бақылап, олардың тәрбиелік маңызы мен саяси ықпалын арттыруға күнделікті қамқорлық жасап, практикалық көмек көрсетіп отырады.

Біз ай сайын алаң советтерінің өкілімен бас қосып, мәдени-бұқаралық жұмыстың тәжірибесі жөнінде пікір алысып тұрамыз. Сонымен қатар жұмыс барысында кездесетін әр түрлі қиындықтарды жою мәселелерін бірлесіп шешеміз. Қалалық партия комитеті совет басшыларының семинарын да өткізіп тұрады. Соңғы бір семинарда совет председателі

Мохначев бұқаралық-саяси жұмысты, совет мүшесі Кирильчук атеистік насихатты, совет председателі Гриценко балалар арасындағы жұмысты ұйымдастырудың тәжірибесін ортаға салды. Бұл жөнінде қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде де арнаулы мәселе талқыланып, тиісті қаулы алынды.

Біз бұдан былай да мәдени-үгіт алаңының жұмысын жандандырып, оны еңбекшілерге саяси-тәрбие берудің құралына айналдыра береміз.

Ф. ЛАТЫПОВ,

Орал қалалық партия комитеті
идеология бөлімінің меңгерушісі.

Еңбек шеберлерінің университеті

Рудный—Қостанай қаласының оңтүстік-батысында соңғы жылдары пайда болған социалистік жаңа қала. Ол — темір кенінің ірі орталығының бірі.

Қазірдің өзінде мұндағы тұрғынның саны жүз мыңға жетті. Бұрын бұл ара құлазыған дала болатын. Мұнда біздің елдегі ең ірі байыту комбинаты салынып жатыр.

Кеншілер мен құрылысшылар алға қойған міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруда. Жетіжылдықтың алтыншы жылының басында алып комбинат жылына тоғыз миллион тонна руда шығаратындай қуатқа ие болды. Бұл жетіжылдықтың ақырына деп жобаланған қуатқа тең. Комбинат коллективі жетіжылдықтың басынан бері жоспардан тыс бір миллион 300 мың тоннадан аса руда шығарды. Қазір кеншілер комбинатты 1965 жылдың өзінде-ақ үкімет белгілеген мерзімнен екі жыл бұрын толық іске қосу үшін күресуде.

Кеншілер шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындап, коммунизм үшін күресте жаңа белеске шығу үшін өздерінің шеберліктерін барған сайын жетілдіре түсуде. Бұл жөнінде Совет Одағы бойынша тұңғыш рет ұйымдастырылған коммунистік еңбек шеберлері университетінің ролі зор. Бастама былай туған еді.

Жұмыстың қызу кезінде забойда қуаты жиырма бес тонналық «МАЗ» маркалы машиналары іркес-тіркес келіп тұра қалысты. Осы бір қысылшаң шақта экскаватор кілт тоқтады.

— Түс, келдікі!... Электршілерге жүгір. «Возбудитель» істен шықты, — деді экскаватордың машинисі жақында ғана кен металлургия техникумын бітіріп келген көмекшісіне.

— Петр Иванович, мүмкін өзіміз-ақ жөндерміз?

— Дәмесін өзінің, жүгір тезірек электршілерге, ана машиналардың босқа тұрып қалғанын көрмейсің бе!

Жас техник үн-түнсіз экскаватордың қорабына шықты да, электр понелінің есікшесін ашты...

Екі-үш минут өтпестен-ақ экскаватор қайтадан гүрілдей жөнелді, оның шөміші кен қойнауына жайымен ене бастаған кезде байырғы экскаваторшы:

— Қарайгөр мынаны, келгені кеше ғана, не білер десем..., — деп жас жігітке сүйсіне қарады.

Байырғы машинист экскаватордың бар тетігін бес саусағындай білсе де электр жабдығына жақындаудан өлердей қорқатын-ды. «Бұл электршілердің ісі, халық қой, өздері-ақ тіл табыса жатар» дейтін. Бүгін ғана өзінің олқы жерін сезіп қатты опық жегендей ойға қалды.

Шынында да, шөмішінің сымдылығы он төрт текше метрлік алыпқа

көз жіберейікші. Бұл экскаваторда төрт адам: машинист, екі көмекші және майлағыш-слесарь жұмыс істейді. Машинадағы жұмыстың бәрі механикаланған. Қазірдің өзінде-ақ жетекші мамандықтағы көптеген жұмысшы техникалық орта дәрежелі білім алған болар еді, бірақ олар комбинатта төрт мыңнан асады. Мұншалықты маманды қайдан аласың.

Міне, тап осы шақта оқудың жаңа түрі туды. Партия активі, озат жұмысшылар, комбинат партия комитеті және «Білім» қоғамының қалалық бөлімшесі бас қосып, еңбек шеберлерінің университетін ұйымдастыруды ұйғарды.

Партия комитеті университетті ұйымдастырғанда техникалық білім алуды жұмысшылардың идеялық-саяси білімін арттыруымен ұштастыру мәселесін алға қойды. Ондағы мақсат — жан-жақты мәдениетті адам тәрбиелеу. Жұмысшылардың мәдени-техникалық білім дәрежесін көтеретін оқудың бұл түрі коммунистік еңбек шеберлерінің университеті деп аталды. Университет қазір біршама тәжірибеге ие болды.

Университеттің үш бөлімшесі бар. Олар кен электр-механикасы, автоматикалық және карьердегі темір жол транспортын пайдалану. Оқу мерзімі екі жыл. Сабақ жұмасына үш рет өтеді. Тыңдаушылардың көбірек қатысуына қолайлы жағдай туғызу үшін сабақ екі сменамен жүргізіледі. Екі жылдың ішінде тыңдаушылар математикадан, орыс тілінен, партия тарихынан, саяси білім негіздерінен мағлұмат алады, металдың технологиясын, техникалық механиканы, электротехниканы үйренеді. Оның үстіне мәдениет университеттерінің тыңдаушылары өтетін сабақ көлемінде лекция тыңдайды.

Университетте сабақ беруге Рудный қаласындағы оқу орындарының ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары, инженерлер, комбинат басшылары, мектеп мұғалімдері — барлығы 62 адам қатысады. Олар университеттегі сабақты қоғамдық негізде жүргізуді өз мойындарына алды. Комбинат директоры Н. Ф. Сандригайло, бас инженер З. Н. Күзембаев, техника ғылымдарының кандидаты И. С. Стердель, орта мектеп мұғалімдері А. А. Манько, Р. Д. Сағитова, Б. И. Зайцев, М. М. Партас, инженер-техник қызметкерлер Г. Д. Хышов, В. Г. Фадеев, Л. П. Ермилов, П. А. Кудрявцева, Г. Б. Галета, А. Н. Попов, И. Я. Сторчак, Б. К. Худяков, С. С. Әбдражанов және басқалары тыңдаушылардың сый құрметіне бөленіп отыр.

Университет тыңдаушылары-кәсіпорынның өндірістік, техникалық, финанс жоспарымен танысады, өндіріс резервтерін іздестіреді, еңбек өнімділігін арттырудың, өнімнің түсер құнын кемітудің жолын қарастырады.

Сонымен бірге университетте түрлі тақырыпта кештер өткізіліп тұрады. Мәселен, «Социалистік қоғамдағы семья мен неке» деген тақырыпта өткізілген кеш өте қызықты болды. «Европа елдері бойынша» деген ауызша журналдың кезекті санында Н. Ф. Сандригайло жолдас өзінің Австрия мен Францияға барған сапары туралы баяндап берді. «Қала жұртшылығының қылмыс жасаушыларға қарсы күрестегі міндеттері туралы» тақырыпта өткізілген сұрақ және жауап беру кешінде қалалық прокурор А. А. Рохленко жолдас сөйледі. Совет Одағының халық артисі М. И. Царев бастаған кіші Академиялық театр шеберлерінің творчестволық тобымен бас қосқан кеш те есте қаларлықтай болып өтті.

Тыңдаушылар үшін әдейі техникалық кітапхана ұйымдастырылған. Мұнда 2500 кітап бар. Ол Совет Одағындағы, социалистік лагерь елдеріндегі және басқа елдердегі ғылым мен техника жетістіктері жайлы жаңа кітаптармен үнемі толықтырылып отырылады. Университетте өткізілетін сабақтарда ғылыми-техникалық фильмдер көрсетіледі. Бұл міндетті кең экранды кино театрдың коллективі қоғамдық негізде атқарып жүр.

Университетте оқып, білім алған тыңдаушылардың біразы жауапты қызметке жоғарылатылды. Мысалы, университет тыңдаушылары А. П. Данилов пен Е. М. Скорынин бұрын машинистің көмекшісі болса, қазір машинист слесарь, Д. Г. Васильевич электровоз машинисі. Насымбаев қатардағы жұмысшыдан машинист дәрежесіне жетті.

Рудный қаласының таңдаулы құрылысшысының бірі А. М. Пискорскийдің жан-жақты өсуіне университеттің ықпалы тиді. Ол бұрғылау станогінің, экскаватор, бу кранының машинисі мамандығын игерді. Қазір университетті ойдағыдай бітіріп кен механигі мамандығын алып шықты.

Быттыр университетті 70 адам бітірді. Олардың ішінде комбинаттың даңқты адамдары — Социалистік Еңбек Ері экскаваторшы Л. Ф. Петров, электровоз машинисі А. И. Политкина, республика Жоғарғы Советінің депутаты П. Н. Максимов және басқалары бар.

Университет білім берумен бірге тамаша тәрбие мектебіне де айналады. Онда партия, комсомол тобы жұмыс істейді. Ол жайында университет тыңдаушыларының өз пікірін келтіру орынды: Қазак ССР Жоғарғы Советінің депутаты П. Н. Максимов:

— Техника күн сайын дамып, алға кетіп барады, сондықтан біздің одан кейін қалуымызға хақымыз жоқ. Бұл жөнінде университеттің көмегі орасан зор десе, экскаватор машинисі СССР Жоғарғы Советінің депутаты Н. Д. Пестов:

— Оқуды өндірістегі жұмыспен ұштастырғанда моральдық жақтан қанағаттанарлық бір сезімге ие боласыз, өмірмен бірге қадам басып келе жатқаныңды сезінесің, университетте алған біліміңнің техниканы жете игеруге көмектесетінін іштей біліп жүресіз. Мұның өзі туысқан партияның тапсырмасын ойдағыдай орындай аласың деген сөз, дейді.

Университет ұйымдасқалы төрт жыл болды. Осы мерзім ішінде оны 500-ге жуық озат жұмысшы мен инженер-техник қызметкер бітіріп шықты.

Университеттің ұйымдастыру және методикалық жұмыстарын екі жыл мерзімге сайланған университет Советі жүргізеді. Совет университет жөнінде арнайы ереже жасады, онда тыңдаушылар мен оқытушылардың нақты міндеттері көрсетілген.

Университетке кемінде жеті жылдық білімі бар, өндірісте, қоғамдық өмірде өзін жақсы жағынан көрсете білген жетекші мамандықтың адамдары қабылданады. Коммунистік еңбек бригадасының мүшелеріне университеттің есігі әрдайым ашық.

Алдағы уақытта жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерге коммунистік тәрбие берудің бұл маңызды құралы республика кәсіп орындарында кеңінен қанат жаятын болады.

Ж. ОРЫСПАЕВ,

М. СИГАЛ.

Халық бақылаушысының кітапханасы

Партиялық-мемлекеттік бақылаудың жаңа жүйесі құрылып, жұмыс істей бастағанына екі жылдан асып кетті. Соған карамай, республика бақылау органдарының осы аз уақыт ішінде едәуір іс тындырғанын «Қазақстан» баспасында «Халық бақылаушысының кітапханасы» сериясымен орыс, қазақ тілдерінде басылып шыққан кітапшаларды оқып білеміз. 1964 жылы қазақ тілінде мұндай үш кітапша¹ жарық көрді.

«Көптің көзі көреген» деген бірінші кітапшада партиялық-мемлекеттік бақылаудың маңызы, бұл мәселенің қазір елімізде коммунистік қоғам құрылысын кең өрістетуге талабынан туып отырғаны жайлы алғы сөзбен қоса көлемді он мақала бар. Солардың ішінде Шымкенттің М. И. Калинин атындағы қорғасын заводның партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі П. Морозов жолдас өзі басқаратын топтың жұмыс тәжірибесін ортаға салады.

Жаңа істің қандайының болсын бірден басталып кетуі қиын соғатыны белгілі. Сол себепті бұл топ жұмысты неден бастауы керек, алдымен қай мәселеге назар аударуы керек, міне осыларды анықтап алу үшін завод партия комитетімен ақылдасып, арнаулы семинар өткізеді. Топ мүшелері партиялық-мемлекеттік бақылау жөніндегі ережемен, топтың міндеттерімен, праволарымен танысады. Топ мүшелері семинарда завод коллективі алдында тұрған міндеттерді түсініп, кәсіпорынның экономикалық есебімен танысады. Сөйтіп олар өндіріске терең үнілуге, өз жұмысының негізгі бағытын белгілеуге мүмкіндік алады.

Өздерінің нысаналы міндеті айқынданып, топ мүшелерінің қайсысы қай саланы бақылайтыны белгілі болған соң, тікелей іске кіріскенде көптеген кемшіліктің беті ашылады. Заводта құрылыс-монтаж жұмыстарының графигі көбінесе орындалмай, агломерат, күкірт қышқылы цехтарының, шихта бөлімінің еңбек ұйымдастыруында жеке шалағайлық көзге түседі. Мысалы, тек күкірт қышқылы цехында ғана бір сменада жұмыс уақытының шығыны тәулігіне 35 адам-

ның жұмыс уақыты мөлшеріне жеткен. Жұмыс күнін мезгілінде бастамау, жұмыстан ерте кету, түскі тамақтан кешігіп келу фактілері әдетке айналған.

Көмектесу тобы қабырға газетін шығаруға ат салысады, олар бригадаларды, сменаларды аралап, құрылысшылармен, жұмысшылармен әңгімелеседі. Кемшіліктердің сырын ашып, сорақыларын суретке түсіреді. Темір-бетон конструкцияларының, сұйық шыны, кірпіштің сақталуындағы ұқыпсыздықты, құрылыс алаңында тау-тау үйіліп жатқан қоқысты, құрылысшылардың да, металлургтердің де еңбегін дұрыс ұйымдастыруға кедергі келтіретін басқа да кемшілікті жұрт суреттерден көреді. Көмектесу тобы іске кіріскенге дейін жұмысшылар бұл кемшіліктерді көріп жүргенімен, оған онша мән бермей келсе, енді әділ сынға өріс ашылып, өз кәсіпорнына жаны қатты ащитын жұмысшылардың белсенділігі арта бастайды.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді халық мәтелі. Осы кітапшадағы П. Морозов мақаласының толып жатқан фактісі негізінен кемшіліктерді батыл сынау, жою жолдарын әңгімелейді. Партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін бұл топ бақылау міндеттерін әуел бастан дұрыс түсініп, күнделікті жұмысын жоспармен, айтарлықтай ұйымдастыра білген. Соның арқасында кәсіпорын графигі мезгілімен орындала бастаған, өнім сапасы жақсарған, құрылыс алаңдары біраз ретке келтірілген.

Ақтөбе хром қоспасы заводның партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобы бюросының председателі Э. Гольденберг жолдастың («Үлкен химия объектінде»), партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесудің «Востокмаш» заводындағы тобының председателі А. Буторин жолдастың («Жұмыс өзегі өндірісте»), Петропавл қалалық партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің мүшесі П. Осипов жолдастың («Негізгі бағыт»), Шиелі ауданы, «Төңкеріс» колхозының партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі Ш. Құдаманов жолдастың («Адал еңбеккерлер достары»), партияның XXII съезі атындағы рудниктің (Зырян қаласы) партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі С. Панов жолдастың («Олар араласпа-

¹ «Көптің көзі көреген», «Халық дәулеті көздің қарашығындай сақталсын», «Халық көзі қырағы». «Қазақстан» баспасы, 1964 жыл.

ған іс жоқ»), Алматы үй құрылысы комбинатының партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі Б. Алферова жолдастың («Пайдалы ынтымақ»), Алексеев өндірістік басқармасының Петровский атындағы совхозы партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі К. Стаховский жолдастың («Тексерудің пәрменділігі») және басқаларының мақалалары жергілікті топтардың бақылауды қалай жүргізіп отырғанын, нақты іске асырған шараларын баяндайды.

Мысалы, «Төңкеріс» колхозының (Шиелі ауданы, Қызылорда облысы) партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесу тобының председателі Ш. Құдаманов былай деп жазады:

«Сөйтіп, бірінші тексеруге шықтық. Алғашқы тексерудің материалдары өзімізге көп ой салды. Неше түрлі ұнамсыз фактінің беті ашылды. Мысалы, Б. Омаров, А. Тасқынбаев, Б. Ержанов, А. Есетов деген тракторшылар техникаға салақ қарап, егістік жерді жөндеп жыртпайды екен, қысқасы өз жұмысына мейлінше салақ қарайды екен. Ол ол ма, бұлар тракторларды өз бастары мүдделеріне пайдаланатын болған. Колхозда кейбір басшылардың бақыламайтынын пайдаланып, түнге қарай колхозшылардың үй іргесіндегі жерді жырттып жүреді екен.

Бұл трактор бригадаларында екі рет жиналыс өткіздік. Жиналысқа механизаторлардың бәрі белсене қатысты. Оңай олжаға молығамын деп дәмеленгендер сазайын тартты. Олардың ешқандай дәлел келтіруге, ауыздарын ашуға мұршасы болмай, мойындарына су құйылды. Сол жиналыста Ержановқа бір колхозшы былай дегені есімде: «Қулық істей білдің, жауап та бере біл. Жерге қарайтын ештеңе жоқ, жерге оны жыртқан кезде қарауың керек еді. Жыртқан жерін түгел ала-құла, ылғи ойдым-ойдым өңір қалдырасың, сөйтіп, «еңбеккермін» дейсің». Көмектесу тобының мәжілісінде Ержанов пен Тасқынбаевқа ақшадай айып салып, орынсыз шығын болған жанармай құнын солардан өндіріп алу колхоз басқармасына ұсынылсын деп қаулы қабылдадық. Коммунист Есетовтың ұнамсыз қылығы партбюро мәжілісінде қаралды».

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, сауда орындарында сұғанақтық істеп, дәннiккен қылмыстыларды, көз бояушыларды, ұрыларды жалғанның жарығына шығарумен бірге, ондай жолсыздықтың ендігі жерде қайталанбауы үшін партия ұйымдары мен кәсіпорын, мекеме, колхоз, совхоз басшылары алдына көмектесу топтары мәселе қойып, тиісті шаралар қолданылғаны осы кітапшаның өнбойынан айқын көрінеді.

Бақылауды тынбай жүргізіп, кемшіліктерді ашқан соң іс сонымен тынды деуге тағы болмайды. Өйткен күнде бақылаудың мән-мағынасына едәуір нұқсан келіп, есіл еңбек, жұмсалған уақыт зая кетпек. Халық мүддесін, мемлекет мүддесін

көздейтін мұндай жауапты борыштың қатты қадағаланып, тынғылықты орындалып отыруы—абзал мұрат. «Халық дәулеті көздің қарашығындай сақталсын» деген екінші кітапша міне осы мәселені қамтиды.

Кітапшада совет адамдарының қоғамдық меншікті молайта беруін тілейтіні, ол меншіктің бүкіл халықтың және әрбір еңбеккердің мүддесі мен игілігі үшін артып отыратыны, халықтың әл-ауқаты мен мәдениетін көтеру, еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру, мемлекетіміздің бейбітшілік жолындағы күресінің тиімділігі,—міне осының бәрі, сайып келгенде, социалистік меншікті нығайтудағы табыстардан туатыны жақсылап түсіндірілген.

Мәселен, кітапшада келтірілген мына цифрларға ой жүгіртейікші. Совет Одағында 1918 жылдан 1962 жылға дейін салынған және қайтадан қалпына келтірілген ірі кәсіпорындар саны қырық мыңға жуық екен де, жаңадан тоғыз мыңдай совхоз құрылыпты. Халық шаруашылығының барлық саласында өндірістің негізгі қоры 1913 жылмен салыстырғанда 11 еседен аса өскен. Кітапшада міне осындай көкейге қонымды цифрлар келтіріліп, мұншама байлықтың иесі еңбекші халық екені, көл-көсір дәулетті әркім көзінің қарашығындай сақтай білуі қажет екені келелі әңгіме болады.

Халық шаруашылығының әр саласында социалистік меншіктің сақталуын тексеру жайынан да бұл кітапша бірсыпыра мағлұмат береді. Тексеріске көмектесу үшін республикамыз бойынша 5791 комиссия құрылып, олардың құрамына партиялық-мемлекеттік бақылау органдары қызметкерлерімен қоса «Комсомол проекторы» штабының мүшелері, мамандар, бухгалтерлер, экономистер енгізілген. 1179 совхоз, 372 колхоз, 515 құрылыс орны, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің 296 кәсіпорны, мемлекеттік және кооперативтік сауданың, қоғамдық тамақтанудың көптеген жүйесі тексерілген. Халық бақылаушылары мен белсенділері осы тексеру кезінде талай қырсыздық, халық дәулетіне қол сұғу, көз бояушылық фактілерін ашқан. Соның нәтижесінде заңсыз пайдаланылып жүрген 2216 гектар жер колхоздарға қайтарылып, көптеген мал, қаражат өндіріліп алынған. Қылмыстылардың тиісті жазасын тартқаны жайында да кітапшада мысал келтіріледі.

Біз әңгімелеп отырған осы екінші кітапшадағы мақала авторлары да өздері басшылық еткен көмектесу топтарының жұмысын баяндайды, есеп жүргізуді жетілдіре беру қажеттігін (П. Антонов), істің бәрі адамдарға байланысты болатынын (Н. Петрушин), астық—біздің байлығымыз екенін (К. Есентаев) айтып береді. Халық сақшылары—бақылаушылардың көзінен қалыс қалған шаруашылық саласы жоқ-ақ шығар деп ойлайсың да, мемлекет мүлкін, ел дәулетін сақтау жолында олардың қажырлы еңбек етіп жүргеніне, партиямыздың дана басшылы-

ғы арқасында бақылау жүйесінің қайтадан қалпына келтірілгеніне риза боламын. Кітапшаның қалың бұқараны тәрбиелеу, жеке жолсыздықтардан алдынала сақтандыру жөніндегі зор маңызы да міне осында.

«Халық бақылаушысының кітапханасына» енген үшінші кітапшада («Халық көзі қырағы») кілең журналистерге сөз берілген. Бұлар жазған очерктер мен суреттемелерде, мақалаларда қиын да жауапты міндеттің «суығына тонып, ыстығына күйіп» жүрген бақылаушылардың адамгершілік абзал қасиеті, өз халқына, өз мемлекетіне шын жаны ашыр азаматтығы біркелкі жақсы әңгімеленеді. Бұлардың бейнесі кітапшаны оқығаннан кейін көз алдында тұрады. Қарағанды шахтасындағы көмектесу тобының председателі Ғалымжан Әбдірахманов, Орал қаласынан: штаттан тыс нұсқаушы М. Ирхин, Гурьев қаласынан: көмектесу тобының мүшелері М. Коновалов пен П. Григорьев сияқты жолдастардың ба-

қылау саласындағы сүйсінерлік қызметіне журналистер ілтипатты лебіз білдіреді, қалың жұртқа паш етеді.

Республикамыздың партиялық-мемлекеттік бақылау саласында қаншама игілікті істер жүзеге асырылып жатқанын баяндайтын осы кітапшаларда материалдар орынды сараланып, жақсы беріле тұрса да, олардың тіл жүдеулігін де аңғару қиын емес. Қазақшасына келгенде аудармашылардың жүрдім-бардым істей салуынан ба, оқи жөнелгенде «өңменіңнен итеріп» отыратын тұрпайы сөйлемдер, оғаш оралымдар, аяққа оралғы кедір-бұдырлар кездесіп қалып отырады. Бірақ мұндай кемшіліктер кітапшалардың жалпы сапасына нұқсан келтірмейді ғой деп ойлаймыз.

Партиялық-мемлекеттік бақылаудың жайын, екі жыл ішінде істелген жұмыс тәжірибесін елестететін бұл кітапхананың оқушы қауым үшін тәрбиелік зор мәні бар екені даусыз.

Әбдірәшит АХМЕТОВ.

Адам қамын ойласақ...

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында халқымыздың тұрмыс күйі, әл-ауқаты барған сайын жақсарып келеді. Соған сәйкес сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыс қызметін көрсету жүйелерінің жұмысына қойылатын талап-тілек арта бермек. Ал еңбекшілердің осындай өскелең талап-тілегін қанағаттандыру, олардың тұрмыстық, мәдени дәрежесін арттыру сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу орындарының мінсіз қызмет атқаруына тығыз байланысты.

Сондықтан бұлардың жұмысын жан-жақты жазып, халықтың тұрмыс қажетін өтеудің жайын назардан тыс қалдырмау—жергілікті баспасөздің ардақты борышы. «Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» деген ұран партия қызметінің заңы болып отырғанда, бұл тақырыптық газет бетінен күнделікті түспегені абзал.

Еңбекшілерге киім-кешек, азық-түлік, тоназытқыш, телевизор тағы басқа осындай қажетті товарлар қалай жеткізіліп жатыр? Тұрмыс қажетін өтейтін мекемелер жұмысты қалай істейді? Оқу, денсаулық сақтау, сауда орындарының жұмысы қалай ұйымдастырылған? Міне осы сияқты көкейтесті мәселелер — аудандық, облыстық газеттердің үзбей, байыпты жазатын тақырыптары.

Совет адамдарының әл-ауқатын бұдан былай жақсарту беруге ерекше зор қамқорлық жасап отырған партиямыздың ұранын бұқараға жеткізіп, халықтың творчестволық белсенділігін арттыруға қолғабыс тигізу — баспасөздің төл ісі, бүгін таңдағы келелі міндеті. Енді кейбір облыстық газеттің бұл маңызды мәселені қалай жазып отырғанын сөз қылайық.

Орал облыстық «Орал өңірі» газеті халық қажетін өтеу мәселесін соңғы уақытта аз да болса жаза бастады. Газет бетінде «Осылай қамқорлық жасау керек» (№ 213, 27 октябрь 1964 жыл), «Атағына сай істері» (№ 214, 28 октябрь), «Лубенде саудамен қамту нашар» (№ 215, 30 октябрь), «Біздің ауыл осындай» (№ 221, 7 ноябрь) және басқа мақалалар жарияланды. Бірақ бұл айтылғандардан газет тұрмыс тақырыбын жақсы жазып отыр деген пікір тумайды. Біз бұл жерде «Орал өңірінің» осы тақырыпқа енді ғана назар аудару бастағанын айтып отырмыз.

Бір өкінішті жай, газет редакциясының бұл күрделі де маңызды мәселеге арнап, оқушының көзіне түсерлік жинақты материалдар бермей келе жатқаны. Газеттің соңғы үш-төрт ай ішінде тұрмыс мәселесіне арнап бірде-бір бет немесе подборка бермегені — үлкен кемшілік. Әрине, біз бұл жерде бет арнау, подборка ұйымдастыру міндетті нәрсе дегіміз келмейді. Дегенмен, оқушының назарын бірден аударарлық, көрнекті де сүбелі материалдар жиі басылса, ұтымды болар еді. Ал Орал облыстық газетінің бұл тақырыпты жүйелі жазбауы қынжыларлық. Тіпті, осы жайында бірде-бір рубрика жоқ.

«Орал өңірі» 1964 жылғы 24 ноябрьде «Еңбек адамдарын мінсіз қамту басты міндет» деген бас мақала жариялады. Бұған қарағанда газет редакциясының өзі де бұл мәселенің маңызды екенін жақсы ұғынған сияқты. Газет онда былай деп жазды: «Міндет ауыр. Міндет құрметті.

Сондықтан да жергілікті партия, совет орындары, шаруашылық басшылары бұл мәселеге басшылық етуді, көмек көрсетіп, қадағалап отыруды өзінің бірінші кезектегі ең абыройлы борышы деп санаулары қажет». Дау жоқ, дұрыс айтылған. Бірақ редакция осыны өзі неге басшылыққа алмайды, тұрмыс мәселесін неге басты тақырыпқа айналдырмайды деген тағы да заңды сұрақ туады.

Газет бас мақаласында немесе жоғарыда біз атаған мақала, корреспонденцияларында мәселені атүсті сөз етеді. Ал, қайткенде тұрмыс мәселесін жақсарту керек, қайткенде жұрттың қажеті жақсы өтеледі, міне бұл жөнінде оқушылар «Орал өңірінен» нақты жауап ала алмайды. Тұрмыстық қызмет көрсетуде орын алған не бір елеулі кемшіліктерді сынаған есте қаларлықтай материал жоқтың қасы. Еңбекшілерге мінсіз қызмет етудің бір арнасы сауда орындарының жұмысына байланысты екені түсінікті. Осыған орай «Орал өңірінің» «Селода сауда мінсіз болсын десек...» дейтін бас мақаласы (29 сентябрь, 1964 жыл) орынды берілген деуге болады. Бас мақала облыс сауда орындарының міндеттерін былай деп дұрыс көрсетті. «Күзгі, қысқы маусымға мұқият әзірлену сауда, қоғамдық тамақтану орындары қызметкерлерінің алдында тұрған жауынгерлік міндет. Қысқа әзірлікте ұсақ-түйек жоқ. Бәрінің де өзіндік маңызы бар... Саудамен жақсы қамту халыққа қызмет ету деген сөз. Кооперация қызметкерлерінің жұмысының мәні осында. Халыққа адал қызмет ету, өз жұмысын жетілдіре беру, сауда мәдениетін арттыру олардың абыройлы міндеті».

Айтылған ақыл, берген кеңес өте жақсы. Ал газеттің қызмет етудегі шешуші сала—сауда жайын оқта-текте бас мақалада ғана ауызға алып, сауда жүйелерінің жұмысын байыпты түрде үнемі жазып отырмауы неліктен? Газет соңғы 4—5 айдың ішінде жергілікті сауда орындарының жұмысынан ауыз тұшырлық материал берген жоқ. Газеттің әлгі бас мақалада мақтаған «Қраснояр» совхозы жұмысшылар кооперациясының үлгілі қызметі, оның шалғай мекендегі малшылардың керек-жарағын өтеуде автопоездар ұйымдастырғаны, тағы басқа игі-істері оқушыларға кеңінен жеткізілмей қалды. Мұндай игіліктерге бас мақаламен бірге арнаулы беттер, подборкалар, корреспонденциялар, очерктер арнаса газет сөз жоқ көп ұтар еді.

«Орал өңірі» 1964 жылғы 9 декабрьдегі санында «Жұмысшылар асханасы» деген бас мақала берді. Әрине, мұндай бас мақаланың берілуі, жұмысшылар асханасының жұмысын сөз қылу—бүгінгі күндері қажетгі де дұрыс іс. Бірақ мұнда асханалар жұмысына нақты талдау жасау жағы кеміс, «бірсыпыра», «көптеген», «кейбір» деген сияқты жалпылама сын айтылады.

Мысал келтірейік: «Жасыратыны жоқ, облыстағы бірсыпыра (?), қоғамдық тамақтандыру орындары, әсіресе селолық жерлердегі көптеген (?) асханалар мен шайханалар әлі де халықтың талабына сай жұмыс істей алмай келеді. Кейбір (?) ірі елді пункттердегі бірсыпыра (?) совхоздар мен колхоздардағы асханалар нашар, тозығы жеткен үйлерге орналасқан, санитарлық талаптарға сай емес. Оларда тағамдар дәмсіз дайындалады, түрлері өте аз».

Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газеті де соңғы кезде тұрмыс мәселесіне біраз бет бұрды. Мысалы, «Денсаулық күзетінде», «Мектеп буфетіне мән берілсін», «Сәнді тұрмыс құру әр кімнің өз қолында» деген корреспонденциялар, «Жолаушылар тілегін өтеудегі енжарлық» (тілші хаттарына шолу), «Сәнді тұрмыс көп еңбегімен орнайды» деген рубрикамен берілген хат-хабарлар бар. Сол сияқты, газет өзінің «Малшылар арасында сауданы үлгілі ұйымдастырайық» (13 октябрь), «Малшылар үйі мен қоралар дайын болсын» (30 октябрь), «Халықты киномен қамту жақсартылсын» (21 ноябрь) деген мақалаларында халықтың тұрмыс қажетін өтеу жайында әжептәуір пікір айтты.

Бірақ, тұтас алғанда, газетте тұрмыс мәселесін жазу қанағаттанарлық емес. Газет редакциясы еңбекшілерге мінсіз қызмет ету жайында жартымды ешнәрсе жазбай келеді десек артық айтқандық болмайды. Біз жоғарыда атаған «Сәнді тұрмыс көп еңбегімен орнайды» деген рубрика онан әрі өрістеп кете алмады, көріне түсті де жоқ болды. Мұның өзі газеттің басталған істі аяғына дейін жеткізбейтінін дәлелдейді. Ал осы рубрикамен берілген «Тұрмысқа терең үңілсек...» дейтін мақалада газет не айтты?

«Жанбай селосы — «Забурын» совхозының орталығы, қанат жайып өсіп келе жатқан поселкелердің бірі. Ол соңғы жылдары үдере өркендеуде (?)... Бұлардың бәрі де жақсы-ау, бірақ сәл ғана жел тұрса, өзі құмды жер (?) көз бермей кетеді. ...Көшеде өсіп тұрған ағаш жоғын былай қойғанда қоқыс-сыпырындылар кез келген жерде шашылып жатады. Жеке үйлер тұрсын совхоз кеңсесінен шыққан қағаз қиындылары әр түрлі сыпырындылар көшеге төгіледі де, жел тұрса бір бұрыштан бір бұрышқа қалықтап ұшып, сайрандап жүреді (!?)».

Міне газеттің бар айтары осы. Бір ғажабы, мұнда газет алдымен совхоз орталығын жақсылап мақтап алады да, артынан әлгіндей жамандап шығады. Сонда газет редакциясының не айтпақ болғанын түсіну қиын.

«Коммунистік еңбек» өзінің «Сауда қызметкерлеріне зор қамқорлық, жоғары талап» дейтін бас мақаласында «Сауда ұйымдарының жұмысын үнемі қадағалап отыру, оларға қолма-қол көмек көрсетіп, совет адамдарының қажетін өтеуге күш салу — партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, шаруашылық орындарының борышы» деген еді. Ал тігінділерді ақтарып отырғанда газеттің өзі сауда ұйымдарының жұмысын неге қадағалап отырмайды, ондағы жақсы істер мен елеулі кемшіліктерді неге аз жазады деген ой келеді.

Қорытып айтқанда, «Орал өңірі», «Коммунистік еңбек» газеттері тұрмыс мәселесін оқта-текте, жеңіл-желпі жазып келеді. Осы газеттердің бетінен халықтың тұрмысы, тұрмыс қажетін өтейтін мекемелердің жұмысы көмескі көрінеді. Ал оқушы қауым нақ осы тақырыптан не жылы лебіз, не өткір сын күтеді.

Орал мен Гурьев қалаларында, сондай-ақ ауыл-селоларда тұрмыс қажетін өтейтін сан алуан кәсіпорын, халыққа қалтқысыз қызмет істеп жүрген талай жақсы адамдар бар. Бірақ аталған газеттер бұлар туралы тиіп-қашты сөз етеді. Еңбекшілердің тұрмысын жақсарту саласында партия мен үкіметтің алға қойған міндеттерін орындау — жергілікті Советтердің төл ісі. Ал жергілікті Советтердің қызметі осы облыстық газеттердің бетінен тиісінше орын ала алмай келеді.

Халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту совет халқының әл-ауқатын арттыру жөніндегі жалпы программаның тұтас бір бөлегі екенін естен шығаруға болмайды. Партиямыздың Программасында былай деп жазылған: «КПСС бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар міндетті — Совет Одағында капитализмнің қай еліндегіден болса да жоғары тұрмыс дәрежесі болуын қамтамасыз ету міндетін алға қойып отыр».

СССР Жоғарғы Советінің таяуда өткен бесінші сессиясының жұмысына халқымыз айрықша көңіл бөліп, оның шешімдерін бірауыздан мақұлдады. Мұнда бекітілген жетіжылдықтың соңғы жылының жоспары мен бюджеті халықтың тұрмысын онан әрі арттыра беруге маңызды қадам жасайтыны мәлім.

Ендеше газеттер бұл міндетті жүзеге асырудың ұлы жорығының алғы шебінде болуға тиіс. Сөйтіп, халыққа мінсіз қызмет ету жайын дәйектілікпен әрі байсалды жазып отыру — жергілікті газеттердің абыройлы борышы. Тұрмыс тақырыбы — қазіргі басты тақырып. Мұны екі елі естен шығаруға болмайды.

Африка айыптайды!

Декабрь айы Африканың жүрегінде кескілескен күрес айы болып өтті. Конго халқының басына тағы да империализмнің қайғылы қара түнегі орнады. Бейбіт селолардың үстін өрт шалып, соғыс жалыны шарпыды. Стэнливилі көшелері қанырап бос қалды, қала халқы жан сауғалап, орманға тығылды. Тұрғын үйлер тып-типыл тоналып, көше бойы агрессорлардың қолынан қаза тапқан жазықсыз бала-шағаның қанына толды. Қарақшы Чомбенің жалдамалы жендеттері Конгоның ержүрек ұлы Патрис Лумумбаның ескерткішіне дейін күл-талқан етіп қиратып кетті.

Бірақ империалистермен ауыз жаласқан Чомбе жалдамалыларының бұл сияқты құлақ естіп, көз көрмеген опасыздыққа, сатқындыққа, жауыздыққа бүйрегі бүлк етер емес. Қайта олар халықтың осы қайғылы халін онан әрі асқындырып, өршіте түсуде. Дәл осы сәтте, Конго халқының басына қаратүнек орнаған кезде Чомбе жемтік іздеген жендеттей европалық астаналарды тіміскілеп, кезуге шықты. Париж бен Римге, Брюссель мен Боннға ол осы бір арам пиғылды көздеп барды.

Алайда, прогресшіл жұртшылық бұл қолжаулықтың қара ниетін айқын сезіп, қайда барса да оның жолын кес-кестеп, қарғыс жаудырып қарсы алды. «Чомбе — кісі өлтіруші», «Чомбе тайдырылсын!» деген өктем үндер Италияның астанасы Рим жұртшылығынан жаппай естілді. Халық қаһарынан зәресі ұшқан Чомбе аялдауға амалы болмай, тезірек тайып тұруға мәжбүр болды. Ол Батыс Германияға да өз елінің қайғылы халін ондау үшін барған жоқ. Бірақ бұл сапарындағы көздеген мақсатын сан қилы көпірме сөзбен көлегейлеп, сынапша құбылып, елді алдауға, жұрт көзіне шөп салуға тырысып бақты. Мюнхен аэродромында тілшілерге өз сапарының сыйпаты «жеке мақсаттарды» көздейді деп мәлімдеуі осыны дәлелдейді.

Шынына келгенде бұл құбылудың құпия сыры Бовария астанасында болуының алғашқы күні-ақ ашылып қалды. Чомбе Конго патриоттарына жатқан орнынан тұра алмайтындай етіп тойтарыс беру үшін батыс банкирлерінен сауға сұрап, 20 миллион батысгерманиялық маркаға алақанын жая келді. Алғашқы бетінде өзінің қарақшылық ізін жасыру үшін Батыс Германияның кәсіпкерлерімен шүйіркелесті. Ал, шындық басқаны аңғартады.

Батыстық мемлекеттер Конго республикасына қарсы соңғы төрт жылдан бері қастандық жасап келеді. Сонда олардың көздейтіні не? Олар Конгодан не іздейді? Бұл қастандықтың негізгі мақсаты — Конго халқының бостандыққа ұмтылған талабын мұқалту, оларды өздерінің дегеніне көндіру. Әлбетте, империалистердің қашан да болса арам ойпығылын ашықтан-ашық жүзеге асыра алмайтыны белгілі. Сондықтан бұл үшін сан сылтау, талай желеу іздейді. Конгоға жасалған агрессияны мұндағы бір жарым мың ақ нәсілді тұрғынды «аман сақтап қалу» үшін адамгершілік жасап отыр-мыс деп ақтағысы келеді. Сондықтан олар бұл агрессияны «апаттан құтқарудың адамгершілік операциясы» деген жалған сөзбен бүркемелеп отыр.

Бұл оқиғалар Африкадағы ұлт азаттық қозғалысқа қарсы астыртын жасалған қылмыстың түйіні екенін күллі адамзат айқын сезеді. Францияның «Либерасьон» газеті мұндай әрекеттердің стратегиялық сипатын айта келіп, «бұл операцияның мақсаты — отарлық және жаңа отарлық тәртіпті қорғау. Батыс насихаты таратып отырған ешқандай жалған лақап пен өтірік бұл шындықты жасыра алмайды» деп жазды.

Конгоны Африканың тоғыз торабының елі тоғысқан орталық және Оңтүстік Африканың аса бай аудандарындағы отаршылдық позицияны сақтауға тірек болатын берік қамал деп санайды империалистер. Сол үшін олар Конгоға әрдайым хауіп төндіріп, оның қайғылы жағдайын онан әрі ушықтыра түсуді көздейді.

Конгоның ішкі істеріне Америка мен Бельгияның араласуын ақтау үшін санқилы айла-шарғы жасалуда. Соның бірі—көтерілісшілердің европалықтарға жасап жатқан «айуандықтары» жөніндегі шылғи өтірік. Бұған дәлелдер көп-ақ. Франс Пресс агенттігі тілшісінің Леспольдвильден берген хабарына қарағанда, Ниангарада болған 84 европалық адам аман-есен табылған. Отаршылдар осы фактінің өзін сан саққа жүгіртіп, өздеріне жүктелетін айыптан құтылудың амалын іздеп баққан болатын. Бұған керісінше, Чомбенін жалдамалы отрядтары бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, олардың берекесін алып жатқаны ешкімнің ойында жоқ. Мұның бәрі не үшін керек? Империалистер бұл елге неліктен төне береді? Бұл сұраудың жауабы қиын емес.

Конгоның ең байлығы бағзы заманнан-ақ АҚШ империалистерінің құлқынын құртып келді. Американдық журналисті Джон Гантер «Африкада» деген кітабында бұл құрлықты «әлемдегі байлықтың сарқылмас көзі» деп атады. Ал Конго—осы байлықтың ішіндегі ең інжу-маржаны. Бұл ел дүние жүзінде өндірілетін кобальттың 60 процентін береді. Мұнда мыс пен мырш та көп. Дүние жүзінде алынатын алмастың 98 проценті Африканың үлесіне тиетін болса, соның 60 процентін Конго өндіреді! Бұл республикада темір рудасы мен тас көмір, қалайы мен марганец, уран мен радий, алтын мен кадмий де молшылық.

Конго—ауыл шаруашылығы өнімдеріне де бай ел. Банан мен каучук, какао мен кофе, макта мен күріш және басқа техникалық дақылдар бұл елдің ежелгі мақтанышы. Мамандардың есебі бойынша бар мүмкіндікті түгел және тиімді пайдаланатын болса, Конгоның жалғыз өзі-ақ бүкіл Африка континентін асырай алады. Амал қанша, осынша байлық Батыс монополистерінің бақылауында.

Бельгия отаршылары Конгоны 80 жыл бойы билеп-төстеп, оның шалқыған дәулетін сүліктей сорып келді. Бұл ел тек 1960 жылы ғана тәуелсіздікке ие болды. Бірақ ежелден ел байлығын алақанында ұстап келген отаршылардың бостандыққа жол бергісі келмейді. Бельгиялық отаршылдардың «европалықтардың өмірін қорғауды» желеу етіп, агрессия жасауының негізгі себебі де осы. Бұл қайғылы халді АҚШ империалистері де пайдаланып, Конгоға қанды шеңгелін салды.

АҚШ пен Бельгияның билеп-төстеушілері Конгоға қарсы жасалған интервенцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының жалауымен бүркемелейді. Әлем жұртшылығы Конгодағы қайғылы оқиғаның бәрінде де американдық соғыс құмарларының қанды қолының табы жатқанын айқын сезеді. Конго патриоттарын қудалау, бейбіт халықты орынсыз жазалау олардың қолына қару алып, күреске шығуынан басқа лажын қалдырмады. Конго патриоттары өз елінің тәуелсіздігін қорғауға бел шешіп кірісіп те отыр.

Қолжаулық Чомбенін зұлымдық әрекеттермен үкімет басына заңсыз келіп алуы қалың бұқараның ашу-ызасын келтіріп, олардың қарулы күресін бұрынғыдан да күшейте түсті. Конго патриоттары аз уақыт ішінде елдің тең жартысына жуығын азат етіп, соңғы кезде Стэнливильді өздерінің қамалына айналдырды. Бастапқы кезде отаршылдар халық көтерілісін жаншу үшін африкалықтардың өзара көмегі жетеді деп ой-

лады. Бірақ бұдан нәтиже шықпағаннан кейін, олар амалсыздан жалдамалыларға арқа сүйеп, Чомбені колжаулық етті. АҚШ пен Бельгияның экономикалық көмек ретінде берген қаржысына 11 мыңдай жалдамалы банда жасақталды.

Әлем жұртшылығы Конгодағы агрессияға қаны қайнап, ашу-ызамен лағнет айтуда. Бұл арсыздыққа дүйім Африка тай-тұяғы қалмай қарсы тұрды. Олар Стэнливилль оқиғасынан алған сабақты сірә да ұмыта қоймас. Африкалықтарды қару күшімен қорқытып, азаттық жолындағы күресті басуға тырысқан батыс шонжарларының әрекетінен ештеңе шықпайды.

Бірақ отаршылдар бұған да себеп іздеп, аласұруда. Батыс саясатшыларының жел сөзіне дауа да жоқ. Олар сәтсіздікке ұшырауын «коммунистік насихаттың» ел ішіне етене енуінен көреді. Әлем халқы алдында «азат дүниенің» сырын әшкерелеп, беделін түсіргенін осымен ғана жуып-шаюға тырысады.

Прогресшіл адамзат Африканың жүрегі — Конгоны, суверенді мемлекет Вьетнам Демократиялық Республикасын және басқа отарлық езгідегі елдерді империалистерге ойрандатып қоя алмайды. Тап қазір бұл сияқты озбырлық пен өктемдікке, қатерлі агрессияға қарсы күресу жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтау үшін күресу болып саналады. Конго республикасына жасалған агрессияға НАТО советінің де тікелей қатысы бары жасырын емес. Жұрттың көзі бұған әбден жетіп отыр. Әйтпесе, өз елінің тағдыры үшін шайқасып жатқан Конго патриоттарына қарсы агрессия жасау үшін Англия—аэродромын, АҚШ—самолетін, Бельгия — солдатын бермес еді. Мұның бәрі күн ілгері келісілген шаралар. «Атлантикалық ынтымақтың» сыйқы, міне, осындай. Бұл Конго патриоттарының төгілген қанына НАТО елдерінің де ортақ екенін дәлелдейді.

Чомбе жалдамалыларының ішінде Оңтүстік Африка республикасының, Оңтүстік Родезияның, Англияның, Батыс Германияның, Францияның бас кесерлері де бар. Отаршыл елдер Конгода қылмысты әрекеттерге барумен бірге Африканың басқа да халықтарының хауіпсіздігіне, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне қатер төндіріп отыр.

Агрессорлар Стэнливилль операциясынан абырой ала алмады. Олардың азаттық үшін алысқан патриоттардың үнін өшіреміз деген дәмесінен түк шыққан жоқ. Кісі өлтіруші парашютшілер келген ізмен қайта кетуге мәжбүр болды. Вашингтон мен Брюссель отаршылдары Африка елін өздеріне қарсы қойып аламыз деп сескенді. Стэнливилль соғыс операциясы патриоттардың сағын сындыра алмады, қайта олар қас жауының кім екенін айқын танып отыр.

Конго мәселесін қару күшімен шешуге болмайтынын шетелдің парасатты шолушылары да мойындайды. Олар Конго патриоттарының азат соғысын қаламайтынын, келіссөзге негізделген саяси бітімге келуді жақтайтынын ашық жазуда. Сондықтан олар американдықтар мен бельгиялықтарды осы бір сәтті жағдайды пайдаланып қалуға шақырады. Мұндағы екіжүзді саясат тағы да белгілі. Отаршылдар біршама уақыт ұтып, патриоттарды қалай да құрыққа түсіруді көздейді. Агрессорлар осы ниетін жүзеге асыру үшін әлде де болса Біріккен Ұлттар Ұйымының әскеріне иек артып, олардың Конгоны қарауылға алуынан үміткер. Бірақ бұл қулықтан да дәнене шықпай отыр.

Африка халқының мүддесі бір. Олардың отаршылық саясаттан сан рет аузы күйген болатын. Сондықтан олар Біріккен Ұлттар Ұйымы әскерінің Конгоға кіруіне жол бере алмайды. Конго мәселесін шешудің ең әділ де дұрыс жолы — шетел кеңесшілері мен жалдамалыларын тезірек әкету, империалистік агрессияға тиым салу, елдің тағдырын конголықтардың өздері шешуі үшін мүмкіндік беру. Бұл—заман талабы!

Алжирдің президенті Бен Белла, Гвинея республикасының прези-

денті Секу Туре және басқа да африкалық қайраткерлер агрессорлардың Конгоға жасап отырған агрессиясын қатты айыптап, бүкіл Африка елін бірлікке шақырды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XIX сессиясы мен Хауіпсіздік Советінде агрессорлардың Конгодағы қылмысты ісі батыл айыпталуда. Африка елдерінің өкілдері Конго оқиғасының бейбітшілік ісіне қаншалықты хауіп төндіретінін бүкіл әлемге танытуда. Азаттық пен тәуелсіздікке ұмтылған Африка халқының заңды талабын Совет Одағы мен басқа да социалистік елдер толық қуаттап отыр. Хауіпсіздік советіндегі саяси айтыс империалистер жүргізіп отырған қанқұйлы саясатқа, жалпы отаршылдыққа деген қатал үкімге айналды.

Бас Ассамблеяның XIX сессиясында сөйлеген Сенегалдың, Кенияның, Ливияның, Біріккен Араб Республикасының, Эфиопияның және басқа елдердің өкілдері Конгоға жасалған агрессияны айыптай келіп, 1965 жылды отаршылдықтың маскара системасын біржолата жою жылына айналдыруды талап етті. Бас Ассамблеяның бұл жолғы сессиясына председательлік ету Біріккен Ұлттар Ұйымының жиырма жылдық тарихында тұңғыш рет қара Африканың өкіліне тиді. Гана делегаты Квейсон-Секки өзінің құрметті міндетін атқаруға кірісе отырып, Африка халқын бүкіл континентті толық азат ету жөніндегі өздерінің жүргізіп отырған тарихи күресін бәсендетпеуге шақырды. Отаршылдықты түпкілікті жоюға шақырған айбынды үн Біріккен Ұлттар Ұйымының бас секретары У Таньның сөзінде де өктем естілді. Ассамблея мінбесінен сөйлеген Африканың тәуелсіз мемлекеттерінің өкілдері отаршылдықты әбден маскаралады.

Қазіргі кезде бүтін Африка буырқануда! Оның Прометейдей алып күші отаршылдықтың бұғауын тас-талқан етіп үзуге әбден жетеді. Күллі «қара халықтың» бостандық пен бақытқа қолы жететін мезгіл алыс емес. Отаршылдар өздері қазған орға өздері түсетін сағат жақындап, олардың тынысы тарыла түсуде. Тарихтың даму заңдылығы осылай дейді. Оған тосқауыл болатындай әлемде ешқандай күш жоқ.

Конго оқиғасы барған сайын шиеленісіп барады. Хауіпсіздік Советінде бұл мәселе әлі де қызу талқылануда. Отаршылдар жұрттың әділ талабына дем бергісі келмейді. Олар африкалық бірліктен қорыққанынан, ол елдердің арасына іріткі салу үшін от жағуды, біріне бірін алақоз етіп, атыстырып қоюды мақсат санайды.

Африкалық бірлікке қарсы күш Ақ үйдің қолдауын медеу тұтуда. Сан жылдар бойы отаршылдар езгісінде жапа шегіп келген Конголықтардың әділетті күресін бүкіл Африка, бүкіл дүние жүзіндегі бостандық пен бейбітшілік күштері жақтайды! Конго бізден қаншама шалғай болғанымен совет халқының ет жүрегіне сонша жақын, ыстық. Өйткені азаттық, әділеттік жолдағы күресті әрдайым қолдау—совет халқының интернационалдық борышы!

Адал ниетті адамзат қазіргі шиеленісіп отырған халықаралық жағдайда қайткен күнде дүние жүзілік соғыс қатеріне жол бермеуді көксейді. Бұл үшін адам баласын апатқа ұшыратып, бақытсыздыққа душар ететін қырғын соғыс құралын түгелдей жоюды әрбір игі ниетті адам баласы талап етеді. Бұл — халықтардың асыл арманы!

Б. МӘДИЕВ.



Партия турмысынын

ХАЛАРЛАШ

МАМАНДАР ДАЯРЛАУГА КАМҚОРЛЫҚ

Қарағанды металлургия заводының жанынан завод-институт ашылды. Оның ректораты мен партия ұйымы жаңа оқу орнын оқу-материалдық базамен қамтамасыз ету, кафедраларды кадрмен толықтыру, теориялық оқуды өндіріспен шын мағынасында ұштастыру жөнінде едәуір жұмыс жүргізді.

Дегенмен, институттың жаңа оқу жүйесіне көшуі тым баяу жүріп жатыр. Сабақ беретін маман кадр жетіспейді. Бірсыпыра кафедрада оқудың теориялық және практикалық сапасы әлі төмен. Лабораториялардың көбі аппарат, аспаптармен жабдықталмаған. Оқыту жайына бақылау нашар, студенттердің сабаққа қатысуы, үлгіруі көңіл толтырмайды.

Қарағанды облыстық партия комитеті арнайы мәселе қарап, завод-институттың ректораты мен партия ұйымын жоғары білімді инженерлер даярлауды жақсартуға, институт оқытушыларының ғылыми даярлығын жетілдіруге міндеттеді. Ол үшін аспирантураны, ғылыми командировақаларды және өзге де мүмкіндіктерді пайдалану ұсынылды. Завод-институттың оқу-материалдық базасын нығайту жөнінде нақты шаралар белгіленді.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ—ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕ

Балқаш кен-металлургия комбинатының коллективін ұлттар достығының шыннайы дүкені десе болғандай. Мұнда қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, белорустар, корейлер және басқа ұлт өкілдері «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ынтымақпен еңбек етуде. Алуан түрлі ұлт жұмысшылары социалистік жарысқа қосылады, бір-бірінен үйренеді, бір-біріне көмектеседі, жұмысшы жастар мектебінде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, саяси оқу жүйелерінде оқиды.

Металлургтердің Мәдениет сарайында қазақ тілінде тұрақты лекторий ұйымдастырылған. Халық театрының өнерпаздары жазушы Зейін Шашкиннің «Далатаны» пьесасын қойды. Бұл пьесада орыспен қазақ халықтарының достығы бейнеленеді.

Сонымен бірге, комбинат коллективінің мүшелері арасындағы тәрбие жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Саяси-бұқаралық жұмыс жүргізген кезде кей жағдайда жұмысшылардың ұлттық

ерекшеліктері ескерілмей қалады. Қайсы бір ұлт жұмысшыларының арасында білімін көтерумен шұғылданбай жүргендер бар. Мәдениет сарайында көркем өнерпаздардың қазақ коллективі жоқ. Ойын-сауық бола қалса неміс тілінде номерлер орындалмайды. Халықтар достығын насихаттайтын. Қазақстанда совет өкіметін орнату жолындағы күресте алуан түрлі ұлт еңбекшілерінің ынтымағы мен бірлігін әңгімелейтін кештер өткізілмейді, лекциялар оқылмайды.

Балқаш қалалық партия комитетінің бюросы тәрбие жұмысындағы мұндай кемшіліктерді жоюға комбинат парткомының бастауыш партия ұйымдарының назарын аударды. Жұмысшылар арасында лениндік ұлт саясатының, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализмнің принциптерін үзбей түсіндіру, бұл үшін идеологиялық жұмыстың барлық түрі мен әдісін пайдалану ұсынылды.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы Ленин ауданында жас мамандарды баулу мен механизаторлар даярлаудың жайы туралы арнайы мәселе қарады. Бұл істе елеулі кемшіліктердің бар екені атап көрсетілді.

Аудан совхоздарында мамандар жетіспейді, барларының өзі тұрақтамайды. Өткен жылдың он айының өзінде ауданнан жиырма маман басқа жаққа кетіп қалды. Мұның себебі — ауданда жас мамандардың еңбек етуіне қолайлы тұрмыстық жағдай жасалмайды. Жас мамандарға өте мөте Николаев совхозының директоры Мұратов, «Заречный» совхозының директоры Гейер жолдастардың қамқорлығы нашар.

Өндірістік басқарма жас мамандардың кенесін өткізіп, тәжірибе алмасуды ұйымдастырып тұрмайды, жұмысты жақсы істеп жүргендерді материалдық және рухани жағынан көтермелемейді. Механизаторлар жөнінде де нақ осыны айтуға болады.

Облыстық партия комитетінің бюросы Ленин ауданында жас мамандарды тәрбиелеу, механизаторлар даярлау жөніндегі жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Басқарма бастығының орынбасары Қошанов жолдасқа партиялық жаза берілді. Облыс шаруашылықтарында жас мамандар мен механизаторлар даярлау, оларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасау ісін жақсартуға бағытталған нақты шаралар белгіленді.

«Қазақстан коммунисті» — ақылшы досың!

МЫҢҒА ЖЕТЕДІ

Біздің ауданда баспасөзге жазылу ұйымшылдықпен жүргізілді. Газет, журналдардың қай-қайсысы болса да былтырғыдан едәуір көп таратылды. Мысалы, «Қазақстан коммунисті» журналына жазылғандардың өзі 800-ге жуықтайды. Журнал алдырушылар—негізінен партия қызметкерлері, насихатшылар, үгітшілер, мектеп мұғалімдері, сондай-ақ теориялық-саяси білімін көтерумен шұғылданып, республика партия ұйымдарының өмірінен үзбей хабардар болғысы келетін қатардағы коммунистер мен партияда жоқ актив.

«Қазақстан коммунистіне» жазылуда «Ойық» совхозының коммунистері (партия ұйымының секретары Д. Төлепов жолдас) белсенділік көрсетті. Биыл ұйым есебіндегі 170 коммунистің 107-сі өздерінің теориялық және саяси журналын алдырып оқитын болды. «Кенес» совхозында (партия ұйымының секретары Б. Жақыпбеков жолдас) 73 дана, «Жайылма», Калинин атындағы совхоздарда 113, «Талас» совхозында 50 дана таратты.

«Қазақстан коммунистіне» жазылғысы келетіндер әлі де көп. Сондықтан февраль айына дейін ауданда бұл журналды алдырушылардың саны мыңға жетеді деп отырмыз.

*Ү. ТӨЛЕУОВ,
Талас аудандық партия
комитетінің секретары.*

Жамбыл облысы.

БЫЛТЫРҒЫДАН КӨП

Зайсан ауданының еңбекшілері «Қазақстан коммунисті» журналына жыл сайын көп жазылып келеді. Биыл аудан жұртшылығы журналдың 855 данасын жаздырып алды; бұл өткен жылдағыдан 50 данадай артық.

*С. ЗӘКИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан ауданы.*

ЖУРНАЛ ДОСТАРЫ КӨБЕЙДІ

Кеген ауданындағы «Ұзынбұлақ» совхозының партия ұйымы 1965 жылы баспасөзге жазылуға алдын ала даярлық жүргізді. Соның нәтижесінде жазылу ұйымшылдықпен өтті. Совхоз жұртшылығы былтырғы 12 000 сомның орнына биыл 12 338 сомның газет-журналын жаздырып алуда.

Партиялық баспасөзге, оның ішінде «Қазақстан коммунистіне» жазылу тәуір ұйымдастырылды. Журналды биыл 75 адам жаздырып алды; бұл былтырғыдан 24 дана көп.

Совхоздың партия комитеті, коммунистері мен комсомолецтері, партияда жоқ активі «Қазақстан коммунистіне» шыққан материалдарды өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттыруға күнделікті пайдаланып келеді. Журналдың «Марксизм-ленинизмді үйренушілерге көмек» деген бөлімінде берілген мақалалар партия оқуы жүйесінде оқушыларға көп көмек көрсетуде.

*Ө. ИГІБАЕВ,
Кеген ауданы, «Ұзынбұлақ» совхозы партия комитетінің секретары.
Алматы облысы*

ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖАЗЫЛДЫ

Алматы облысындағы Ақсу ауданының еңбекшілері баспасөзге жылма-жыл жақсы жазылып келеді. Олар газет-журналға биыл өткен жылғыға қарағанда көп жазылды. Оның ішінде «Қазақстан коммунисті» 650 адам жаздырып алды. Бұл былтырғыдан едәуір көп. Мысалы, «Қызылтаң» совхозының (партия комитетінің секретары С. Рамазанов жолдас) жұмысшылары журналдың 68 данасына, Шоқан Уәлиханов атындағы совхоз (партия комитетінің секретары А. Рақымбаев жолдас)—68, «Басқан» совхозы (партия комитетінің секретары Қ. Шығанбаев жолдас)—72 данасына жазылды.

«Қазақстан коммунистінің» оқушыларына

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

«Қазақстан коммунисті» журналының редакциясы Сіздерді жаңа жылмен құттықтап, еңбекте табысқа жетулеріңізге, тұрмыста бақытты болуларыңызға шын жүректен тілектестік білдіреді.

1964 жылы республика еңбекшілері экономика мен мәдениетті өркендетуде жаңа табыстарға жетті. Ал биылғы алар асу мен шығар биік былтырғыдан әлдеқайда жоғары. Осыған орай, журналдың редакциясы өздеріңізбен ақылдасып, кеңесуді жөн көріп отыр.

Журналдың былтырғы номерлерінде жарияланған мақалалардың тақырыбы, идеялық дәрежесі, жалпы сапасы, мәселе көтерісі жөнінде Сіздің қандай пікіріңіз бар?

Жаңа жылда журнал бетінен нендей тақырыпта мақалалар оқығыңыз келеді? Өз облысыңыздың, ауданыңыздың, өзіңіз еңбек етіп жүрген коллективтің, партия ұйымының өміріне қатысты қандай күрделі мәселе көтеру керек деп ойлайсыз? Журнал материалдарының теориялық-саяси мазмұнын тереңдетіп, ықпалын күшейту үшін қандай тың тақырыптар, рубрикалар, бөлімдер ашқанды мақұл көресіз?

Міне, осылар жайында ой-пікірлеріңізді, нақты ұсыныстарыңызды, талап-тілектеріңізді редакцияға жазып жіберуіңізді сұраймыз. Редакция Сіздерден келген әрбір хатты қуана қарсы алып, айтқан пікір-кеңестеріңізді мұқият ескеретін болады. Хатыңыздың аяғына қайда, кім болып істейтініңізді жазып жіберіңіз.

«Қазақстан коммунистінің»
редакциясы.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З. (жауапты секретарь), Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Мендібаев Қ., Өржанов Ш., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.
2-38-56, 2-57-24.

8/1-1965 ж. басуға қол қойылды, к. 70×108^{1/16}, 2,5 к. — 6,85 авт. т. УГ01202. Т. 25196.

ККП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. З. 4370.

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА жаңалықтары

КОЛДАН ЖАНБЫР ЖАУДЫРУ

Табиғат қазына-байлыққа бай. Оларды адам өзінің игілігіне жаратады. Жер қойнауындағы көмір, мұнай, газ, руда, жер үстіндегі ну орман, қалың қамыс өзен-көл, теңіз бен мұхит — бұлардың бәрін санап жеткізу қиын.

Енді солардың қатарына мүлде жаңа байлық келіп қосылды. Оның аты — бұлт. Бұлттың әрбір текше километрінде 1000 тоннаға жуық су болады. Сол суды жауын-шашынға айналдыруға бола ма?

Бұл оңай жұмыс емес. Ол үшін бұлттың мөлшерін, түрін, биіктігін, қалыңдығын, температурасын, ондағы су қорын, оның микроқұрылымын зерттеу қажет. Бұл мақсатқа жету үшін ішінде ғылыми қызметкері бар ұшатын лаборатория қолданыла бастады. Бұл — аэрологиялық құрал-жабдықпен аспанға ұшудың мүлде жаңа түрі. Ал, бұрын атмосфера жай зондпен зерттелетін.

Тың өлкесінде ылғалдың жетіспеуінен кейбір жылдары өнім аз алынады. Демек, өлке жауын-шашынға зәру. Жанбыр оңтүстік-шығыс аудандардың суармалы егісіне де пайдалы. Алматы маңында нөсер жанбырдың пайдасынан төрі зияны көп.

Осы жағдайларды ескере отырып, совет ғалымдары атмосферадағы жауын-шашынды басқару тәсілін тапты. Төмендегі бұлт пен тұман жауын жаудырмау мақсатымен химиялық затпен «соқталған» жердегі арнаулы агрегаттармен ақ таратып жіберіледі. Ал жанбыр жаудыру мақсатымен бұлтқа ерекше ракеталармен де шабуыл жасалады. Ракета өте биікке барып жарылып үздіксіз реакция тудырады. Одан қар яки жауын жауады.

Қазақ ғылыми-зерттеу гидрометеорология институтының арнаулы экспедициясы қалың бұлтқа самолетпен қатты көмір қышқылын шашу әдісін қолданды. Өткен жылғы қыста осы жолмен бірнеше дүркін қолдан қар жауғызылды. Қар егістік жердің ылғалын молайтты.

Таяуда экспедиция өз жұмысын қайта бастамақ.

ХЛОРЕЛЛА

Хлорелла — бір клеткалы су балдыры. Оның клеткасын аса құнды органикалық қосындылардың нағыз фабрикасы деуге болады. Балдыр клеткасы өмірге қажетті қышқылдың бәрін дерлік, алуан түрлі витаминнің қосындысын, көптеген белок бөліп шығарады. Сондықтан да ғалымдар хлорелланы космонавтардың

болашақта планета аралық саяхат жасаған кездегі тағамының сарқылмас қоры болуы мүмкін деп есептейді.

Хлорелла — космосқа барып қайтқан тұңғыш тірі организмнің бірі. Әзірше осы таптырмас өсімдіктің құнды қасиеті жер бетінде пайдаланылып келеді. Өзбекстан Ғылым академиясы Ботаника институтының ғалымдары хлорелланы саяз тоспаларда өсірудің қарапайым әрі тиімді тәсілін ойлап тапты. Азды-көпті қоректендірілсе, Өзбекстан жағдайында хлорелла су айдынының бір гектарынан 30 тоннадай құрғақ немесе 160 тоннадай кептірілмеген сабақ береді.

Хлорелладан алынған органикалық заттар адамға, малға өте пайдалы. Шошқаның кәдімгі жемшөп рационына тәулік сайын хлорелладан жасалған сүспензидің не бары 2 литрі қосылса, оның салмағы 30 процент артады екен. Ташкент облысының мал бордақылау базаларының бірінде жүргізілген тәжірибе, мінс, осыны көрсетті.

ЖАСАМЫС СӘУЛЕ

Күз бен қыста малға әсіре күлгін (ультрафиолетовый) сәуле жетіспейді. Бұл мал өнімділігінің төмендеуіне, сүттің жұмыртқаның сапасы нашарлауына әкеліп соқтырады.

Совет Одағы Ғылым академиясы Биоптика институтының ғалымдары салалық ғылыми мекемелердің мамандарымен, конструкторларымен бірге малға сәуле түсіру нормасын белгіледі, эритемналы және күкіртті лампалары бар арнаулы қондырғылар, сәулелену мөлшерін өлшейтін аспаптар жасап шығарды. Бұлармен еліміздің түрлі аудандарындағы мал және құс фермаларында өндірістік тәжірибе жүргізілді. Тәжірибе: әсіре күлгін сәулемен сәулелендіру мекеннің жұмыртқалағыш қабілетін 13—18, процент, торай мен бұзаудың үстеме салмағын 15—16, сиыр сүтін 7—11 процент арттыратынын көрсетті.

Сәуле беретін қондырғылар электр қуатын аз жұмсайды. 30 ватты бір лампа 15—20 шаршы метр алаңды сәулелендіреді. Сондықтан да құрал-жабдықты сатып алуға және әсіре күлгін сәулелі аппараттарды пайдалануға жұмсалған шығын бір жылдың ішінде-ақ өтеледі. Москва облысының осындай қондырғылар орнатылған «Ржавки» құс совхозында 25 мың мекеннің әрқайсысы өткен жылы орта есеппен 184 жұмыртқа тапты. Оның үстіне 4 тоннадан астам балық майы, 250 килограмм витамин препараты үнемделді.

Партия активінің кітапханасына арналған жаңа кітаптар

*Москвадағы Орталық Саяси баспадан таяуда
мынадай кітаптар шықты:*

- В. И. Ленин** партияның идеологиялық жұмысы туралы. Жинақ. Партия активінің жазба кітапшасы.
- Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі.** Оқу құралы.
- Маркстік-лениндік философия.** Университеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.
- Социализмнің фактылар мен цифрлар арқылы көрінісі.** Анықтама.
- Бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күрестің программалық документтері.** Екінші рет басылуы.
- Маркстік-лениндік эстетика мәселелері.** 245 бет. Бағасы 95 тиын.
- В. Афанасьев.** Философиялық білім негіздері. Көпшілікке арналған оқулық. Толықтырылып үшінші рет басылуы. 413 бет. Бағасы 54 тиын.
- Оқулық партия оқуы жүйесінде оқушыларға және маркстік философияны өздігінен үйренушілерге арналған.
- Бастауыш партия ұйымы секретарының сөздігі.** 295 бет. Бағасы 37 тиын.
- Е. И. Бугаев, Б. М. Лейбзон.** КПСС Уставы туралы әңгімелер. Толықтырылып, түзетіліп екінші рет басылуы. 237 бет. Бағасы 48 тиын.
- Кітап бастауыш партия ұйымының секретарьларына, партбюро мүшелеріне, жас коммунистерге және партия қатарына өтемін деп талаптанушыларға арналған.
- Лев Кассиль.** Мәдениетті адам туралы әңгіме. Екінші рет басылуы.
- Партиялық-ұйымдастыру жұмысы. Сұрақтар мен жауаптар.** 80 бет. Бағасы 6 тиын.
- Кітапшада партиялық-ұйымдастыру жұмысының тәжірибесінде кездесетін бірсыпыра сұраққа жауап беріледі.
- Н. Шимин.** Семья, неке, тұрмыс. «Философиялық тұрғыдан методикалық кеңес» деген сериядан. 46 бет. Бағасы 5 тиын.
- Автор өзінің оқытушылық және насихатшылық тәжірибесіне сүйене отырып, тарихи материализмнің бұл ең бір күрделі тақырыбын өте қызықты етіп жазып шыққан. Кітапша партия оқуы жүйесінде осы тақырыпта сабақ өткізуші насихатшыларға үлкен көмек болады.
- Дінге сенушілерге жауап.** (Көпшілікке арналған анықтама). Түзетіліп екінші рет басылуы. 384 бет. Бағасы 36 тиын.
- Атеист сөздігі.** 272 бет. Бағасы 58 тиын.
- Өнеркәсіп орындарының экономикасы.** Оқулық. Толықтырылып үшінші рет басылуы. 496 бет. Бағасы 1 сом.
- Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикасы.** Оқу құралы. Толықтырылып үшінші рет басылуы. 528 бет. Бағасы 87 тиын.
- 1965 жылдың тарихи-революциялық анықтама-календары.** 416 бет. Бағасы 73 тиын.
- Екі системаның жарысы.** Анықтама, 256 бет. Бағасы 43 тиын.